Таким образом, даже скудные сведения В. П. Лаврентьева и И. Аничкова дают представление об обширности территории Таразской агломерации, которая возникла на удобной для земледелия территории – конусах выноса реки Талас при выходе их ущелья Чон Какпа и между сопками Тектурмас и Бурыл. В районе города Тараз р. Талас, огибая сопки Тектурмас, изменяет свое направление на 90° и течет на северо-восток. Здесь, на резком повороте русла реки Талас, образуется конус выноса, то есть дельтовое разветвление русла. Сохранившиеся до нашего времени каналы Туйте, Копал, Сенкибай, Аккойлы, Карасу и упоминаемые В. П. Лаврентьевым арыки Канглы, Теляу, Уч-булак, Сарымбет, Донай, Утамыш и Турыгельды, скорее всего, прорыты по древним руслам протоков р. Талас. Об этом свидетельствует сообщение ал-Макдиси: «Тараз – большой укрепленный город, с множеством садов, густо заселенный, у него ров, четверо ворот и населенный рабат. У ворот медины большая река, за ней часть города, через нее есть проход» [2, с. 81]. Сейчас река Талас протекает намного восточнее городских развалин, а к территории городища примыкают указанные каналы. Информация ал-Мадиси – «большая река у стен Тараз, делящая город на две части» – говорит о том, что река Талас в то время протекала западнее от сегодняшнего русла, непосредственно у стен города. Восточнее современного русла реки Талас нет культурных слоев. Судя по плану Аулие-Аты, приведенному В. Каллауром, река Талас до середины XIX в. протекала непосредственно у городских стен, причем ее протоки прорезали территорию города (рис. 12) [27].

В раскопе проф. М. Е. Елеуова (2014 г.) (северо-восточный угол городища) в культурном слое на глубине около 5 м зафиксирован мощный селевой нанос из валунно-галечникового слоя. Этот наносной слой свидетельствует о наводнениях, в результате которых один из протоков реки прошел по территории города. Расположение более десятка каналов, имеющих не прямые, как у искусственных арыков направления, а текущих извилисто, позволяет предположить, что они проложены по протокам конуса выноса.

Любопытны названия арыков: «Капал», «Сенкибай», «Туйте», свидетельствующие о занятии земледелием именно казахского населения Тараза. Известно, что название арыка Канлы, например, соответствует казахскому роду канлы, арык Аккойлы – название подрода рода Сикым, арык Утемис – подрода рода Жаныс. Это как-то противоречит историческим данным о сартовском населении Аулие-Аты после кокандского завоевания края. Объяснением может служить то, что эти арычные системы существовали задолго до кокандского завоевания. Обилие каналов на территории города объясняется тем, что конусы выноса рек, как правило, были удобны для земледелия. Низкий западный берег реки Талас удобен для вывода каналов из реки. Причем конус выноса имеет несколько старых русел, которые также удобно использовать для арычной системы. Немаловажное значение имеет и то, что в конусе выноса реки подземные воды располагаются близко к поверхности.

Следует отметить, что большинство крупных городищ Шуйской долины расположены вдоль протоков и небольших рек, впадающих в реку Шу, например, Актобе Степнинское, Бурана, Красная речка. Большие реки из-за частых наводнений и многоводности не позволяют сооружать ирригационные сооружения, однако в случае с Таразом его строители искусно использовали конус выноса р. Талас, где основное русло ослаблялось, распадаясь на несколько протоков, удобных для сооружения ирригационных сооружений по древним руслам.

Таким образом, топография Тараза в караханидское время сложилась на конусе выноса р. Талас. В отличие от городов Отрарского оазиса, Таразский представлял собой обширную территорию, ограниченную длинными стенами коруков, внутри которых были расположены десятки торткулей, бугров, представляющих собой остатки усадеб. Вся эта территория была пронизана каналами. В центральной части города, вскрытого нашими раскопками, располагался базар, имевший квартальную застройку, площадью не менее 20 000 кв. м. То есть, территория, отмеченная А. Н. Бернштамом и Т. Н. Сениговой как шахристан, в караханидское время являлась местом обширного торгового комплекса.

Городская агломерация Тараза сохранялась и после монгольского завоевания. Письменные источники отмечают на месте Тараза четыре города, расположенных друг от друга на расстоянии 1 фарсах (5,5 км) – Янги, Янги-Балык, Кенджак, Тараз [2, с. 91]. В XVII в. Тараз упоминается Махмудом ибн Вали: «Сто шестьдесят лет назад он был весьма богатым и благоустроенным [городом]. В настоящее время, по причине частых проходов через него казахского и киргизского войск, область эта пришла в расстройство, вернее, стала похожа на мираж. В прошлом товар его составляли золото, серебро, рабы, невольницы-турчанки, холст и лошади» [18, с. 59]. На его существование в качестве земледельческого поселения казахов у святыни Аулие-Ата еще до кокандского завоевания указывают названия арыков.

Подведем итоги. Проведенные нами археологические исследования показали, что большая часть современного Тараза ранее являлась территорией города караханидского времени. Современный город с его, хотя и половинчатой, радиально-кольцевой структурой, скорее всего, повторяет городскую структуру средневекового периода. Это обстоятельство, наряду с наличием в Таразе городских каналов, является уникальной особенностью архитектурно-планировочного облика древней столицы Караханидов.

Список литературы

1. Ошанов О. Ж. Тараз – жемчужина Шёлкового пути (Краткая история города Тараз: от Гуннской Орды до Республики Казахстан). – Алматы, 2014.
2. Волин С. Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ АН КазССР, Т. 8.
3. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – Алматы, 2005.
4. Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алматы, 1979.
5. Маргулан А. Х. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Сочинения. Т. II. – Алматы, 2001.
6. Маргулан А. Х. Джебказган – древний и средневековый металлургический центр. Сочинения. Т. II. – Алматы, 2001.
7. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992.
8. Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В. Кент – город бронзового века в центре казахских степей // Материалы и исследования по культурному наследию. – Астана, 2017.
9. Мершиев М. С. Поселение Кызыл-Кайнар-тобе I–IV вв. и захоронение в нем воина IV–V вв. н. э. // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 70–92.
10. Торежанова Н. Ж., Торгоев А. И., Кулиш А. В. Исследования замка Бака-тобе в округе Тараза в 2015–2017 гг. // Материалы международной научно-методической конференции «X Оразбаевские чтения». – Алматы 2018. – С. 216–220.
11. Ақымбек Е. Ш., Талеев Д. Ә., Шагирбаев М. С. Теріс-Аса алқаптарындағы қаңлы және түркі дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы // Отан тарихы. 2023. № 26 (1). – Б. 174–189.
12. Смагулов Е. А. К вопросу о возрасте города Туркестан // Поволжская археология. № 2 (28). 2019. – С. 17–29.
13. Шишкин К. В. Камеральное обследование городища Актобе с помощью аэрометода // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. – С. 11–129.
14. Шалекенов У. Х. О локализации города Баласагуна // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1991. № 2. – С. 19–29.

15. План разведки медьсодержащих руд Шатырколь-Жайсанской площади. – Усть-Каменогорск, 2021.
16. Жамбылская область. Золото. Справочник. Тараз–Бишкек, 2016. – С. 36–38.
17. Бартольд В. В. Сочинения, Т. IV. – М. 1966.
18. Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных. (география). – Ташкент, 1977.
19. Хмельницкий С.Г. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI–XIII вв. Ч. II, Берлин–Рига, 1997.
20. Хансен В. Великий шёлковый путь. – М., 2014.
21. Докашева Е. С. Великий шелковый путь. Полная история. – М., 2020.
22. Байпаков К. М. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). – Алматы, 2007.
23. Бартольд В. В. Сочинения. Т. 1. – М. 1963. – С. 270.
24. Лаврентьев В. Краткий перечень бугров (курганов), находящихся в черте г. Аулие-Ата // Протоколы заседаний и сообщений членов ТКЛА. Историко-культурные памятники Казахстана. – Алматы, 2011. – С. 223–227.
25. Аничков И. Археологическая поездка в селение Биш-агач Аулиеатинского уезда // Записки ТКЛА от 28 октября 1896 г.
26. Шкода В. Г. Каменная колонна из Беш-агача // Эрмитажные чтения 1986–1994 годов. – СПб., 1995. – С. 183–187.
27. Каллаур В. К истории города Аулие-Ата // Протоколы заседаний и сообщения членов ТКЛА (11 декабря 1902 года–11 декабря 1903 года). – С. 268–274.

X–XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАРАЗ ОЙШЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІ ҚАЖЫ

ЮНЕСКО қолдауымен екі мың жылдық тарихы бар Тараз қаласының мерейтойына орай бірлесіп, қолға алып, 2002 жылы жазған «Көне Тараз» ғылыми мақалалар жинағына ғұлама ғалым Мекемтас Мырзахметұлының алғы сөзінде «Тарих бетінде тербетіліп қалыптасқан Тұран өлкесіндегі Тараз қаласы да әлемдегі ұлы қалалар тағдырымен тағдырлас, өзіндік қайталанбас ғұмырды бастан кешіп келеді. Бірде гүл жайнап толықсыған әсем ару қала көркімен де, тарихи тағдырымен де әлемге танымал болса, бірде жермен жексен болып, естіген, көрген пенделердің жағасын ұстатып жатты. Көне Тараз бәрібір өз тағдырының тарихи ізін әлем тарихының беттерінде қалдырды. Араб, парсы, қытай, грек және еуропалық тілдердегі азды-көпті аса құнды дерек-мағлұматтар осының айғағы» деп атап көрсетуі арқылы киелі Тараз қаласының мәні мен маңызын барынша айқындайды (1).

Себебі Тараз өңірінің ежелден еліміздің, аймақтың және әлемдік тарихтан алатын орны әрдайым қомақты болған. Ежелгі Тараз ортағасырлық қалалар мәдениетіне бастау болған, қазақ топырағында алғашқы мұсылман медреселері мен мешіттердің пайда болуына, Ұлы Ұлыстың (Алтын Орда) құрылуына мұрындық болған, 1269 жылы Талас құрылтайы өткен, қазақ хандығы ту тіккен, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысының шешуші жеңісін қамтамасыз еткен және тағы да басқа көптеген тарихи оқиғалар мен руханияттың қайнар көзі болғанын айтсақ та жеткілікті сияқты.

Міне, осындай қасиетті қаламыздың тарихы мен мәдениеті туралы нақты деректер негізінде қалам тартып шығармалар жазған ғұлама мен ойшылдар қай кезеңде де болмасын жеткілікті болған. Осындай тұлғалардың бірегейі, көрнекті қоғам және дін саласының қайраткері, академик Әбсаттар қажы Дербісәлінің орны ерекше. Бүкіл ғұмырын білім мен ғылымға арнаған ғалым - көптеген шетелдік кітапханаларды аралап, ол жақтан сирек кездесетін қолжазбаларды тауып, ғылыми ортаға енгізген зиялы тұлға. Артында қалдырған өлшеусіз бай мұралары – 40-тан астам кітаптар мен монографиялар, 800-ден астам мақалалар, оның 500-ден астамы араб, парсы, түрік, урду, хинди, қытай, жапон, кәріс тілдеріндегі деректер негізінде жазылған. Бірқатар шетелдік университеттерде, халықаралық конференцияларда жасаған баяндамаларында Тараз қаласы мен осы өңірден шыққан тұлғалар туралы жаңа, тың деректерді көтеріп отырды.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған халықаралық конференцияда Тараз қаласының тарихы мен тағылымы және осы өңірден шыққан ғұлама-ойшылдар жөнінде жаңа деректер негізінде орынды пайымдар жасайды деп сенемін.

Өмірінің соңғы жылдарында жүрегіне ота жасатқанына қарамастан, көп күш-қайратын жұмсап даярлаған үш кітабын Әбсаттар Бағысбайұлы өмірден озғаннан кейін жұбайы, еңбек ардагері, Қазақстан Республикасы дипломатия қызметінің еңбек сіңірген қызметкері Рафия Бәкірқызының табанды әрі қажырлы еңбегінің арқасында 2022 жылы баспадан шыққан болатын. Сол кітаптардың бірі «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және Таразилер (X–XX ғ.)» атты 273 беттен тұратын монография осы өңірден шыққан ғұлама ойшылдардың 10 ғасырлық өмірі мен қызметінің тарихын қамтумен қатар, өзінің 40 жылдан астам бергі осы салада жазған танымдық, ғылыми еңбектерінің қорытындысы деуге де болады.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына қарай жалғастырған деректерінің негізінде 1995 жылы жарық көрген «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегінде қазақ жұрты мен ғылымына бұрын белгісіз болып келген 10 Фараби, 7 Түркістан, бас-аяғы 44 ойшыл, арасында алғашқы рет 3 тараздық туралы жазған еді. 2009 жылғы «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздық діні» атты монографиясында X–XVIII ғасырлар аралығында өмір сүрген 260 ғұламаны жаңа деректер негізінде, оның ішінде 60-қа жуығы Тараз өңірінен шыққан ойшылдардың өмірі мен шығармаларын ашып көрсетеді.

Ал, 2022 жылы жарық көрген «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразилер (X–XX ғ.)» монографиясында 70-ке жуық Тараздан шыққан ойшылдардың өмірі мен шығармашылығы барынша зерделенген. Монографияның мазмұны жағынан ең көлемді 2-тарауы «Ғибадулла ат-Тарази (1272–1333) және рухани мұрасына» арналған. Бір баяндамада Тараздан шыққан жетпіс ғұлама туралы жан-жақты баяндау, қамту мүмкін емес. Сондықтан, біз, солардың ішінен бірнеше тұлғаға тоқталуды жөн санадық.

Ғибадулла ат-Тарази өз заманының көрнекті ғұлама-ойшылы әрі ислам ілімін танытқан қайраткер туралы Әбсаттар қажыға 2002 жылы Египетке халықаралық конференцияға келгенде XX ғасырдың бас кезінде Ауғанстан, кейін Пәкістан, одан кейін Мысыр еліне қоныс аударған, соңынан бірқатар құнды кітаптар қалдырған Мубашшархан Таразидың ұлы, Каир университетінің профессоры Насруллаһ ат-Тарази айтқан екен. Содан бастап Әбсаттар қажы Имам Ғибадулла туралы деректерді Каир, Дамаскі, сондай-ақ Ыстамбұл кітапханаларынан қолжазба қоймалары мен мұрағат қорларынан іздеп таба бастаған.

Академик Әбсаттар Дербісәлінің көрсетуінше Имам Ғибадулла 1227 жылы Таразда дүниеге келіп, туған қаласында білім алып, білімін тереңдету мақсатында есейген шағында баласы Бадр ад-Динді ертіп, алдымен, Дамаскіге, одан кейін Египетке кетіп, Каирдегі сұлтан әз-Захир Бейбарыс медресесінде мударис (оқытушы) болып қызмет атқарған. Тараз, оның төңірегінде Атлах, Шелжі, Жікіл және тағы басқа қалалардан қабілетті, көкірегі ояу көптеген азаматтар білім, ғылым іздеп Самарқан, Бұхара, Хамаран, Исфahan, Иезд, Шираз, Бағдад, Дамаск, Каир мен Александрияға

дейін барған. Әбсаттар қажы ұзақ жылдар бойы сондай Тараз өңірінен шыққан даналарының өмірі мен шығармаларын тауып, оларды қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді. Оның артында қалдырған бай мұрасы бүгінде мұсылман әлемінің 50 пайызына жуығы кіретін Әбу Ханифа мазһабының мазмұны мен маңызына, өзге үш мазһабтан оның ерекшеліктерін негіздеуге арналған.

Ханафи мазһабын берік ұстаған Һибатулла ат-Тарази ислам дінінің мәні мен мағынасын әрі тарихын терең білу үшін, ең алдымен, терең білім қажет екендігін ескерген. Сондықтан Имам исламда басты ғылым ретінде ақиданы, ал білімгер ұстазы ретінде Әбу Жағбар Ахмед ибн Мұхаммед ат-Таһауиді таңдады. Әбсаттар қажы «Ақидат ат-Таһауиге» түсіндірме берген Һибатулла ат-Таразиден басқа тоғыз мұсылман хұқығының жетік білгірлерінің тізімдерін көрсетіп, олардың екеуінің Исфиджабтан (қазіргі Сайрам) екендігін атап көрсетеді. Бұл дегеніміз жерлестеріміздің сол кездің өзінде ислам тарихын, дінінің, сүннеттің және Пайғамбар (с. ғ. с.) хадистерінің аражіктерін жетік меңгергендігін көрсетеді.

«Ақидат ат-Таһауи» түсіндірмесінде Имам негізінен «Құдайдың жалғыздығы (таухид), Алланың сипаттары, жазмыш, өлімнен кейінгі өмір, Ақырет күні, Пайғамбар (с. ғ. с.), сахабалары айтылған риуаяттар туралы және дін негіздерін, нені білу керек, неге сеніп, нені атқару қажеттілігі» туралы айтылады (2).

Һибатулла ат-Тарази өзіне дейінгі діни еңбектерге түсініктемелер беруден басқа, өзі жазған «Табсирай әл-асар фи шарх әл-Манар» (әл-Манар шығармасын түсіндіру кезіндегі құпияларды ашу), «Китаб әл-Ғурар» (Таңдамалы өлеңдер кітабы), «Китап әл-Иршад» (Басшылық кітабы) және «Китаб әл-Мисал» (Мысалдар кітабы) атты еңбектері бар (3).

Һибатулла ат-Таразидың түсіндірмелері мен еңбектері нағыз ислам ақидасының қандай болу керектігін көрсететін эталонға айналды. Имамның артында қалдырған бай мұрасынан тек қазақ жұртшылығы ғана емес, бүкіл Әбу ханафиялық мазһабындағы мұсылман қауымы, олардың бүгінгі және келешек ұрпақтары маңызды әрі көкейкесті мәселелерге әрдайым жауап таба алады. Әбсаттар қажы атап көрсеткендей, Һибатулла ат-Тарази және оның шәкірттері құрастырған араб, түркі және парсы сөздерінің сөздігі кезінде шығыс мұсылмандарының ғылымы мен мәдениетінің дамуына ерекше ықпал еткен.

Академик Әбсаттар Дербісәлі кезінде Тараз қаласының тарихы, рухани өмірі мен архитектурасына қайталанбас өзіндік нышан берген Бас мешітке «Һибатулла ат-Тарази» атын беруге де үлкен ықпал еткендігін баса айтуымыз қажет. Осындай игі іс арқылы Таразда туып-өскен XIII–XIV ғасыр перзентінің ілімі мен рухани мұрасы терең зерделеніп, кеңінен танылып және ең бастысы, ғұламаның есімі туған жеріне оралуына мүмкіндік беріліп, жол ашты. Бас мешіттің ислам әлемінде өзіндік орны бар «Һибатулла ат-Тарази» атымен аталуы – Тараз қаласының ежелден ғылым мен білімнің, жалпы руханияттың орталығы болғандығының басты дәлелі.

Тараз топырағында дүниеге келіп, шетелде ғұмыр кешіп, өздерінің бай рухани мұрасын қалдырған (алдағы уақытта, сөз жоқ, әлі де жаңа есімдер шығатын болады) соңғы перзенттерінің бірі – ХХ ғасырдың басында Кеңес үкіметі тарабынан зорлық-зомбылыққа ұшырап, Ауғанстан, кейін Пәкістан, соңында Мысыр елі Каирге қоныс аударған Мубашшархан Тарази мен оның ұлы Насруллаһ Тарази (1922–2022). Насруллах Тарази Каирдегі «Дар әл-кутуб әл-Мысрайа» кітапханасының қолжазба қорынан араб, парсы, түрік-шағатай тілдеріндегі жазбалардың білгірі, каталогшысы атанған.

Насруллаһ Тарази 1922 жылы Таразда дүниеге келген. Сегіз жасында әкесімен бірге Ауғанстанға кетіп, орта мектепті сонда тамамдап, кейін Кабул университетінің парсы тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген. 2002 жылы Насруллаһ Таразиден кездескен сәті туралы Әбсаттар қажы былай деп еске алады: «Таразды, Таразымды сағындым. Жастық шағым өткен Тараз бен оның махаллалары қазірге дейін көз алдымда. Әкем де Таразды бір көруді армандап өтті» деген Насруллаһ атамыздың көзіне жас үйіріліп, босап тұр екен. Бәріміз үнсіз қалдық» (2). Тараздан Кеңес үкіметі қыспағынан кәмпеске, аштық пен саяси қуғын-сүргінге ұшырап, шетелге ауған мыңдаған азаматтарымыздың туған жерге, соның ішінде Таразға деген сағынышын көреміз. Бұл, әрине, ата-бабаларымыз үшін жасалынған қиянат екенін білуіміз керек және осы жасалынған зұлымдықты ешқашан ұмытпауымыз үшін қажет.

Насрулла ат-Тарази жетекшілігімен шығыс әдебиеті бойынша жиырма үш мың қолжазбалар мен басылымдар тізімдері сарапталып, 15 том болып шығарылды. Имам 30 жылдан астам уақытын арнады (1964–1998 жж). Жинақталған каталогтардың соңғысы «Дару-л кутуб әл-Мысрияда» сақталған. XV–XX ғасыр аралығын қамтитын, осман-түрік тілінде жазылған кітаптар каталогі, жалпы Насруллаһ ат-Тарази араб, парсы, түрік тілдерінде 10-ға жуық ғылыми зерттеулер жазған. Бұл еңбектерден білетініміз, Насруллаһ ат-Тарази түркі халқын ешқашан бөлмегенін, түркі жұртын біріктіруші ретінде танитындығын көруге болады.

«Түркістан – өткені мен бүгіні» атты еңбегінде түркі халықтарының діні, арабтардың ислами жорығы және Түркістанда ислам дінінің таралуы баяндалады. Тұран өлкесінде құрылған Саман, Хақан, Ғазнауи, Селжұк, түркі-моғол (Моғолстан), Ақсақ Темір және Алтын Орда мемлекеттері туралы, одан кейін бұл мемлекеттердің, әсіресе, түркі халқынан әлсіреуі, оның себептері жеке-жеке айтылады.

Насруллаһ ат-Таразидың туған жері қазақ еліне деген сүйіспеншілігін осы кітапта былай деп береді: «Ислам дінін қабылдаған қазақтар - кіндік Азиядағы (Түркістандағы) ең бірінші үлкен топ. Олар көшпелі өмір салтын басынан кешірген, жауапкершілігімен, ержүрек батырлығымен, отанын жанындай сүйетіндігімен, бостандыққа құштарлығымен ерекше көзге түскен халық. Ертедегі араб тарихшылары мен жиһанкездері қазақтардың тамаша қасиеттерін – жүрек-жұтқан батырлығын, ант пен сертке мейлінше

адалдығын, дастарқаны мол меймандостығын, қолы ашық жомарттығын жоғары бағалаған...» (4).

Насруллаһ ат-Таразидың туған қаласы Таразға деген сағынышы, бір барып көрсем деген арманы Өзбекстанда Әмір Темірдің 660 жылдық мерейтойы аясында өткен халықаралық конференцияға келуі кезінде сәті түсіп, 66 жылдан кейін, яғни 1997 жылы жүзеге асты.

Әбсаттар қажы бұл жөнінде «Білетіндер Насруллаһ ағамыздың Тараз топырағына аяғы тиген кезде, ежелгі шаһардың үлкен қақпасы маңында көліктен түсіп, топырақты сүйіп, еңкілдеп жылады. Алла тағалаға туған қаласын көруді нәсіп еткені үшін ризашылық білдіргенін айтады. Бұны көргендер Жаратушы иемізден ешкімді де туған жері, атамекені, отанынан айырмасын деп, көздеріне жас алыпты. Ол кісіден атамекенді көрген кездегі сезімі жайлы сұрағанда «Мен ол сәтте ерекше сезімде болдым. Оны сөзбен жеткізе алмаймын» деген екен (2).

Ұлы ғұламалардың ұрпақтар сабақтастығы деп, мына бір жайтты айтуға болады. 2011 жылы қараша айында Қазақстанда өткен «Жауһар жәдігерлер - 2011» атты көрме және оның негізінде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференцияға Насруллаһ ат-Таразидың немересі Мұбарак ат-Тарази де келіп, еліміздің орталық мемлекеттік мұрағатына бірнеше маңызды кітаптар сыйға тартты.

Академик Әбсаттар қажы Дербісәлі Тараздың тарихы мен осы шаһардан шыққан ғұлама-ойшылдары туралы жазған еңбектерінде Насруллаһ ат-Таразиды айтуды, оны еңбектерінде насихаттауды ешқашан ұмытқан емес.

Насруллаһ ат-Таразидың араб тілінде жазылған «Түркістан – кеше және бүгін» атты еңбегін 2012 жылы белгілі шығыстанушы, арабтанушы Ықтияр Палтөре Әбсаттар қажы Дербісәлінің алғы сөзімен Алматыда қазақ тілінде жарыққа шығарды.

Көне Тараз өңірінен шыққан ғұламалардың тек қазақ мәдениеті мен тарихына, шығыс және әлемдік өркениетке қосқан үлестерін зерттеуде академик Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлінің есімін ұлықтау бәріміздің ортақ парызымыз деп түсінемін. Сондықтан бүгінгі конференцияда қабылданатын қарарға Әбсаттар қажы Дербісәлінің атын Тараз қаласының бір көшесіне берілуі туралы ұсыныс орынды болады. Шындығында, бұл лайықты құрмет. Ұсынысты Жамбыл облысы мен Тараз қаласының зиялы қауымы, қала әкімдігі қолдайды деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзахметұлы М., Жемей И., Абдуалы А. Көне Тараз. -Алматы, 2002.
2. Дербісәлі Ә. Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразилер (X–XX ғ.). – Алматы: Қазақ кітабы, 2022.
3. История Казахстана в арабских источниках. Том III: извлечение из сочинений XII–XVI веков. Составление перевод с арабского языка, введение, комментарии А. К. Муминова. Составление указатели У. А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
4. Насрулла Мубашшар ат-Тарази. Түркістан түркілері тарихынан//Егеменді Қазақстан, 27-қыркүйек, 1995.

Ортағасырлық Тараз қолөнерінің тарихы

Сейткулова Жанна Мамбетовна

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті
«Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми зерттеу
орталығының директоры

Қазақстанның Оңтүстік аймағында ортағасырлық кезеңдерде мәдениет пен ірі сауда орталығына айналған қалалардың негізгі негізгі кәсібі қолөнер мен сауда болды. Феодалдық қатынастардың дамуы селолық қауымдардың натуралдық шаруашылығын біртіндеп ыдырауына әкеліп, қалаларда қолөнер түрлерінің жандануына әсер етті. Тоғыз жолдың торабында, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық Тараз қаласының мәдениеті, қолөнерінің тарихы әлем жұртшылығын ілкім заманнан-ақ мойындатқаны белгілі.

Ортағасырлық Тараз қаласының қолөнері жан-жақты түрлі маманданған бағыттарда өркендеді. Таразда қолөнердің түрлі салалары – *керамика және шыны жасау, зергерлік, ұсталық, ағашқа, сүйекке, тасқа түрлі ою-өрнек қашау, тоқымашылық, тері өңдеушілік* дамыды.

Әсіресе, X–XII ғасырларда Қараханидтер дәуірінде Тараз қаласы экономикасының шарықтай түсуіне, қолөнершілердің де үлесі зор болды.

Ортағасырлық Тараз Ұлы Жібек жолындағы керамика бұйымдарын жасайтын қолөнершілердің ірі орталықтарының бірі болды. Таразда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары ортағасырдағы керамикалық заттардың сабақтастық стилін көрсететін тамаша үлгілерін тапты. Өз кезеңінде 1938–39 жылдары А. Н. Бернштамның, 1940 жылдары Г. И. Пацевичтің, 1958–1965 жылдары Е. И. Агеева және Т. Н. Сениговалардың, 1990 жылдардың екінші жартысында К. М. Байпақов пен К. Байбосыновтардың, 2005–2006, 2011 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қала халқының күнделікті тұрмыстық керамикалық өнімдерімен қоса, әр түрлі елдерден көпестер әкелген қыш ыдыстар соның айғағы. Орта ғасырлық саяхатшылар Таразға қысқа сипаттама беріп, оны «көпестер мен қолөнершілер қаласы» деп атауы кездейсоқ емес.

Жергілікті халық Таразда керамикалық өнердің өзіндік стилін дамытты. Ортағасырлық Тараздың керамикасы көркемдік және техникалық жағынан жетілдірілуімен ерекшеленеді. Бұған қыш заттар түрлерінің көптігі, олардың глазурылер және басқа бояулардың жоғары сапасымен боялуы дәлел. X–XII ғасырларда Тараздың керамикасында глазурь жағу дамыды. Таразда қыш ыдыс жасау әдісінің 2 түрі болды. Біріншісі иленген саз балшықты қолдан илеп, жапсырып жасаса, екіншісі арнайы күзеші дөңгелегінде қалыптау әдісімен дайындалған. Бұйымдарды безендіруге әдемілік пен нәзік түс тән. Ою-өрнек салу үшін түрлі техникалық тәсілдер - штампылау, кесу, сығымдау пайдаланылды. Шеберлер қыш ыдыстарды жасауда өсімдік пен

геометриялық пішіндерді, зооморфтық және зооантропоморфтық тағы да басқа формаларда көркемдеп суреттеген.

Діни әдет-ғұрыптармен байланысты керамикалық заттар – шамдар, ошақтар мен қақпақтар ерекше қызығушылық тудырады. Шамдар – үш тірегі бар өзектегі тостағандар. Ошақтардың пішіні зооморфты тіршілік иелеріне ұқсайды. Қазандардың қақпақтары әсем безендірілген, тұтқалары құйылған, кейде құстың, қошқардың немесе адам бейнесінде болған. Олардың беттері ойылған және толқынды сызықтармен, зигзагтармен және гүлді өрнектермен безендірілген

X–XII ғасырларда сондай-ақ Орта Азия керамикасындағыдай бірегей құбылыс «Мұсылмандық ренессанс» кезеңінде қалыптасқан араб жазуы негізіндегі эпиграфикалық ою-өрнек керамика заттарында көп қолданылды [1, 14]. XI–XII ғасырлардың басында қала мәдениеті шарықтау шегіне жеткен кезде керамикалық орамдар пайда болып, керамика өндірісінің технологиясы жетілдірілді. Тараздағы археологиялық зерттеулер кезінде құмырашылар рабад аймағын мекендегендігі анықталды. Шеберханалардан құмырашылардың құрал-саймандары, ақауы бар кесектерді тастаған шұңқырлармен бірге табылды. Күйдіруге дайындалған жартылай фабрикаттардың табылуы да жиі болған. Бұл дәуірдегі көркем керамика дамыған ортағасырлық қоғамның өсіп келе жатқан талаптарына жауап берді. Ыдыстардың пішіндері, пропорциялары, бөлшектері өзгеріп, бүкіл ортағасырлық Орта Азия өнерінің басты белгілерінің бірі – сәндік күшейе түсті. Шеберлер жаңа сәндік элементтерді, композицияларды және түс схемаларын енгізді. Мервте, Самарқандта, Кувада, Шашта, Таразда, Отырарда бірнеше қыш мектептері пайда болды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеген дастархандар – гүл, геометриялық және зооморфтық ою-өрнектермен мөрленген, ойылған және қолданбалы ою-өрнектермен безендірілген балшықтан жасалған дөңгелек үстел табылды. Ең көп тараған керамика қара, қызыл және қоңыр түсті жылтыратылған бояуы бар мөлдір қорғасын глазуірінің астындағы ақ ангоб фонында болды [2, 336].

XII–XIII ғасырлардың басындағы глазуіріленген керамика бөлшектелген ою-өрнекпен ерекшеленеді. Ол кесіндінің бүкіл бетін алып жатыр, бірақ крест тәрізді фигуралар арқылы секторларға бөлінген. Бір-бірімен байланысқан үшбұрыштар мен шаршылардың композициялары да пайда болады.

Соныменен, ортағасырлық қыштан жасалған бұйымдар мәдени және хронологиялық маркер қызметін атқарады. Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениетінің материалдық және рухани даму деңгейін көрсететін бай ауқымды және көп қырлы археологиялық заттай түпдеректер болып табылады. Тараздың ортағасырлық шеберлері дайындаған керамикалық бұйымдар өзіндік ерекшелігімен тарихи маңызға ие болды.

Келесі ортағасырлық Таразда дамыған кәсіптің түрі шыны жасау болды.

X ғасырда Қазақстанның Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Батыс аймақтарында шыны бұйымдары жасала бастады. Ортағасырлық Тараз шеберлерінің арнайы шыны жасайтын шеберханалары болды. Олар шыныны бор мен кварц құмын жақсылап кептіріп, барлығын ұнтақтап жасау технологиясын дамытты. Шыны сапалы шығу үшін үнемі біркелкі ұсақтарын пайдаланған. Сөйтіп, шыны түтік тартары жоқ аласа пештерде арнаулы тигельдермен қыш – құмыраларда балқытылған. Шыны бұйымдарын шеберлер көбінесе үрлеу және қалыптарға құю тәсілімен жасап отырған.

1938–39 жылдары А. Н. Бернштамның басшылығымен болған археологиялық экспедиция мүшелері №3 қазба орнынан бұрынғы Көк базардың ортасынан 1 цилиндр және 2 шар тәріздес шыны моншақтар тапты. Бұл моншақтар сары түсті болды, олардың бетіне қоңыр – қызыл сызықтар жүргізілген еді. Сонымен қоса сол кезде ортағасырлық Тараз моншасының қалдық еденінен жасыл және ақ түсті 0,5 мм қалыңдықта әйнектер табылды. Басқа да көптеген шыны ыдыстардың қалдықтары табылып, А. Н. Бернштам бұл шыны қалдықтарының хронологиясын «сасанидтік дәуірге» жатқызды [3, 180]. 1940 жылы сол кездегі Жамбыл облысының өлкетану музейінің директоры Г. И. Пацевичтің басшылығымен жүргізілген археологиялық қазба жұмысында XIII-XV ғ.ғ. жатқызылатын әр түрлі түстегі көптеген шыны ыдыстарының қалдықтары мен шыны балқылатын пеш орны табылды [4, 79]. 1962 жылы Е. И. Агеева тағы да шыны қалдықтарын тастайтын үймемен, шыны дайындайтын қоспаларды тапты [5, 12]. Мұнда тұтас сынбаған ыдыстар аз, шыны қалдықтарынан – жасыл, сары, қызыл, ақ, көк, қоңыр және т.б. көптеген түстер табылды.

Е. И. Агеева жасаған археологиялық экспедиция кезінде табылған шыны ыдыстар коллекциясын пішіні бойынша мынадай топтарға бөлуге болады:

1. графин (30 дана, оның ішінде 2 тұтқасы бар)
2. бөтелкелер (2 дана)
3. стақандар (9 дана),
4. Трапеция тәрізді тостағандар (20 дана),
5. Тәрелкелер (31 дана)
6. Массивтік тостағандар (10 дана)
7. Тостағандар (2 дана)
8. Өте жұқа, мөлдір түсті пробиркалар (1 дана)
9. Түбі бар бұйымдар (3), және басқа пішіндер (14 элемент).

Табылған артефактілердің барлығын санағанда 154 дана болды. Олардың 31-і ақ, 37-і көк, 12-і сары, 3-і қызыл, 54-і жасыл түстер болып шықты. Тараздан табылған шыны ыдыстар топтамасы жинақы түрде табылған Қазақстандағы алғашқы археологиялық олжа деуге де болады. Қала шыны жасаушылары тек ыдыстар ғана емес, ақ, жасыл, қызғылт түсті әйнектер де жасап отырған. Басқа ортағасырлық шыны үрлеушілерден Тараз қаласының шыны үрлеушілерінің өзіндік ерекшелігі болды. Мұнда

шыны ыдыстарының үстіне шыны үрлеушілер түрліше спиральды өрнектер салды және басқалардай арабша игі тілектер жазуда кең етек алды.

Ежелгі Тараздан шыққан шыны ыдыстар функционалдық мақсаты бойынша бес топқа бөлінеді: тұрмыстық, санитарлық, парфюмериялық, химиялық және терезе әйнектері. Бұйымдардың бұл түрлері ерте орта ғасырлардан бастау алатын Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-саттық кезеңінде Орталық Азия мен Таяу Шығыс аймағында кеңінен тарады. Шыны өндірісінің ежелгі және ортағасырлық орталықтары Жерорта теңізінің жағалауларынан Батыс Азия, Қара теңіз аймағы, Кавказ және Орталық Азия арқылы Үндістан мен Қытайға дейін созылды. Жоғарыда аталған ғалымдардың және 2015–2017 жылдары Тараз қаласының көне орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ортағасырлық шыны ыдыстар мен сынықтар қазіргі таңда «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-музейінің қорында сақтаулы. Зерттеу деректері Таразда ІХ–ХІ ғасырлар аралығында шыны өндірісінің өркендегенін көрсетеді.

ХІ-ХІІІ ғасырларда металдан ортағасырлық Таразда әсіресе қоладан көптеген бұйымдар жасалды. Солардың ішінде қоладан құйылған Тараз шырақтары мен шырақтарға арналған тұғырлардың орны ерекше. Бұлардың көпшілігі қайталанбас өнердің шынайы туындылары еді. Шырақтар алуан түрлері формада болды. Олар аспалы және тұғырлы болып екіге бөлінді. Шырақтардың ең қарапайым формасы шығыңқы ұзын тұмсықты, ұстайтын тұтқасы бар резервуалар еді. Сонымен бірге бірнеше шүмекшесі бар шырақтарда болды. Кейбір шырақтардың төрт аяқтары болды. Олар кейде зооморфтық стильде жасалып, жыртқыштың немесе тұяқты малдың аяғына ұқсастырылды. Шырақтардың жоғарғы жағында аспалы ілгектегі қақпақшасы болды. Қақпашалар әдетте композициясы күрделі мол ойық өрнекпен әшекейленді. Шырақтардың көбілерінің астында тұғырлары болды. Олар өте көркемдік талғаммен жасалынды. 1968 жылы Т. Сенигованың басшылығымен жасалған қазба жұмысында көптеген қоладан құйылған шырақтар табылды. Ерекше кездесе берілмейтіні қола құмған көк бөрінің басын сомдаған. Шебер бұл су құйғышты алмұрт тәріздес етіп, қысқа мойынға қасқыр басын орналастырған. Көзін шебер қызыл мыстан құйып, жан-жағын шеңберлеп кірпікшелер ойып, оның сары қоладан құйған [6, 165]. Бұл әйгілі артефакті бүгінде Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінде. Қоладан және темірден ұсталар ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандар жасады. Олар ағаш соқаның түрінен, орақ, кетпен, ат тағаларын құйды. Темірден сонымен қатар қару-жарақтарды садақ ұштарын, пышақ, қанжар т.б. жасады.

Ортағасырлық Тараз қаласында зергерлік кәсіпте жоғары дәрежеде дамыды. Тараз қаласының зергерлері – өз заманындағы техникалық тәсілдердің бәрін – әсемдеу, құйма, нақыштау, бедерлеу, өру, оюлау, алтын жалатуларын жақсы білді. ІХ–ХІ ғасырларда Тараз қаласының оңтүстік шығысында Шельджі қаласынан күміс кенінің табылуы қала

экономикасының өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Тараз қаласының зергерлері күмістен түрлі әшекей туындыларын жасап сату ісін дамытты. X–XIII ғасырларда жасалып, табылған зергерлік заттар бүгінде музей экспонаттары.

Қоғамдық тұтынушы сұраныстарын жасауда шеберлер сүйек пен мүйізді де көбірек пайдаланды. Сүйектен түрлі бой тұмарлар, пышақ саптары, түйреуіштер мен түймелер жасады.

Хушваков Наби Олимович

Доцент Государственного Педагогического института

Доктор исторических наук

Олимов Улугбек Наби угли

Старший научный сотрудник Государственного

музей-заповедника «Шахрисабз»

АНТИЧНЫЕ ТЕАТРАЛЬНЫЙ МАСКА ИЗ НАХШАБА

Аннотация. В статье описывается актёрская маска, найденная в Шуллиуктепе, что позволяет проследить возникновение и развитие театра в Согдиане и Бактрии. Археологические данные свидетельствуют о том, что театр появился в I–III веках до н. э, и что зороастрийские ритуалы и праздники сыграли важную роль в его развитии.

Ключевые слова. Шуллиуктепа, Еркурган, Нахшаб, Навруз, керамическая плакетка, Маска, актёр, драматик, Медуза Горгона, Шахри-Гуль, Деметра, Дионис.

ANCIENT THEATRICAL MASKS FROM NAKHSHAB

Abstract. The article describes an actor's mask found in Shulluktepe, which allows us to trace the emergence and development of theatre in Sogdiana and Bactria. Archaeological evidence suggests that theatre emerged in the 1st–3rd centuries BC, and that Zoroastrian rituals and festivals played an important role in its development.

Keywords. Shulluktepe, Yerkurgon, Nakhshab, Navruz, ceramic plaque, Mask, Actor, playwright, Medusa Gorgon, Shahri-Gul, Demeter, Dionysus.

Средневековый памятник Шуллиуктепа интерпретируется историками как город Насаф и был перенесен из древнего памятника Еркурган в V–VI веках². В городе Насаф было много махаллей, массивов, улиц и в произведении Ас-Самьони “Ал-Ансоб” приводятся названия двух махаллей, одного массива и трёх улиц. Один из махаллей назывался Джуйбор, Боён (или Поён). Как написано в «Аль-Ансабе»: «Джуйбор – это район в Насафе»³. Ещё одна махалля города Насаф назывался «Боён» (Поён) и там находилась мечеть. Об этой махалле Ас-Самьони писал: «Аль-Боёни Боян (Поён) является одним из известных и знаменитых районов Насафа. В этом районе бывал Имам аль-Бухари. Я тоже часто бывал. Читал намаз в той мечети, где молился Имам аль-Бухари. Массив, где собирался народ, назывался «Джавбак».

В письменных источниках известны названия трёх улиц Насафа и название одного из них означает Соиг – Ювелир. Самьони приводит сведения о том, что это слово арабское и что на этой улице жили ювелиры. Об улице

² Сулаймонов Р.Х.: Нахшаб – унутилган тамаддун сирлари. – Т.: “Маънавият”, 2004.

³ Ас-Самьоний. Насабнома (ал-Ансоб). – “Бухоро”. Б-231.

Шаргияни он пишет, что в Бухаре есть кишлак под названием Шарг и люди, живущие на этой улице, переселились из этого кишлака. Значение слова “Джувик” в письменных источниках не встречается. В Насафе также было здание для ученых. Это здание называлось «Каллос». Ас-Самъони пишет в своем труде: «В Насафе есть известный дом для людей знания, он называется Аль-Каллос». По всей видимости, это здание является медресе. Согласно письменным источникам, Насаф являлся развитым городом раннего средневековья.

Очень редкая керамическая плитка (плакетка) из памятника Шуллиуктепа хранится в фонде государственного музея-заповедника «Шахрисабз» под инвентарным номером КП-1/89. Археологическая находка, на которой изображены маски театральных актеров, имеет значение не только для Согда, но и для истории и культуры Средней Азии и наглядно проливает свет на формирование и развитие театрального искусства в регионе.

Плитка очень тонкая и выполнена в виде квадратной пластины. На его поверхности печатным способом изображены 9 театральных масок в греко-римском стиле. Большинство масок имеют комический характер, а одна маска изображена как фигура трагического образа. Эта плакетка использовалась как апотропный и хитонический амулет, она, как Дионис и Деметра, имела божественное религиозное значение. Эта археологическая находка, найденная в районе Нахшеба, очень важна, она является ярким примером культурных связей на территории древней Согдианы и доказывает существование и развитие театрального искусства в эпоху античности.

Каждый из актёров в масках на верхней части плитки изображён отдельно. У актёра в маске широкий лоб, забранные за уши волосы спадают набок, небольшой нос, глаза смотрят прямо, губы сжаты, но на них заметна улыбка. Нижняя часть лица покрыта густой сплетённой бородой. Судя по всему, актёр в этой маске – старик, такие образы широко распространены в коропластике Боспора. Три актёра в масках в первом ряду расположены рядом друг с другом и изображены в сатирической форме. Вторая слева фигура изображена с боковой стороны, его волосы падают на лоб, глаза глубоко посажены, а зрачок круглый и находится в самом центре. Нос у него прямой и острый, кончик носа загнут вниз, подбородок округлый и слегка выступающий вперёд. Его длинные волосы спадают вниз, вышеуказанное изображение, возможно, принадлежит женщине. Изображение на следующей маске соединено с остальными и изображено с лицевой стороны. Многим известно, что маски с большими ртами впервые использовались в греческих амфитеатрах, где большие рты на масках выполняли роль рупора для того, чтобы в амфитеатрах под открытым небом голос актёра разносился далеко. В VI–IV веках до нашей эры такие маски изготавливались для актёров трагедий и комедий. Наклон уголков рта вниз означает печаль, а наклон уголков рта вверх – смешную комедию⁴. На плитке из Шуллиуктепа изображена маска

⁴ Кобылина М.М. Театр, актёры, музыкальные инструменты //Археология СССР. Античные государства Северного Причерноморья. – Москва, Наука, 1984 (С. 219-220).

именно с большим ртом. Однако в начале III века до н.э. изображение масок меняется. Такое изменение связано с «новыми комедиями» Менандра и III–I вв. до н.э. «большой рот» в масках исчезает, а изображение рта в натуральную величину становится традицией⁵.

8 образов на масках плитки из Шуллиуктепа изображены именно таким образом. Исходя из этого, III–I века до н.э. можно рассматривать как нижнюю границу для определения даты плитки, на которой изображены эти маски. Изображения, похожие на эти маски, встречаются в археологических памятниках Северного Причерноморья⁶.

Несмотря на то, что в результате завоевания Средней Азии арабами и распространения ислама оказывалось давление на многие храмы и на жрецов, они не смогли отменить, проводившиеся на улицах массово и демонстративно, древние традиции и первобытные празднества. Эти обычаи и традиции повсеместно проводились и в IX–XI веках. Например, праздник Навруз в массовой форме продолжился в виде подношения друг другу угощений и вручения различных подарков. В письменных источниках имеются сведения, что представления с масками проходили и во дворце багдадского халифа⁷.

Нам представляется, что близка к истине мысль о том, что плитка с изображением маски служила амулетом. Согласно идее об апотропее (древнегреческий термин – «апотропайона» – «изображение, отводящее порчу») в эпоху античности на амулетах страшные злые образы изображаются в виде карикатур, вызывающие у злых духов смех и оберегающие от сглаза. Например, изображение Медузы Горгоны со змеями вместо волос, является ярким свидетельством апотропии⁸. Этот образ изображался на античных украшениях, амулетах-масках, посуде, зданиях, щитах и монетах. По нашему мнению, именно с этой целью на маске-плакетке изображены эти образы и она использовалась как оберег для защиты от порчи.

⁵Денисова В.И. Корoplastика Боспора (по материалам Тиритаки, Мирмекия, Илурата и сельской усадьбы). Ленинград, изд-во Наука, Ленинградское отделение, 1981. С.172.

⁶ Русяева А.С. Античные терракоты Северо-Западного Причерноморья (VI–I вв. до н.э.). Киев. изд-во Наукова Думка, 1982. С.166.

Тәттігүл Ерсайынқызы Қартаева
Әл-Фараби атындағы ҚазақҰлттық университетінің профессоры,
Археология, этнология және музеология кафедрасы оқытушысы

Бағлан Орынбасар

Әл-Фараби атындағы ҚазақҰлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасы,
«Антропология және этнология» мамандығы докторанты

ӘУЛЕАТА ҚАЗАҚТАРЫ АЛҒАШҚЫ ФОТОДЕРЕКТЕРДЕ

Кіріспе

Тарихи кезеңдерде түсірілген кез-келген фотосуреттер сол дәуірдің болмысын дәлме-дәл бере алады және ол эпизод мәңгілікке сақталады. Уақыт керуені алға жылжыған сайын олардың тарихи-мәдени құндылығы арта түседі. Әсіресе қазіргі кезеңде жойылған, қолданыстан шыққан дәстүрлер, байырғы тіршілік қарекеттерін, атап айтқанда мерзімдік қоныстарға көшу, керуен жолдарында кіре тарту сияқты халықтың тарихи этнографиясынан бейнелейтін факторларды осы фотодеректерден табамыз. Қазақ халқының иллюстративті тарихында фотоқұжаттар маңызды орын алатыны сөзсіз. Мұрағат және музей қорларында, сирек кездесетін кітаптар мен басылымдар беттерінде фотосуреттер көрнекі түрде маңызды ақпаратты қамтиды. Олардың кейбір нұсқалары өткенің қайтарымыз жойылып кеткен аспектілерін ашу және тарихи жазба деректерде көрсетілмеген жайттарды анықтау мақсатында өте құнды болып табылады.

Түркістан альбомындағы деректер

XIX ғасырдағы қазақ даласының тыныс-тіршілігін, өлке тарихын сол кезеңдегі қалпын дәл көрсете білуде фотоқұжаттар жинағы «Түркістан альбомының» маңызы ерекше. Түркістан генерал губернаторы болған Константин фон-Кауфман (1818–1882) тапсырмасымен құрастырылған «Түркістан альбомындағы» фотоқұжаттар – қазіргі кезеңдегі қазақ этнографиясы мен археологиясына деген сұранысты белгілі бір талапта қағаттандыра алатын құндылықтар.

«Түркістан өлкесінің тарихы» деп аталатын 2-ші томында Ұзынағаш, Ақмешіт, Шымкент, Ташкент, Ходжент, Самарқанд, Әулиеата, Перовск, Жөлек, Қазалы, Жизак, Жаңақорған, Қаттақорған, Ұратөбе, Шыназ т. б. қала, елді мекендердің көрінісі енген. «Түркістан өлкесі халықтарының этнографиясы» деп аталатын альбомның 3-ші томы Орта Азияда тұратын жергілікті халықтардың дәстүрлі тұрмыстық баспанасынан, тұрмыстық бұйымдарынан, киім-кешектерінен, әдет-ғұрыптарынан, халық тығыздау орналасқан аймақтардан мәлімет береді. «Халық тығыз орналасқан аймақтар» деп аталатын альбомда Әулиеата, Жизак, Ташкент, Түркістан, Ұратөбе, Шымкент т. б қаладағы халықтардың дәстүрлі тұрмысын көрсетеді. Әсіресе Сырдария және Арыс бойы, Сырдария облысы деген бөлімдер

көшпелі және отырықшы қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің бітім-болмысын береді. XIX ғасырдағы Әулиеата базары сол кездегі өңірдің саяси-экономикалық әлеуетінен айғақ береді, әрі қаланың сауда орталығы ретіндегі ролі ғасырлардан орныққан. Халықаралық сауда транзитімен қатар, халықтың күнделікті тұрмысының айғағы ретінде ұсақ сауда да маңызды.



Продавец кумыса на базаре
в Аулие-Ата. © МАЭ РАН

а



Продажа сапог на базаре
в Аулие-Ата. © МАЭ РАН

ә

Әулиеата базарында: а) қымыз сатушы, МАЭ И 1718-2;
ә) етік сатушы, МАЭ И 1718-1

Лейбин альбомындағы деректер.

Картография, баспа ісімен қатар, фотография тарихында аты қалған Павел Абрамович Лейбин Ресей патшасы Романовтар әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына орай 1913 жылы Верный қаласында ұйымдастырылған Жетісу ауылшаруашылық өндіріс көрмесіне қатысып, көрме фототографы қызметін атқарған (Проскурин, 2001: 51-62; Брусиловская, 2018).

Көрмеге сол кезеңдегі Жетісу облысына қараған Лепсі, Қапал, Жаркент, Верный, Бішкек, Пржевальск, Әулиеата уездерінің қазақтары қатысып, бірнеше киіз үй тігілген. П. А. Лейбин аталмыш көрме барысында жасаған фототіркеулерінен 139 түсірілімді шығарып, Жетісу облысы Әскери губернаторы генерал-лейтенант Михаил Александрович Фольбаумға арнап сыйлық альбом етіп ұсынады. Альбомға енген фотолар жоғарғы жағынан реттік санмен белгіленген (Лейбин альбомы, №1–139), әр фотоның астына автордың өз қолымен жазған атауы берілген.

П. А. Лейбин көрмеден түсіріп алған «Музыканттар» деп атаған фотода бір топ әнші-жыршылардың ортасында домбыра ұстаған Жамбыл Жабаев та

түскен (Лейбин альбомы, №84/29 п). Бұл Жамбыл Жабаев туралы алғашқы жарияланымдардың бірі болып саналады (Садырбайұлы 1996, 5).

П. А. Лейбиннің Жамбыл Жабаев түскен осы фототүсірілімін Шу өзені бассейнін суландыру жобасының жетекшісі, қатынас жолдар инженері В. А. Васильев өзінің Шу аңғары зерттеулерінің нәтижесін ғылыми айналымға ендіруге «Қазақ оркестрі» деген атаумен көшіріп басады (Васильев, 1915, 166 а).



Жамбыл Жабаев бірінші қатар ортада «Музыканттар» атты фотода.
1913 ж. Лейбин альбомы. №84 фото. 29 парақта.

Булгаков альбомындағы деректер.

ҚР Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған «Альбом Булгакова» деген атаумен тіркелген картонды альбомға бұл атаудың берілуі екінші бөлімінде жазу машинкасымен басылған «Булгаков» деп көрсетілген қолтаңбамен байланысты. Альбом бір біріне біріктірілген екі бөлімнен тұрады: *бірінші бөлімі* ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезінде түсірілген, *екінші бөлімі* 1926 жылы СССР Ғылым Академиясының Қазақстан экспедициясының антропологиялық отрядының Ақтөбе уезінен түсірілген фотолардан біріктірілген. Осы екі уақыттың фотоларын құрастырушы

Альбомның бірінші бөліміне Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты облыстардан, қазақ жерінің оңтүстік-шығысынан және шығысынан, Таулы Алтайдан, Батыс Сібірден ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезінде түсірілген жалпы саны 90 фотосурет желіммен жапсырылған картонды беттер альбомның алғашқы парақтары ретінде қосымша біріктірілген. «Булгаков альбомына» біріктірілген беттер «Жетісу облысы»,

«Батыс Сібір», «Семей облысы», «Пішпек уезі, Сусамыр», «Сырдария облысы» атты тақырыптарды қамтиды. Альбом алғашында Жетісу губерниялық кітапханасында сақталған, кейін Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөліміне өткен. Булгаков альбомының біріктірілген алғашқы бөлімі, яғни біз зерттеуге алып отырған оңтүстік-шығыс, шығыс өңірге тиесілі фотолардың авторының кім екенін немесе Булгаковтың қолына бұл фотопарақтар қалай түскені жайында құрастырушы жазып қалдырмаған. Әулиеата қала көрінісі «Сырдария облысы» бөлімінде қамтылған.

«Булгаков» альбомына енген оңтүстік-шығыс қазақтарының күнделікті тұрмысында төрт дөңгелекті арба көп бейнеленеді. Өрт дөңгелекті арбаның да кең қолданыста болған өңірі - оңтүстік-шығыс пен шығыс. Фотодеректер оңтүстік-шығыс пен шығыс қазақтары жүктерін арбаға артып, көшу көлігі түйе, ат және өгіз болғанын дәлелдеп отыр. Яғни, біз зерттеу нысанына алып отырған қазақтардан Әулиеата уезінде қоныстанған тамалардан басқасы қысқа қашықтыққа көшкен. Ал, Әулиеата тамалары жайлауға «Жетіқоңыр» көш жолы арқылы Бетпақдала, Арқаға барғаны белгілі. Салыстырып айтар болсақ, Сыр-Арал-Каспий аңғарында жүк негізінен түйеге артылды, себебі дөңгелекті арбалар көш керуен жолдары түскен Қызылқұм, Қаракұм, Арысқұм, Дариялықтақыр сияқты құмды алқапта жүруге қиындық тудырады, оның үстіне ұзаққа көшетін тайпалардың негізгі көлігі, ат пен түйе болды (Арғынбаев, 1969: 64).

Альбомға енген Пішпек уезі, Сусамыр өзені аңғарындағы жайлаудан түсірілген жалпы саны «Сусамыр жайлауы» тақырыбындағы 5 фотоньң жайлаудың келбеті, қазақ жылқысының түрлері мен жергілікті қазақтардың дәстүрлі киім үлгісінен берер деректік маңызы жоғары. (Алибий, 1903: 358)

«Туркестанские ведомости» газетінің корреспонденті «Әлібии» атты автор Сусамыр жайлауының сипатын, шұрайлылығын «Қарақопалдағы Ханжайлау, Жуалы жайлауларынан асып түседі», деген. Сусамырға Әулиеата, Пішпек, Наманган, Әндіжан уездерінің қазақтары жайлауға келеді. Наманган қазақтары Сусамыр өзенінің сол жақ бетіндегі жайлауларды, ал Пішпек, Әндіжан уездері қазақтары Сусамырдың Пішпек жақ бетін, Әулиеата қазақтары Сусамыр өзенінің сол жақ бетіндегі Балықты, Шымбала, Қорымды, Дөңқорымды, Үшбұлақ, Қаралаарша, Шеткіқорымды, Қарабалты жайлауларын иемденген. Сусамыр өзінің бастауын таудан аққан Үтмек, Алабел, Мостұр өзендерінің қосылысынан алады. Суы таза, мол. Сусамыр жайлауында тамыз айының ортасында күн салқындайды. Сол себепті күздеуге тамыз айында көтеріледі. Дөңқорымды қонысындағы тоғайда қабандар мекендейді. Қыста Сусамыр қонысында ел болмайды. Қысқы Сусамыр қасқырлардың қабандарға шабуылымен танылады (Алибий, 1903: 359).


Сусамыр дулаттардың жайлауы болған. Алғашқы ауылшаруашылығы санағында статистар келесідей мәлімет берген: «Талас, Мерке, Үшқорған дулаттары көктеу мен күздеуде Мойынқұм құмында, жазда Шотқала, Ұзын

Ахмет, Сусамыр жайлауларына, ал Әулиеата уезінің батысында орналасқан дулаттар Александровск қыратының екі жақ сілімдеріндегі, Қаратау тауларының жоғарғы сілімдеріндегі жайлаулық жерлерге көшкен. Бұл жайлаулардың шөбі шүйгін, көк майса болғандықтан, мал тез семірген. Жайлауда дулат ауылдары тамыздың ортасына дейін, ал Мойынқұм құмдарында күздеуде қар түскенше отырған» (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 72, 125). Осы Сусамыр жайлауының шұрайлылығы «Сусамыр – елдің жайлауы, Өмірдің бар ма байлауы» атты жолдармен халық әніне арқау болған. Ал, Верный уезінің дулаттары тұрақты бір жерде қыстағанымен, қыстың ауа райына қарай жайылымды ауыстырып отырды. Күрті өзенінен Балхаш көліне дейінгі аймақты алып жатқан Тауқұм болысын мекендеген ботпай руының ауылдары Ақжал, Жуантөбе қыстауында қыстағанымен, бұл жерде ұйытқып соққан боран, желдің әсерінен мал арып кетпес үшін ірі-қараны қыста қолға ұстамай, оларды Іле өзені қойнауындағы қамысқа қарай айдаған. Бұл өңірдегі ауылдар қоныстары Ақсүйек, Алажол, Тоқмақ уезі, Ботабөру, Қызылақтау, Аяқұм, Жирекоты, Жауқантөбе, Қамау елді мекендері болып саналады» (Баллицкий, 1873: 21–23).

Оңтүстік-шығыста қоныс тепкен дулаттар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен, қосалқы шөп шабумен айналысты, ал қазақ жерінің оңтүстігінде қоныстанған дулаттар мал шаруашылығымен қатар егіншілікті қоса кәсіп етті (Баллицкий, 1873: 21–23; Загряжский, 1874: 97–98, 110–111).

Әулиеата уезіндегі қазақ ауылының, елді мекендер, Үлкенқопа өткелі, Шашқан өзенінен салт аттылардың кесіп өтуі тақырыбындағы фототіркеулер жалпы 15 фотоны қамтыған. ХХ ғасырдың басында Әулиеата қаласы көшелерінде салт аттылардың жүруі, қала келбетінің сол уақыттағы дәстүрлі қоғам сипатының арылмағанының дәлелі.





Сусамыр жайлауындағы Әулиеата қазақтары. ХХ ғасырдың басы
Фиельструп фотоқоры

Петроград университетіндегі роман-герман және географиялық, Антропологиялық қоғам үйірмелері мүшесі Фиельструп Федор (Теодор) Артурович (19. 02. 1889–1934 (?)) зерттеулерімен байланысты фотодерек Әулиеата қазақтарына да қатысты. Ол 1920–1930 жылдар аралығында тоғыз ірі экспедиция құрамында жұмыс істеді, далалық зерттеулері Сусамыр жайлауында қамтыған. Сусамыр жайлауының мәдени ландшафтын, жайлауда малы қосылған қазақтар мен қызғыздардың этномәдени байланысына көңіл аударған. Жайлауға қонған малшылардың ойын-тойына ерекше назар аударған. Ф. А. Фиельструп фотоға тіркеп, сипаттамасын жазған ит тартыс немесе бұқа тартыс ұлттық ойыны қазіргі таңда «этноспорт» ретінде қолданыстан шыққан.



Сусамыр жайлауындағы қазақ зираты. 1921 ж. Ф. А. Фиельструп фотосы (Фиельструп, 2002: 121)



Ит тартыс/Бұқа тартыс. Сусамыр жайлауы. 1926 ж. Ф. А. Фиельструп фотосы. (Фиельструп, 2002: 164)



Күрес. Сусамыр жайлауы. 1929 ж. Ф.А.Фиельструп фотосы (Фиельструп, 2002: 157).

В. А. Василев фотоқоры

Шу өзені бассейнін суландыру жобасының жетекшісі, қатынас жолдар инженері В. А. Васильев Шу аңғарын зерттеу кезінде бірқатар фототіркеулер жасап өзінің кітабында жариялаған. Шу-Іле қазақтарының дәстүрлі


тұрмысын В. А. Васильевтің жұмыс тобы да фототіркеуге алған. Олардың қатарында «Қазақ киіз үйінің сыртында» деп аталатын фотосуреттің мазмұны күрделі. Әйелдердің киіз басу көрінісі күз мезгілі екенін аңғартады. Киіз үйдің белдеу арқанына қыстырылған түрлі шаруашылық құралдарын қыл арқан, шөміш және киіз үйге сүйелген бірнеше ақши орандысын көруге болады (Васильев, 1915, 158 а).



Жайлауда. В. А. Василев фотосы



Жайлауда. В. А. Василев фотосы



Шу өзені бойындағы сексеуілді алқап. В. А. Васильев фотосы



Шу мен Іле аралығы. В. А. Васильев фотосы

В. А. Василев түсірген осы фото №2–115080 тіркеумен ҚР Орталық Мемлекеттік фотоқұжаттар және дыбыс мұрағаты қорында сақталған (Василев, 1915).

Қорытынды

Фотоқұжаттардың деректік маңызы жазба, мұрағаттық нарративтік құжаттармен пара-пар, әрі қаймағы бұзылмаған дәстүрлі тұрмыстан мәлімет береді. Ұсынылып отырған фотодеректер Әулиеата қазақтарының аймақтық этнографиялық ерекшелігін айғақтайтын фотоқұжаттардың бір бөлігін ғана қамтиды. Бұл өңір қазақтарының этнографиялық фотодеректілігін кешенді қарастыру бір мақаланың аясында сыймайтындықтан, кейбір ғана шектеліп отырмыз. Бұл материалдардың этнографиялық құндылығы, дәстүрлі қазақ қоғамын шынайы бейнелейтін сирек құжаттар қатарында саналуында. Дәстүрлі құндылықтарымыз трансформацияға енген қазіргі заманда тарихи фотосуреттер «куэгер» ретінде құндылықтардың бастапқы қалпы мен бүгінгі қалпын салыстырмалы сараптау жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алибий. Из долины Сусамыра. Туркестанские Ведомости, 1903. №58. 20 июля. –с 358–359.
2. Альбом Булгакова. Антропологический отряд Казахстанской экспедиции Академии Наук. 1926. 21 лист.
3. Альбом П. А. Лейбина. Военному Губернатору Семиреченской Области генерал-лейтенанту Михаилу Александровичу Фольбаум от киргиз-Верненского уезда участвующих на Семиреченской сельско-хозяйственной промышленной выставке 1913 года, в память 300-летия Царствования Дома Романовых. Верный. 1913. 25 лист.
4. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы. 1969. – 170 б.
5. Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Петроград. 1915. – С. 277.
6. Загряжский Г. С. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. Туркестанские ведомости. Ташкент, 1874. №25, 28.
7. Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдаринская область. Аулиеатаинский уезд. Ташкент. 1911.
8. Фиельструп Ф. А. Из обрядовой жизни киргизов начала XX века /Ф. А. Фиельструп. Отв. Ред. Б. Х. Кармышева, С. С. Губаева. Институт этнологии и антропологии им. Н. Н. Миклухо-Маклая. – М.: Наука, 2002. – с 300.

ӘУЛИЕАТА ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЭКСПАНСИЯСЫ: ЧЕРНЯЕВ ЖОРЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ СТРАТЕГИЯСЫ

Тоқболат Сейілхан Тоқболатұлы

Тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз
университетінің профессор–ассистенті

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей империясының Орталық Азияға бағытталған отарлық экспансиясының шешуші кезеңі болды. Бұл дәуірде шекараларды әскери жолмен кеңейту тек геосаяси мақсат қана емес, империялық бедел мен стратегиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі амалына айналды. Сол процестің айрықша кезеңі 1864 жылғы Әулиеата экспедициясы. Бұл жорық Ресейдің Сырдария және Жетісу шептерін біріктіру стратегиясының маңызды бөлігі болды әрі кейінгі Ташкентті алу мен Түркістан генерал–губернаторлығының құрылуына алғышарт жасады. Әулиеата бекінісінің алынуы әскери–тактикалық тұрғыдан үлкен жорықтың бір бөлігі болғанымен, оның саяси және символикалық салмағы орасан зор еді: ол Ресейдің Орта Азиядағы жаңа шекарасының нақты белгіленуін және империялық экспансияның жаңа фазасын бастады.

1864 жылғы науқанның бастамашылары – соғыс министрі Дмитрий Милютин мен Орынбор губернаторы Александр Безак – шекараны «табиғи географиялық шептермен» бекітуді мақсат етті. Бұл идея кейін Алексей Постников (2007) атап өткендей, Ресейдің отарлық легитимациясының ғылыми–географиялық негізіне айналды. Қаратау жотасын бойлай жаңа қорғаныс шебі орнату туралы жоспарлар «кеңею» емес, керісінше, империялық кеңістікті ықшамдау және әкімшілік тұрғыда тиімді ету әрекеті ретінде түсіндірілді. Дегенмен, әскери тәжірибе көрсеткендей, Қаратау бағытындағы логистикалық жағдай қиын, ал байланыс және жабдықтау желілері әлсіз болды (Терентьев, 1903). Осы себепті Черняев бастаған экспедиция әуелі Әулиеатаны, содан кейін Түркістан мен Шымкентті алу арқылы оңтүстік бағыттағы тұрақты тірек пункттерін қамтамасыз етуге ұмтылды.

Әулиеата жорығының ерекшелігі оның «жергілікті бастама» сипаты. Петербургтегі министрліктер бұл аймақтағы ірі аннексияларды ресми түрде мақұлдамағанымен, шекаралық генералдар империялық саясаттың логикасын жергілікті жағдайда өз бетінше жүзеге асырды. Дәл осы феномен кейінгі тарихнамада «еріксіз империализм» немесе «империялық бағынбаушылық» деп аталды (Jamison, 2018; Mackenzie, 1966). Черняевтің әрекеттері ресми бұйрықтарға қарамастан орындалып, нәтижесінде империяның экспансиясы «жоспарланған кездейсоқтық» сипатында дамыды.

Әулиеата экспедициясы сонымен бірге Ресейдің әскери–бюрократиялық жүйесінде қалыптасқан жаңа кәсіби ethos «ғылыми әскери

рационализмнің» көрінісі болды. Дэвид Ричтің (2013) тұжырымдауынша, 1860-жылдары Ресей офицерлері үшін статистикалық және топографиялық білім отарлық кеңістікті «ақылға қонымды түрде» бағындырудың құралына айналды. Алайда бұл рационализм мен Орталық Азияның табиғи–географиялық күрделілігі арасындағы сәйкессіздік көптеген операцияларды болжанбаған нәтижелерге жеткізді.

Әулиеата мен Түркістанның алынуы Ресейдің «табиғи шекара» туралы түсінігін нақты әскери–географиялық мазмұнмен толықтырды. Михаил Венюков, Петр Семенов–Тянь–Шанский және Шоқан Уәлиханов сияқты зерттеушілердің картографиялық еңбектері бұл аймақты империялық кеңістіктің «ғылыми ашылған» бөлігіне айналдырды (Венюков, 1860; Семенов, 1858). Осылайша, экспедиция тек әскери емес, сонымен бірге ғылыми–зерттеу миссиясы ретінде де қабылданды.

Жалпы, 1864 жылғы жорық Ресейдің Орталық Азиядағы отарлық экспансиясының тарихи-құрылымдық бетбұрысын көрсетті. Бұл жорық империяның шекаралық бастамалары мен орталықтағы саясат арасындағы динамиканы айқындап, әскери логика мен бедел саясатының өзара қайшылығын айқын ашты. Әулиеата экспедициясы арқылы Ресей тек жаңа территорияны ғана емес, өзінің империялық болмысын да сынақтан өткізді бұл сынақ кейін Ташкенттің алынуымен өз шегіне жетіп, Орталық Азиядағы жаңа билік тәртібінің басталуына жол ашты.

Орталық Азиядағы Ресей империясының отарлық жорықтары тарихында ең көп талқыланған әрі мифке айналған оқиғалардың бірі – 1865 жылдың 15 маусымында генерал Михаил Черняев басқарған небәрі 1900 сарбаздың Ташкентті бағындыруы. Бұл оқиға империя тарихындағы шешуші кезең болып, бүкіл аймақтың болашақ тағдырын өзгертті.

1915 жылы, қаланың алынғанына елу жыл толуына орай, Ташкент мэрі Николай Маллицкий генералдың жесіріне арнайы жеделхат жолдап, «орыстың богатырлары жаулап алған Ташкенттің» мерейтойлық шаралар бағдарламасын сипаттайды. Онда Черняевтің есімі қаланың бірқатар ғимараттарына беріліп, тіпті Шымкент қаласын да оның құрметіне қайта атау жоспарланғаны айтылған (РГВИА, Қ. 726, Т. 1, Іс. 238, 1-2 п.).

Алайда бұл тарихи сәт тек әскери ерлік ретінде ғана емес, «кездейсоқтық пен бағынбаушылықтың тарихы» ретінде де қарастырылды. Ташкенттің алынуы Ресей экспансиясының «жергілікті бастамашы» феноменін айқын көрсетті. Черняев бұл әрекетке Петербургтің ресми бұйрығынсыз, өз бастамасымен барған деген пікір кең тараған.

Ресейдің ішкі істер министрі Петр Валуев өз күнделігінде былай деп жазған: «Ташкентті генерал Черняев алды. Не үшін және не мақсатта – ешкім білмейді... Империяның алыс шекараларында істеп жатқан істеріміздің бәрінде бір эротикалық нәрсе бар сияқты» деген болатын (Валуев, 1961, т. II, с. 60–61).

Зерттеуші Сергей Абашиннің айтуынша, тарихшы Анатолий Ремнев Валуевтің түпнұсқасында «*nechto erraticeskoe*» («ерекше, оғаш әрекет»)

делінгенін айтады. Екі нұсқаның да мәні бір – Черняевтің әрекеті тәртіптен ауытқушылық ретінде қабылданған (Валуев, 1961). Бұл көзқарас кейінірек «еріксіз империализм» идеясын туындатты. Ташкент құлағанға дейін–ақ Ресейдің сыртқы істер министрі князь Александр Горчаков Еуропа елдерінің дипломатиялық өкілдіктеріне арнаған баянхатында былай деп жазды: «Ең үлкен қиындық – тоқтай білуде» (*la plus grande difficulté consiste à savoir s'arrêter*) (Горчаков, 1864, Циркулярное донесение представителям России за границей).

Британ дипломаттары бұл мәлімдемені екіжүзділік ретінде бағаласа да, Горчаковтың сөзі шынайы сенімнен туған еді. Дегенмен, соғыс министрі Дмитрий Милютин сияқты ықпалды тұлғалар мұндай ұстамды көзқараспен келіскен жоқ (Зайончковский, 1950).

XIX ғасырдың ортасында Орталық Азия шекарасы Ресей сыртқы істер министрлігі үшін тұрақты «бас ауруына» айналды. Көптеген жаңа иеліктердің стратегиялық және экономикалық құндылығы күмәнді болды. Көптеген тарихшылар Ресейдің аймақтық қолбасшылары өз еркімен әрекет етіп, империялық кеңею «тоқтай білмеудің» нәтижесі болды деген де пікірді ұстанды (Mackenzie, 1966).

Алайда 1860–жылдардағы ресми архивтік құжаттарды талдау бұл көзқарастың тым жеңілдетілгенін көрсетеді. Негізі Петербург билігі Орталық Азиядағы кеңею жоспарын нақты қалыптастырып үлгерген еді. Министрлер мен шекаралық офицерлер Ресейдің миссиясы, шекараның сипаты және оның табиғи шегін анықтау жолдары туралы ортақ түсінікке ие әлдеқайда бұрын болған.

Жаңа картографиялық, статистикалық және әскери–топографиялық әдістердің дамуы империя басшылығына «табиғи шекара» идеясын ғылыми негізде дәлелдеуге мүмкіндік береді деген сенім ұялатты. Осы тұрғыда Ресей өзін Еуропаның басқа отаршыл державаларымен ортақ «әскери–техникалық таным кеңістігінде» көрді (Неvia, 2012).

Тарихшы Дэвид Рич Ресейдің Бас штабы жөніндегі еңбегінде 1860–жылдары қалыптаса бастаған «ғылыми әскери кәсібилік» рухын былай сипаттайды: «Статистикалық білім Ресейдің шенеуніктеріне еркін әрекет етуге мүмкіндік берді, бірақ бұл еркіндік дәстүрлі еріксіздіктен гөрі өз мүддесін көздейтін, сонымен бірге бюрократиялық тұрғыдан ақталған іс–әрекетке айналды» (Rich, 2013, pp. 6, 91). Алайда Ричтің айтуынша, Орталық Азияда «тәртіпке бағынбайтын генералдар» бірыңғай мемлекеттік саясаттың жоқтығын пайдаланып, Петербург бұйрығына қарамастан өз бетімен жаңа жерлерді бағындырған. Бұл көзқарас империялық «бағынбаушылық» тұжырымын қайта тірілтті.

Шын мәнінде, Ресейдің әскери–бюрократиялық рационализмі мен Орталық Азияның нақты географиялық шынайылығы арасындағы сәйкессіздік осындай «бақылаусыз экспансияға» жол ашты. Бұл жағдай Горчаковтың «тоқтай білмеу» туралы сөзінің астарын айқын түсіндіреді. Тарихшы Александр Моррисон атап өткендей, бұл кезеңде «жергілікті әрекет

етуші» (man on the spot) – Черняев – Ресей экспансиясының жалпы бағыты мен мақсаттарын емес, оның уақыты мен қарқынын анықтауда шешуші рөл атқарған (Morrison, 2014; Baumann, 2010).

Қаратау жобасы және Ташкенттің болашағы

1863 жылдың 1 тамызында князь А. М. Горчаков пен соғыс министрі Д. А. Милютин император Александр II-ге Орынбор мен Батыс Сібір шептерін біріктіру жөніндегі ұсыныс ұсынды. Бұл жоспар Азия даласының оңтүстігінде, Верный (қазіргі Алматы) мен Перовск (қазіргі Қызылорда) бекіністерінің арасын қамтуды көздеді.

Жоба төрт жыл бойы Петербургтегі министрліктер мен Орынбор және Омбы әскери қолбасшылықтарының арасындағы пікірталастардың нәтижесінде қалыптасты. Талқылаулардың негізгі бөлігі Ташкенттің тағдырына қатысты болды: А. П. Безак (Орынбор губернаторы) қаланы Ресейге қосу қажет десе, А. О. Дюгамель (Батыс Сібір губернаторы) бұған қарсы шыққан (Зайончковский, 1950, с. 43–46). Ресми құжаттарда Ташкент әзірге жоспардан тыс қалдырылғанымен, Милютиннің түпкі мақсаты жаңа шекараны дәл осы қалаға тіркеу еді. Ірі сауда және егіншілік орталығы ретінде Ташкент Ресейдің оңтүстік отарлық шептерін табиғи тірек нүктесіне айналдыруы тиіс болды.

Император жоспарды бекіткеннен кейін Милютин Безакқа былай деп жазды: «Шепті біріктіріп, шекарамызды Қаратаудың ең биік сілемдерімен орнату арқылы біз оны кеңейтіп жатқан жоқпыз; керісінше, ықшамдап, Орталық Азияның құнарлы өңірлеріне жақындатудамыз» (ҚР ОМА, Қ. 382, Т. 1, іс 47, 33 п.). Бұл мәлімдеме Ресей шенеуніктерінің шекараны табиғи географиялық белгілер арқылы анықтау туралы сенімін көрсетеді.

Зерттеушілер Алексей Постников пен Светлана Горшенина атап өткендей, Ресей саяси шешімдерді табиғи рельефке «бейімдеуді» отарлық легитимацияның тәсілі ретінде қолданды (Постников, 2007). «Табиғи шекара» ұғымына тек өзендер мен таулар ғана емес, көшпелі мен егінші өркениеттердің арасындағы шартты шекаралар да жатқызылды. Қоқан мен Бұхара билеушілерінің иеліктері Ресей тұрғысынан «заңсыз және уақытша» құбылыс ретінде қабылданды.

1859 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г. К. Гасфорт өз хатында «бұл өлкені табиғи шеп арқылы шектеу Ресейге тұрақты мемлекеттік шекара орнатуға мүмкіндік береді» деп жазған (РГВИА, Қ. 483, Т. 1, Іс. 51, 4–5 пп.). 1850-жылдардың соңына қарай Ресейдің ғылыми және әскери элитасы Орталық Азия кеңістігін жүйелі зерттеуге кірісті. Экспедициялық зерттеулерді А. Г. Влангали, М. М. Хоментов, ең алдымен П. П. Семенов-Тянь-Шанский мен Шоқан Уәлиханов сынды зерттеушілер жүргізді. Олар Іле аңғары мен Тянь-Шаньның оңтүстік сілемдерін егжей-тегжейлі зерттеп, аймақтың физикалық және этнографиялық картасын жасады (Постников, 2007, с. 228-234; Семенов, 1858). Алайда Верный (қазіргі Алматы) мен Қаратау жотасы арасындағы кең өңір сол кезеңде әлі де terra incognita – «белгісіз аймақ» болып қала берді.

Михаил Венюков және «Қоқан шебі» ұғымының қалыптасуы

1859 жылы әскери географ Михаил Венюков Ресейде «Қоқан әскери шебі» деп аталған қорғаныс тізбегін зерттеді. Бұл шеп Шу өзенінің аңғарындағы Тоқмақ, Пішпек, Ақсу, Мерке, Иткешу, Әулиеата, Шолаққорған және Созақ бекіністерін қамтыды. Венюков бұл желіні Қоқан хандығының солтүстік шекарасын қорғауға арналған қорғаныс жүйесі деп бағалап, қоқандықтар өз шекараларын Шу өзенімен шектеледі деп санағанын атап өтті (РГВИА, Қ. 1449, Т. 1, Іс. 7, 2 п.). Венюков өз дәуірінің ең беделді әскери географтарының бірі саналды және «табиғи шекара» концепциясының табанды жақтаушысы болды. Ол шекараны өзен аңғарлары мен таулы сілемдердің бойымен анықтау қажет деп есептеді. Бұл ой кейіннен Ресейдің Орталық Азияға бағытталған экспансиялық саясатына шешуші ықпал етіп, Петербургте «Жаңа Қоқан шебі» деген стратегиялық тұжырымдаманың қалыптасуына негіз болды (Венюков, 1873, с. 6, 10).

Кейінгі еңбектерінде Венюков Қытаймен жасалған келісімдерді қоспағанда, Ресейдің соңғы үш ғасыр ішінде Азияда нақты мемлекеттік шекара бекіткен бірде-бір келісімге қол қоймағанын атап өтеді. Оның пікірінше, 1732 жылы Кіші және Орта жүздердің Ресей бодандығын қабылдауы империяның «мемлекеттік шекарасын» оңтүстікке қарай кеңейткен. Бұл тұжырым кейін кеңестік тарихнамада ресми көзқарасқа айналды. Дегенмен Венюковтың пайымдауынша, кедендік және әкімшілік тұрғыдан бұл өңір 1860–жылдарға дейін «тысқары аймақ» болып қала берді (Венюков, 1873, с. 10).

Ол бұл жағдайды тарихи тұрғыдан аномалия әрі түзетуді қажет ететін құбылыс деп санады. Мұндай «белгісіздік аймағының» қалыптасуына Ресейдің оңтүстігіндегі басты қарсыласы – Қоқан хандығының агрессивті және экспансияшыл саясаты тікелей әсер етті. Қоқанның солтүстік шекарасы нақты айқындалмаған еді, алайда кейбір жазбалар хандық элитаның өз аумағын белгілі бір дәрежеде танитынын көрсетеді.

Ал Қоқан билеушілері өз шекараларын кеңістік емес, адам және бағынушылық тұрғысынан түсінді. Олар Ұлы жүз қазақтарын өз бодандары деп санап, олардың жайылымдары Венюков сипаттаған шекарадан әлдеқайда солтүстік пен шығысқа қарай созылып жатты (Бейсембиев, 2001; Пантусов, 1885; Khoqandi, 1871).

Черняев және «табиғи шекараны» нақтылаудың әскери бағдарламасы

1863 жылы Верный мен Перовск арасындағы стратегиялық кеңістікті зерттеу барысында Ресейдің әскери басшылығы үшін «табиғи шекара» ұғымы шешуші маңызға ие болды. Бұл идея енді Орталық Азиядағы барлық әскери нұсқаулардың құрамдас бөлігіне айналды. Сол жылы генерал Михаил Черняев Қоқан хандығының Созақ бекінісіне барлау жорығына аттанар алдында шекараның оң қанатын бекіту жоспарын ұсынды. Черняев көп ұзамай бұл жоспардың алғашқы қадамын жүзеге асырды – Созақ бекінісін соғыссыз алды. Бұл табыс Ресейдің әскери министрі Д. А. Милютин мен

сыртқы істер министрі А. М. Горчаковтың Сырдария мен Жетісу шептерін біріктіру жөніндегі ұсынысын нығайта түсті (Иванов, 2011, с.105).

1864 жылғы қаңтарда Милютин сыртқы істер министрлігіне жолдаған хатында келесі жылға арналған басым бағыттарды айқындады. Оның ішінде ең маңыздысы – Орынбор мен Сібір шекараларын біріктіру еді. Бұл жоспар Жүлек бекінісінен басталып, Сырдария бойымен Созақ арқылы Әулиеатаға дейін созылып, Қаратау жотасымен жалғасуға тиіс болатын (Терентьев, 1903, т. I, с. 276).

Наурыз айында бұл нұсқауларды генерал А. О. Дюгамель ресми түрде бекітіп, Черняевке тапсырды. Алайда құжатта елеулі екіұштылық байқалды: бастапқы шеп Қаратау арқылы Созақ пен Әулиеата арасын қамтуы керек болса, Орынбор губернаторы А. П. Безак қысқы науқан тиімсіз деп есептеп, бұл бағытты уақытша шешім ретінде қарастырды (Зайончковский, 1950, с. 45). Болашақта бұл шеп Арыс өзеніне дейін жылжытылуы тиіс деп көрсетілді – бұл сөз формалды түрде «ауыстыру» деп жазылғанымен, мәні жаңа аумақты жаулап алу қажеттігін білдіретін (РГВИА, Қ. 483, Т. 1, Іс. 51).

Жергілікті бастама және отарлық стратегия

1864 жылдың көктемінде Безак Милютинге жолдаған хатында Түркістанды алу қажеттігін ерекше атап өтті: «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан Түркістанды бақылауға алу аса маңызды. Бұл қала шептер біріктірілгеннен кейін әкімшілік орталыққа айналуы мүмкін... Қоқандықтарды Арыс өзенінің ар жағына ығыстырамыз» (Безак – Милютинге, 4 сәуір 1864 ж., Сборник Сребренникова, 1864 г., ч. I, док. 53, с. 95-97). Сол жылы сәуірде сыртқы істер министрлігінің өкілі Н. П. Игнатьев полковник Н. А. Веревкинге нұсқау жіберіп: «Егер Түркістанды алуға қолайлы жағдай туындаса, ол мүмкіндікті пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ негізгі мақсат – Орынбор мен Сібір шекараларын біріктіру» деді (Игнатьев – Милютинге, 14 сәуір 1864 ж., Сборник Сребренникова, ч. I, док. 59, с. 105). Осылайша, Ресейдің Орталық Азиядағы жаңа шекаралық экспансиясы ресми түрде «шекара нығайту» ретінде түсіндірілсе де, іс жүзінде империяның отарлық тереңдеуінің келесі кезеңін айқындады.

Әулиеата мен Түркістанның алынуы және Ресейдің жаңа шекарасының қалыптасуы (1864 ж.)

1864 жылдың 2 маусымында генерал Михаил Черняевтің әскері Әулиеатаға (қазіргі Тараз) жетіп, небары екі күндік қысқа қоршаудан кейін 4 маусымда қаланы басып алды. Черняевтің Дюгамельге жолдаған ресми баянхатында қалада 583 үй, 8 мешіт және 237 дүкен бар екені, сондай-ақ оның көшпелі қазақ тайпалары үшін маңызды сауда орталығы болғаны жазылған (РГВИА, Қ. 483, Т. 1, Іс. 77, 222-225 шп.).

6 маусымда әкесіне жазған хатында Черняев былай деп жазды: «Сіз бұл хатты алғанша, менің Әулиеатаны алғаным туралы газеттерден оқып үлгересіз. Бұл – биылғы жорықтың соңғы мақсаты еді... бекіністі алу бізге дерлік шығынсыз тиді, өйткені үздіксіз жауған жаңбыр қоқандықтарға фитильді мылтықтарын қолдануға мүмкіндік бермеді».

Осы жеңістен кейін, 12 маусымда полковник Николай Веревкин Түркістан қаласын бағындырды. Оның Безакқа жазған есебінде былай делінген: «Қаланың алдынан бау–бақшаларға толы кең алқап көрінді, ал олардың үстінен тек Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің биік күмбезі ғана көрініп тұрды» (РГВИА, Қ. 483, Т. 1, Іс. 77, 144 п.). Қоқан тарихшысы Молла Нияз Қоқанди бұл оқиғаны мұңлы түрде сипаттап: «Осылайша бір жылдың ішінде Дешті Қыпшақтың ең асыл екі бекінісі – Түркістан мен Әулиеата–кәпірлердің қолына өтті» деп жазды (Khoqandi, 1871, p. 268). Бұл кезеңде Ресейдің жаңа шекарасы қалыптасқандай әсер қалдырғанымен, Черняев бар болғаны бір айдан соң Шымкентке қарай ілгеріледі.

Қаратау шебі және логистикалық қиындықтар

Тарихшы М. А. Терентьев бұл шешімді былай түсіндіреді: «Қаратау жотасы шекара ретінде мүлде қолайсыз екені анықталды: жол қатынасы қиын, жабдықтау тіпті ауыр, ал таудың солтүстік беткейлері судан қатты тапшылық көрді» (Терентьев, 1903, т. I, с. 278).

Шынында да, Қаратау арқылы өтетін жолдар ауыр және қауіпті болатын. Черняевтің бұл аймақ жөніндегі ақпараты тек 1864 жылдың басында қазақ барлаушыларының көмегімен Колпаковский үшін жасалған жобалас картамен шектелген еді (РГВИА, Қ. 483, Т. 1, Іс. 77, 76 пп.). Онда Әулиеата мен Түркістанды жалғайтын ең қысқа жол Шымкент арқылы өтеді деп көрсетілген. Кейін Дмитрий Милютин өз естеліктерінде бұл картографиялық есеп Черняевтің Шымкентті басып алу туралы шешімінің басты себебі болғанын атап өтті және оны стратегиялық тұрғыдан «дұрыс қадам» деп бағалады (Милютин, 2003, с. 515).

Оқиғалардың қоқандық және қазақ дереккөздеріндегі суреттелуі ресейлік ресми баяндаулардан айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, 1894 жылы басылған «Киргизский рассказ» шығармасында шайқас исламдық героизм мен мистикалық символизм арқылы бейнеленеді: «Қараңдар, мына қаншама кәпір! Олар өздерін қорғау үшін түйелерді шеп қылып қойып, зеңбіректерін орналастырған. Бірақ Арвах (жебеуші рухтар) кәпірлерді қырып салды... Мұсылмандар тасқын судай басып, оларды таптап өтті» (Веселовский, 1894, с. 19).

Қоқан деректерінде бұл кезеңде Әлімқұл Шымкент гарнизонын Нар Мұхаммед Парваначиге тапсырғаны айтылады. Ал «Та’рих–и Әлиқұли Амир–и Лашкар» еңбегінде бұл шайқас нақты әскери сипатта берілген: «Әмір–лашкар (Әлімқұл) төбешікке жалғыз отырды... Маған дүрбісін беріп: “Міне, ана тұрғандар орыстардың әскері. Қарап көр!” – деді. Мен қарап: “Үш жүздей адам”, - дедім. Сонда ол: “Сен ақ түйіншектерді де санапсың, олардың саны екі жүзден сәл асады. Таңғаларлығы – осындай үлкен әскеріміз бар бола тұра, екі жүз орысты жеңе алмай отырмыз!”–деді» (Beisembiev, 2001, p. 64). Бұл баяндауда қоқандықтардың артиллерияны дұрыс орналастырмауы, ал Черняевтің тактикалық икемділігі маңызды рөл атқарғаны байқалады.

Қоқан қолбасшысы Әлімқұл мен Черняев арасындағы алғашқы келіссөздер Әулиеата алынған соң басталды. Орыс тарапынан келіссөзге натуралист Н. А. Северцов қатысты, ол 1858 жылы Қоқанда тұтқында болған тәжірибелі ғалым еді (Северцов, 1860).

Мұхаммед Жүніс Молда былай деп жазады: «Егер Патша ағзам әмір етсе: “Ақмешіттен кетіңдер”, – мен қабырғаларын қалпына келтіріп, саған тапсырамын. Ал егер ол: “Арыстың ана жағы мұсылмандарға, бұл жағы орыстарға тиесілі болсын” десе, біз соған бағынар едік...» (Beisembiev, 2001, p. 66).

Бұл үзінді Әлімқұлдың басты назарында аумақ емес, адамдардың бағыныстылығы болғанын көрсетеді. Оның ойынша, егер бейбіт келісім сол кезде жасалса, Ташкент пен Ферғана Ресей қолына өтпес еді. Алайда орыс деректерінде Черняевтің келіссөз жүргізуге өкілеттілігі болмағаны айтылып, ол уақытша тыныштық орнатып, Қоқан елшілігін Ресейге жіберуді ұсынған деп көрсетіледі (Терентьев, 1903, т. I, с. 289).

1864 жылдың шілдесінде Черняев әскері Шымкент маңында барлау–демонстрациялық әрекеттер жүргізді (19-22 шілде). Бұл шайқаста Қоқан қолбасшысы Мыңбай Парваначи қаза тапты, бірақ қала алынбады (Терентьев, 1903, т. I, с. 293-294). Қоқандық тарихшылар бұл оқиғаны Жемадар Наибтың артиллериялық шеберлігімен түсіндіреді, ал орыстар керісінше өз батырлығын дәріптейді (Бартольд, 1910, с. 345). Осы шайқастардан кейін Әлімқұл Байзақ датқаға қарсы қатаң жазалау шараларын қолданды – ол зеңбірек аузына байланып атылды. Ресей тарихшылары бұл оқиғаны «Қоқандықтардың қаталдығы қазақтарды Ресей жағына шығуға итермеледі» деп бағалайды (Веселовский, 1894, с. 16-17).

1864 жылдың қыркүйегінде Черняев екі күндік қоршаудан кейін Шымкентті басып алды. Орыс деректерінде ол қамал қабырғаларының астындағы арық бойымен өтіп, шабуыл тобына өзі жетекшілік еткен деп жазылады (Терентьев, 1903, т. I, с. 294). Бұл жеңіс император Александр II тарапынан жоғары бағаланды: ол хаттың шетіне өз қолымен «Славное дело» – «Даңқты іс» деп жазған. Черняев Әулие Георгий және Әулие Станислав ордендерімен марапатталды. Милютин де кейінірек: «Шымкентті Қоқанның қолында қалдыруға болмайды» деп мойындады (Милютин, 2003, с. 518). Дегенмен, сыртқы істер министрі Горчаков наразылық білдіріп: «Шымкент Арыс бойындағы шептің бір нүктесі ретінде ғана аталған еді, біз ол қаланы өзеннің оң жағында жатыр деп ойлағанбыз» деп жазды (Сборник Сребренникова, 1864, ч. II, док. 296, с. 170).

1864 жылдың күзінде Орталық Азиядағы әскери қимылдар күтпеген қарқынмен дамыды. Әскери министр Дмитрий Милютин жаңа аннексияларға қарсы екендігін бірнеше рет мәлімдегенімен, оқиғалар оның бақылауынан шығып кетті. Шымкенттің алынуынан (27 қыркүйек) небәрі бір апта өткен соң генерал Михаил Черняев небәрі 1500 адамдық отрядпен Ташкентке қарай «барлау» жорығына шықты. Шын мәнінде, бұл барлау емес, шабуылдық экспедиция болатын.

Черняев бұл әрекетін Ресейдің ұзақмерзімді стратегиялық мақсаты – Ташкентті Қоқан хандығынан бөліп, тәуелді вассалдық мемлекетке айналдыру идеясымен ақтады. Сол кезеңде Бұхара әмірінің де қалаға жорық дайындап жатқаны туралы мәліметтер тарап, Петербургте «егер Ташкентті біз алмаймыз, оны Бұхара алады» деген үрей күшейген (Mackenzie, 1974, pp. 45–46).

Милютиннің көзқарасы бойынша, Ташкент – Сырдария бойындағы гарнизондардың азық-түлік және материалдық жабдықтау мәселелерін шешетін стратегиялық түйін еді. Алайда ол Шымкенттің аннексиясын Сыртқы істер министрі Горчаковқа әрең мойындатқандықтан, сол жылы жаңа экспансияға қарсы болды. Мәселе жорықтың өзінде емес, оның уақыты мен саяси салдарында еді.

Черняев бұл жолы бұрынғыдай даңққа сүйене алмады: шабуыл сәтсіз аяқталды. 16 сарбаз қаза тапты, 62 адам жараланды, олардың арасында төрт офицер бар еді. Тарихшы Михаил Терентьев бұл сәтсіздікті қамал қабырғаларын алдын ала барламау және артиллериялық есептің қателігімен түсіндіреді: «Орыстар қамалдың сыртындағы төмпешікті жарылған қабырға деп ойлап, шын мәнінде тек жоғарғы қабаттарын ғана зақымдаған» (Терентьев, 1903, т. I, с. 296–297).

Сәтсіз шабуылдан кейін Черняевке деген сенім күрт төмендеді. Оның жеке мұрағатында сақталған генерал-губернатор Александр Дюгамельдің хаттары бұл шиеленістің сипатын айқын көрсетеді. 12 қараша 1864 жылғы хатта Дюгамель ашумен былай деп жазады: «Бұл қайғылы оқиғалар жөніндегі Сіздің ұзақ үнсіздігіңіз мені өте қиын жағдайға қалдырды. Егер Петербургке бұл хабарлар Орынбор арқылы менен бұрын жетсе, министр мені оқиғаны жасырып отыр деп ойлауы әбден мүмкін еді» (РГИМ ОПИ, Қ. 208, Т. 1, Іс. 5, 27 п.). Бұдан кейінгі хатында ол ашық наразылығын білдіріп: «Қарапайым барлау әрекеті қалайша жүз мың тұрғыны бар қаланы шабуылдауға айналды – мен үшін бұл мүлде түсініксіз» деп жазды.

Черняев өз кезегінде жауап хатында өзін ақтап, «жаңа даңқ іздеген жоқпын» деп мәлімдеді. Оның айтуынша, шабуылдың мақсаты Қоқан гарнизонының Ташкентте 15 мыңдық атты әскер жинауына жол бермеу еді. Ол 11 қазандағы баянхатында сәтсіздік туралы ресми түрде хабар бергенін де атап өткен.

Бұл даулы оқиғаға қатысты пікірталастар кейінгі тарихнамада да жалғасын тапты. Америкалық тарихшы Дэвид Маккензи Черняевтің есебін әдейі кешіктіріп жібергенін, себебі ол «өз орнынан алындан қорыққан» деп жазады (Mackenzie, 1974, pp. 45–47). Ал Джеймисон бұл көзқарасты теріске шығарып, Черняевтің ісін табиғи тактикалық шешім деп бағалайды. Оның “Weakness, Expansion and ‘Disobedience’” атты мақаласында генералдың әрекеті «шешім қабылдаудың жергілікті дербестігі» тұрғысынан қорғалады (Jamison, 2018, pp. 142–144).

Дегенмен, Милютиннің кейінгі естеліктері (жазылғанына қырық жыл өткен соң да) Черняевке деген реніштің басылмағанын көрсетеді. Ол былай деп жазады: «Бұл жеңіліс әсіресе өкінішті болды, өйткені Азияда біз материалдық күшке емес, әскеріміздің аздығына байланысты моральдық беделге сүйенеміз» (Милютин, 2003, с. 518). Бұл сөздер Ресейдің Орталық Азиядағы саяси философиясын дәл сипаттайды: империялық бедел – ең қымбат капитал, ал оның әлсіреуі жаңа соғыстардың алғышартына айналатын.

Империялық бедел мен әскери логиканың қақтығысы

Милютиннің ойынша, Черняевтің басты «қылмысы» – рұқсатсыз шабуыл жасауы емес, оның сәтсіздікке ұшырауы еді. Егер жорық жеңіспен аяқталғанда, ол батыр атанар еді. Бұл логика Ресейдің ХІХ ғасырдағы отарлық тәжірибесіне тән еді: бедел мен күш арасындағы теңгерім моральдық үстемдік арқылы сақталуға тиіс болатын.

Александр Моррисон атап өткендей, дәл осындай ұстаным Василий Перовскийдің 1839–1840 жылдардағы Хиуа экспедициясында да көрініс тапқан: онда да әскери сәтсіздік «империялық абыройды» қалпына келтіру үшін жаңа соғыстарға түрткі болды (Morrison, 2015, pp. 282–286). Осылайша, 1864 жылғы Ташкентке шабуыл Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиясының логистикалық емес, символикалық шегі болды. Мәселе стратегиялық артықшылықта емес, әлсіз көрінуден қорқуда еді. Империяның «бедел саясаты» әскери прагматизмнен жоғары қойылып, кейінгі онжылдықтарда Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына дейінгі шешімдердің негізіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Бартольд, В. В. (1910). Туземец о русском завоевании Туркестана. Записки Восточного отделения Императорского Русского Археологического общества, 20, 345–346.
- Венюков, М. (1860). Очерки Зайлийского края. Санкт–Петербург.
- Венюков, М. (1873). Опыт военного обозрения русских границ в Азии. Санкт–Петербург: В. Безобразов.
- Веселовский, Н. А. (1894). Киргизский рассказ. Санкт–Петербург.
- Зайончковский, П. А. (1950). К вопросу завоевания Средней Азии. Вопросы истории, (3), 43–52.
- Иванов, В. А. (2011). Россия и Туркестан в контексте Большой Игры (Т. I). Москва: URSS.
- Милютин, Д. А. (2003). Воспоминания 1863–1864 гг. (Ред. Л. Г. Захарова). Москва: РОССПЭН.
- Пантусов, Н. (1885). Та’rikh Shakhrokhi: История владетелей Ферганы. Казань: Императорский университет.
- Постников, А. В. (2007). Становление рубежей России в Центральной и Средней Азии (XVIII–XIX вв.). Москва: Памятники исторической мысли.

- Северцов, Н. А. (1860). Месяц плена у кокандцев. Санкт–Петербург.
- Терентьев, М. А. (1903). История завоевания Средней Азии (Т. I). Санкт–Петербург: Типография В. Безобразова.
- Сборник Сребренникова. (1864). Документы по истории завоевания Средней Азии (Ч. I–II). Санкт–Петербург.
- Хоқанди, М. Н. (1871). Та’рих–и Shahrukhi. Казань.
- ҚР ОМА, Қ. 382, Т. 1, ic 47.
- РГВИА, Қ. 1449, Т. 1, ic 7.
- ҚР ОМА. Қ. 3, Т. 1, ic 167.
- Baumann, R. (2010). The Conquest of Central Asia. In *The Russian Empire and Its Peripheries* (p. 58).
- Beisembiev, T. K. (2001). Та’рих–и ‘Aliquli Amir–i Lashkar: A History of the Conquest of Central Asia. Almaty: Gylym.
- Hevia, J. (2012). *The Imperial Security State: British Colonial Knowledge and Empire*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Jamison, J. (2018). Weakness, Expansion and «Disobedience»: Russian Frontier Commanders in Central Asia, 1860–1865. *Journal of Imperial and Commonwealth History*, 46(2), 142–144.
- Mackenzie, D. (1966). Expansion in Central Asia. *Slavic Review*, 25(4).
- Mackenzie, D. (1974). *The Lion of Tashkent: The Career of General M. G. Chernyaev*. Oxford: Oxford University Press.
- Morrison, A. (2014). Russia, Khoqand, and the Search for a Natural Frontier, 1863–1865. *Ab Imperio*, 2014(2), 165–192.
- Morrison, A. (2015). Twin Imperial Disasters: The Expeditions to Khiva and Ethiopia in the 1830s. *Past & Present*, (229), 282–286.
- Rich, D. (2013). *The Tsar’s Colonels: Professionalism, Strategy, and Subversion in Late Imperial Russia*. Cambridge: Harvard University Press.
- Semenov, P. P. (1858). *Travels in the Tian’ Shan*. London.

Серик Шаймерденович Акылбек
Заместитель директора по научной работе
государственного археологического
музея-заповедника «Отырар»

Исследования в городище Кулан

На территории Чуйской и Таласской долин обнаружено 36 городищ, имеющих слои VII–IX вв. Все они продолжали жить и в последующее время. Топография их отмечается своеобразием. У городищ выделяется «центральная часть», состоящая из цитадели и шахристана. К центральным развалинам примыкает территория, окруженная стеной, протяженностью от трех до нескольких десятков километров [Кожемяко, 1959. С. 65–130; 1963. С. 154–224].

В расположении городищ с «длинными стенами» намечается закономерность: в долине Таласа они находятся на расстоянии 15–20 км друг от друга в наиболее удобных участках долины: в местах впадения в Талас горных речек. В Чуйской долине закономерность расположения городищ еще более четкая – они расположены в предгорной зоне на месте конуса выноса горных речек на расстоянии 25–35 км одно от другого. Остальные образуют северную внешнюю цепь в местах впадения горных речек, стекающих с Киргизского хребта, или в среднем течении реки Чу.

По данным письменных источников можно выделить три группы. Большие города, которые соответствуют крупным городищам Юго-Западного Жетысу: Тараз – городищу Жамбыл, Суяб – Ак-Бешим, Навакет – Красная речка, Нузкет – Шиштобе. К группе средних городов относятся Касрибас – городище Акыртас, Кулан – городище Луговое [Байпаков, 1986. С. 63–71]. К поселениям можно отнести несколько десятков памятников, в структуре которых нередко выделяются цитадели, шахристаны и пригородные участки. Некоторые поселения имели мощные крепостные сооружения, однако площадь их не превышает 4–6 гектаров, что характерно для поселений. Кроме того, к поселениям относились многочисленные «тортколи» – городища в виде четырехугольника [Кожемяко, 1959. С. 131–184; Байпаков, 1986. С. 128].

О Кулане было известно уже в первой половине VIII в. Здесь в 739 или 740 г. был убит тюркский каган Ашина Синь тюркешским князем Курсулем. При халифе Мамуне в 810 г. арабы доходили до Кулана [Бартольд, 1963. С. 249, 260]. В X в. аль-Макдиси писал о Кулане как об укрепленном городе с мечетью и подчеркнул, что город находился на большой таразской дороге, и он уже опустел [Волин, 1960. С. 82].

Первые археологические исследования городища Луговое провел В. В. Бартольд, описавший оборонительные стены городища при выезде из села Луговое (Тарты) [Бартольд, 1966. С. 49]. В конце 40-х гг. отряд Семиреченской археологической экспедиции, которую возглавил А. Н.

Бернштам, исследовал на территории сельского округа городища поселение древних усуней, относящееся к первым вв. до н.э. – первым векам нашей эры [Материалы..., 1949. С. 13].

Затем археологические исследования на городище были проведены в 1963–1965 гг. Семиреченской археологической экспедицией [Байпаков, 1986. С. 21–31]. В 1986–1991 гг. раскопки на городище проводил К. М. Байпаков. В эти годы на городище Луговое раскапывалась загородная резиденция владельцев Кулана – тюргешей.

Продолжены были раскопки города Кулана в августе 2015 г. по Проекту 0005/ПЦФ-00-МКС/0-15-ОТ «Город Кулан» МОН РК – исполнитель ТОО «Казахский научно-исследовательский институт культуры» МКиС РК.

Раскопы были заложены на цитадели городища и на въезде в шахристан. Этот этап исследований продолжался в 2017 г. и был завершён в 2018 г.

Раскопки городища Луговое в 1963–1965 гг.

Замок Луговое А расположен приблизительно в 1,5 км к югу от центральных развалин городища Луговое (рис. 5–12). Это холм в виде усеченной пирамиды – «тепе с площадкой», который возвышается над общей поверхностью на 5 м. На вершине его имелась прямоугольная площадка (10 x 3 м), вытянутая по линии восток – запад. Сам же бугор в основании имеет размеры соответственно 40 x 30 м. Холм со всех сторон окружен сильно оплывшей стеной, сложенной, как показал разрез, из пахсы. Четырехугольник стен ориентирован по сторонам света. Его восточная стена длиной 30 м, сохранившаяся высота 2 м, южная – 35 м, западная – 30 м и северная – 40 м.

Въезд на территорию замка находился в середине северной стены. Полностью раскопано центральное сооружение, имевшее ступенчатую планировку, характерную для раннесредневековых замков. Замок состоял из 7 помещений. Зафиксировано два периода его обживания: VII–VIII вв. и IX–X вв.

Второй период жизни замка характеризуется некоторыми незначительными перестройками. Теперь все помещения изолированы друг от друга. Арочные проходы были заложены кирпичом и прорублены новые в толще наружных стен – каждая комната имела свой выход во двор. Уровень нового пола поднялся почти на метр и расстояние между ним и плечом свода сократилось до 1,4 м. Полы не обмазывались, обмазку заменял выровненный и утрамбованный строительный мусор, состоящий из кусков битого кирпича и земли. Стены, как и раньше, покрывались глиняной штукатуркой и слоем алебаstra. Световые люки, по всей вероятности, устраивались в сводах. Для этого периода характерно использование для поддержания сводов дополнительных деревянных опор у внутренних стен, судя по остаткам деревянных балок, встреченных в завалах.

Усадьба Луговое Б. Памятник находится в 3,5 км южнее городища (рис. 13–22). Холм имеет высоту 5 м, размеры в основании по линии восток – запад – 25 м, север – юг – 20 м. На вершине холма имелась овальная площадка, вытянутая на 15 м с востока на запад и на 10 м с севера на юг. Это была усадьба. В одном из ее помещений находилось производственное помещение по переработке винограда. В нем располагались давяльные площадки и колодец-резервуар, соединенный при помощи гончарных труб с сокосборными чанами. Цистерны-чаны размерами 1,5 х 1,3 м заглублены на 0,8 м, а давяльные площадки размерами 3,9 х 6 м, глубиной 0,4 м. Внутренняя поверхность чанов, давялен и колодца облицована слоем гальки и покрыта толстым слоем водонепроницаемого кыра. Колодец в верхней части имеет размеры 2 х 2 м и общую глубину 2,2 м, западная стенка отвесная, а три других имеют 5 покатых уступов. С восточной стороны колодца прослеживаются остатки очага, сложенного из кусков глины и плоских каменных плит. Здесь же обнаружено много угля, остатки обгоревшего дерева и золы.

Открытие винодельни подтверждает данные письменных источников VII в. о производстве и употреблении в Жетысу виноградного вина в раннем средневековье.

Монументальная загородная постройка Луговое Г. До начала раскопок это был отдельно стоящий бугор, расположенный в 2 км к юго-востоку от центральных развалин и в 700 м восточнее городища Луговое А, на территории, окруженной длинной стеной.


В топографии Лугового Г различаются центральная часть в виде бугра подквадратной в плане формы размерами в основании 45 х 40 м, высотой 5 м и примыкающего к нему участка (50 х 70 м). Стена, окружающая двор, сохранилась на высоту 1,5–2 м. В центре двора прослеживается понижение от двух хаузов (водоемов).

Раскопки, проведенные здесь в течение нескольких полевых сезонов, установили существование трех одновременных построек, называемых ниже как «первоначальная постройка» или «первоначальное здание», «второй строительный горизонт».

В августе 2015 г. началось изучение цитадели городища Кулан. Основной раскоп был заложен на цитадели городища и на въезде в шахристан. В 2017–2018 гг. раскопки были продолжены.

На цитадели были выявлены слои тюргешского, карлукского, караханидского периодов. Результаты археологических работ 2015 года были опубликованы ранее. Там представлены материалы исследований помещений 2 и 3 (в предыдущих публикациях – 1 и 2), функционировавших VIII веке, во время правления тюргешей. Помещение 3 определено как тронный зал, где находилось «место почетного сидения». Стены украшали росписи, поверх которых позднее были нанесены резные графические рисунки (граффити). В помещении 2, предположительно культового назначения, расчищены северо-восточная, юго-западная ниши и фриз-пояс, поддерживаемый колонками-

пилястрами [Акылбек, Смагулов, Яценко, 2016]. Перечисленные элементы интерьера были украшены резьбой по глине.



План раскопанной части цитадели городища Луговое



Рис. 2. Цитадель городища Луговое. Купольное помещение 6. Жертовник



Рис. 3. Цитадель городища Луговое. Помещение 8



Рис. 4. Цитадель городища Луговое. Помещение 12 с алтарем огня

До возведения данного сооружения карлукского периода, дверные проемы всех трех помещений дворца были замурованы. При возведении сооружения стены дворца не были разобраны. Стены новых помещений были частично вписаны в пределы стен дворца, а также заняли свободную от застройки площадку. В настоящее время выявлены пять помещений и два коридора сооружения карлукского периода, из них полностью и частично расчищены два помещения и два коридора.

Эпоха раннего и развитого средневековья – время сложения древнетюркских государств с их экономикой, культурой, внутренней и международной политикой. Особое значение играет выявление отношений города и степи и роли городов в цивилизационном процессе, их развития в рамках контактов по Великому Шелковому пути.

Городище Кулан одно из крупных городов тюркских государств, расположенный на Великом Шелковом пути. Археологическое изучение городища дало богатый материал, который дополняет имеющиеся сведения о культуре средневековых городов и дает представление о материальной и духовной культуре того времени.

Раскопками на цитадели вскрыта часть монументального сооружения замкового типа, с разно функциональными помещениями культового характера. Выявленное сооружение является основой сформировавшейся на протяжении веков топографии цитадели.

Обнаруженные конструкции уникальны тем, что имеют сравнительно хорошо сохранившиеся орнаментальные композиции, которые дают цельную картину.

Уникальным является использование изображений горных козлов и сцены охоты, присущих для наскального искусства в оформлении зала. Это свидетельствует о том, что в строительство и оформление интерьера сооружения велось местными мастерами, а не согдийцами, которым отводится роль строителей городов в регионе.

Еще одним немаловажным результатом работ явилось создание карта-схемы городища и прилегающей территории с применением новых компьютерных технологий. Карта-схема, на которой отображен весь куланский археологический комплекс, создана на основе космоснимков, что позволила документировать объекты с минимальными погрешностями. При помощи электронного тахеометра отснят подробный топографический план центральной части городища, зафиксировавший современное состояние памятника. Топографический план городища позволил установить точные параметры памятника, его составных частей, которые неверно были отражены и разнились в научных публикациях.

Продолжение исследований позволят получить новые выводы об урбанизации Казахстана, на примере городища Кулан, в древности и средневековье.




Рис. 6. Цитадель городища Луговое. Керамическая курильница из помещения 12




Рис. 5. Цитадель городища Луговое. Керамическая курильница из помещения 12




Рис. 7. Дворцовый комплекс городища Костобе. Помещение 6 с алтарем огня. VIII–IX вв.

Талеев Докей Әбдікерімұлы
Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология
институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.,
Алматы қ., Қазақстан.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Осыдан 20 жыл бұрын 2002 жылдың 25–26 қыркүйек күндері **ЮНЕСКО-ның** қолдауымен Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойын халқаралық деңгейде атап өтілді. Қаланың екі мыңжылдық тарихын негіздеуге археологиялық тұрғыдан мұрындық болған осы бүгін 100 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан Таисия Николаевна Сенигованың ежелгі Тараздың орнында жүргізген қазба жұмыстарының материалдары болатын. Әрине жазба деректердің де мәліметтері назардан тыс қалған жоқ. Талас өзенінің бойында ғұндардың тәңірқұты Тезек тұрғызған бекініс қамал жайлы алғаш жазған Л. Н. Гумилев болатын. Дегенмен Тараздың жазба деректер бойынша белгілі Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі екендігі тарихи еңбектер мен ғылыми-көпшілік әдебиеттер беттерінде айтарлықтай жариялы орын алмай жүр. Сол себепті Талас өзенінің бойында 2000 жыл бұрын ірге көтерген Тараз қаласының қалыптасуы жайлы деректерге қайта үңіліп, көпшіліктің назарына салуды жөн көріп отырмын.

Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісін қытайдағы қазақ ғалымдары ХХ ғ. 80-ші жылдары қолға алған екен. Оған ежелгі және ортағасырлық қытай тілі мен жазуын игерген қазақ ғалымдарының қалыптаса бастауы негіз болған еді. 1987 ж. Байдаулет Аблахан ұлы мен Го Уынчин ежелгі қытайдың «Хәннеме» атты жылнамасындағы «Батыс өңір баяны» аталатын бөлігіндегі үйсіндерге қатысты материалдарды қазақ тіліне аударып, «Батыс өңір және үйсін мемлекеті» деген атпен жариялады.

1995 жылы Үрімжідегі Қоғамдық ғылымдар Академиясының жанынан Жақып Мырзаханұлының жетекшілігімен ғылыми топ құрылып, қытай тіліндегі «26 тарих» аталатын жинақтан қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісі қолға алынды. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың нәтижесі «Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген атпен араб графикасында 1998 және 2000 жылдары 2 том болып Пекиндегі Ұлттар баспасынан жарық көрді [1.2006, 3].

2004 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы басталған кезде осы айтылған еңбектің негізінде «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» деген атаумен қазақша нұсқасы жарық көрді. Екі томнан тұратын осы еңбекте ғұндар мен Хән әулеті арасындағы саяси қатынастарды сипаттау барысында Тезек тәңірқұт бастаған солтүстік ғұндардың батысқа қарай ығысып, Талас өзені бойынна табан тірегені жайлы баяндалады. Баянда ғұн тәңірқұты Тезектің Таласқа қарай ығысуының себептері мен Тараз

қаласының алғашқы іргесі қалай қаланғаны жайлы мынадай мәлімет жазылған. «Ілгеріде Шюанди тұсында ғұндардың ішкі араздығынаң салдарынан бүлік туып, бес тәңірқұт билікке таласып еді. Қағания тәңірқұт пен Тезек тәңірқұт ұлдарын сарайға ақ үйлі аманатқа жіберді, Хән сарайы екеуін де қабылдады. Кейінірек Қағания тәңірқұт өзі бағыныштылық білдіре сарайға келіп, патшаға қол тапсырды. Ал Тезек тәңірқұт Қағанияны елінен қуат кеткендіктен Хән әулетіне тізе бүкті, енді сол кеткеннен қайтып оралмайды деп ойлады да, батысқа қарай баса көктеп, оның бірсыпыра жерін өзіне қаратып алды. Хән әулеті Қағания тәңірқұтты қасына әскер қосып еліне аттандырар кезде Тезек тәңірқұт батысқа жорық жасап, Хаган, Генгүн, Деңлендерді талқандап, бұл үш елді біріктіріп, ордасын сонда тікті. Тезек тәңірқұт Хән әулетінің Қағания тәңірқұтты қанатының астына алып,өзіне көмектеспей қойғанын кек тұтып, Хән елшісі Жаң Нәйшы бастаған адамдарды қыспаққа алып, қорлық-зорлық көрсетті. Чуюанның 4-жылы (б. з. б. 45) Тезек тәңірқұт Хән әулетіне елшіден тарту тартып, ақ үйлі аманаттағы ұлын қайтарыпберсе, елдесуге көнетіндігін білдірді. Хән сарайы ақылдаса келіп, Тезек тәңірқұттың Хән сарайындағы ұлын қорғаушы спа Гу Жи апарып салсын деген шешімге келді. Төреші абыз Гүң Юй, ғұлама Куаң Хың «Жылнамадағы»: «Рей-тиектерді жосын бойынша тізгіндей білу керек, олардың тілегін толық қанағаттандыруға болмайды» деген сөзді көлденең тарта отырып: «Мына Тезек тәңірқұт тәрбиелі де, көргенді де адам емес, өзі аса шалғайда жатыр. Елшілерге шекараның қиын өткеліне апарып салған соң қайтып кел деп бұйрық беру лағзым» деді. Гу Жи патшаға былай деп датнама жазды: «Кіндік қағанат жат жұрттарды өзіне баурап, олардың үмітін үздірмеуі керек. Тезек тәңірқұттың ұлы аман-есен бағылып, тәрбиеленгеніне 10 жыл болды, оған жасаған шапағат өте мол. Бірақ қорғаушы әскерлер оны еліне апарып салмай, шекараның қиын жеріне апарғаннан кейін қайтып келетін болса, бұл Хән әулетінің оны ендігі жерде аялап, бауырына тартпайтындығы, әрі итергендігі болады, тәлім-тәрбие алып, бізге бауыр басып келе жатқан оның меселдесін қайтарады, Хән әулетінің осының алдында оған жасаған шапағатын шайып кетеді, өшпенділік туғызады. Бұл дұрыс емес. Ақылдасуға қатысқандар алдыңғы елші Жаң Нәйшының жауға қарсы айласы, ақыл-парасаты мен ерлік жігері кемшіл болғандықтан, қорлық-зомбылыққа ұшырағанын дәлелге келтіре отырып, менен де уайымдап отыр. Мен құдретті Хән әулетінің мойшағын даңықпен қолыма ұстап, қасиетті жарлық бойынша патшамның терең шапағатын уағыздағалы бара жатқанымда жауыздыққа ұшырауға тиіс емеспін. Егер хайуандық, тасбауырлыққа басып, маған әділетсіздік жасайтын болса, онда Тәңірқұт өзін құтылмас пәлеге жолықтым деп есептеп, қарасын көрсетпей тайып тұрары даусыз. Хән еліне ендігі жерде жоламайтын болады. бір елшінің өлімімен тамам жұрт тыныштық табатын болса, мұның өзі ел билеудегі үлкен айлаға жатар еді. Менің тілегім де осы. Тезек тәңірқұттың ұлын тәңірқұттың ордасына дейін апарып салайын деген ниетім бар». Патша Гу Жидің хатын сарайға жиналған назарына ұсынды. Гүң Юй Гу Жиды Тезек тәңірқұттың

ұстап алары даусыз, өміріне қатер төнеді, мақұлдауға болмайды деп тағы да айтыса кетті. Оң қанат саңғұн Фың Фыңшы Гу Жиды жіберуге әбден болатындығын айтты. Патша мақұлдады. Ол тәңірқұт ордасына барған соң, Тезек тәңірқұт долданып, Гу Жи бастаған адамдарды айтқанындай-ақ жайратып салды. Өзінің Хән әулетіне опасыздық жасағандығын сезінген, оның үстіне, Қағания тәңірқұттың онан әрмен күшейіп алғанын естіген Тезек тәңірқұт енді батыстағы Қаңлы еліне қарай тартты. Қаңлы ханы Тезек тәңірқұтқа қызын берді, Қаңлы ханына Тезек тәңірқұтта қызын берді. Оның айбарымен маңындағы елдерге доңыз айбат көрсеткісі келген Қаңлы ханы Тезекті төбесіне көтере құрметтеді. Тезек тәңірқұт Қаңлы қолымен Үйсінге талай шапқыншылық жасап, Чекүк қаласына дейін ат ізін салды. Тұрғын елді қырып-жойып, талан-таражылап, малдарын айдап кетті. Үйсіндер өкшелей қууға батына алмады. Өйткені батыс жақ иен, шеттегі мың лиге таяу созылып жатқан иен далада мекен тұтқан жан балас жоқ еді. Тезек тәңірқұт өзін атағы шартарапты шарпыған үлкен ұлыс есептеді, басқа елдердің құрметіне бөленгенін, жеңістерге жеткенін көтере алмай асқақтап кетті. Қаңлы ханына жол-жосын бойынша мәміле жасағанды қойып, ашу үстінде оның қызы мен текті-дегдарларын өлтірді, бірнеше жүз бейуаз бұқараны қырып салды. Кейбіреулерінің қол-аяғын бұтарлап шауып, Талас өзеніне тастатты. Бұқараны қала қорғанын салуға айдап салды. Күніне 500 адам қатысатын бұл машақатты жұмыс екі жылда әрең аяқталды. Аорс, Дад-уан және т. б. елдерге жыл сайын ұдайылық көпшір тапсырып тұрасындар деп елші арқылы қысым жасады [1.2006, 9–596].

Міне қытай деректері солтүстік ғұндардың батысқа қарай қоныс аударуының себебі мен оның қалай жүргендігін осылай баяндайды. Солтүстік ғұндардың тәңірқұты Тезектің Талас өзенінің бойынабекініс салғанын және ол бекіністі қытайлықтар Тезек тәңірқұт қаласы деп атайтын да болған.

Л. Н. Гумилев батыс ғалымдарының мәліметтеріне сүйене отырып, Тезек тәңірқұттың Таластың бойына бекініс салуы жайлы мынадай мәліметтер келтіреді: «Чжи-чжи (Тезек) өзін тамаша атты әскер генералы және ғұндық соғыс тәсілінің шебері ретінде көрсетті. Үйсіндерге сансыз шабуылдар болды және б. з. б. 42 ж. ғұндар үйсіннің астанасы – Чигуды талқандады, яғни Нарынның жоғарғы ағысында орналасқан Қызыл алқап қаласын талқандады.

Ғұн шапқыншылығының тағы бір нысаны Ферғана аңғары болды, бірақ, шамасы, Чжи-чжи оны тонаумен ғана шектелді, өйткені бекіністерді қоршауға ғұндардың күші жетпейтін. Жиналған олжа сақтау орнын қажет етті. Талас өзені аңғарында Чжи-чжи өзіне және сарбаздарына бекініс салды. Ол жер қоршаумен және оның сыртынан қарауыл мұнаралары бар үшкір бөренелерден қоршалған, бұл құрылыс грек те парфияда емес, римдік бекіністердің әсерін көрсетеді [2. 1960]. Бекініс гарнизоны құрамында римдіктер деп саналатын 100-ден астам жаяу әскер болды. Бұл парфиялықтарға бағынған және шығыс шекарада қызмет етуге жіберген Красстың легионерлері болуы мүмкін деп болжанады. Бірақ олар Чжи-чжиге

қалай келді? Чжи-чжидің қызметі туралы қытай барлауының хабарларында оның юэчжилер (нүкістер) мен парфияндарды жаулап алу жоспарлары болғаны туралы мәліметтер бар [3. 1946, 46–47]. Шамасы, ол (Тезек) парфиялықтармен достасып, олардан римдік легионерлердің жүздігі түрінде жәрдем алып, бекіністі лагер салуға солор көмектескен [2. 1960,].

Қытай дерегінде б. з. б. 36 жылы Таластың бойындағы бекністі алып, Тезек тәңірқұтты қытай қосындарының қалай жеңгені жайлы былай баяндалады. «Гән Яншоу мен Чын Таң қосындары: ертеңінде (1,6 км) тағы ілгерілеп, Тезек қаласының іргесіндегі Талас өзенінің бойына жетіп, қалаға үш ли қалғанда тоқтап қос тігіп, шеп құрды. алыстан қарағанда тәңірқұт қаласының әлем-жәлем тулары желбір-желбір етеді. Бірнеше жүз сауытты әскер қорған мұнарасыүстінде күзетте тұр. Тағы бірнеше жүз сарбаз қорған түбінде ары-бері шапқылап жүр. Қорған дарбазасының екі жағында бірнеше жүз жаяу әскер қаз-қатар тізіліп машық жасап жатыр. Қорғандағыт адамдар бірінен соң бірі Хән қосындарына қолдарын білеп: «келіңдер, кәне» деп айқайлап қояды. Жүзден аса сарбаз чын Таң қолына тап қойды. Хән шеріктері оларға қарсы садақтарын шірене тартып тұра қалып еді, сарбаздар шегініп кетті. Чын Таң қорған дарбазасындағы атты-жаяу әскерлерге қарсы тағы бірқауым әскер жұмсап, садақпен атқылатып еді, олардың бәрі қорғанның ішіне қарай ығысты. Гән Яншоу мен Чын Таң қосындарына: барабан дауысы естілісімен қорғанға қарай жақындап, төрт жағынан қыса түсіңдер, әрбірің белгілі жерге орын теуіп, ордың суын тесіп ағызып, дарбазаны бітеп тастандар; қалқан ұстағандар алда, ұзын найза мен садақ ұстағандар оның артынан ілесе жүріп, қорған мұнараларындағыларды атқылаңдар деп әмір берді. Қорған мұнарасындағылар түсіп қаша жөнелді. Соқпа қорған сыртында бір қатар ағаш қорған бар еді. Жау ағаш қорғаннан сыртқа қарай садақ тартып қорған сыртындағы көп адамды өлтірді және жаралады. Қорған сыртындағылар ағаш қорғанға тамызық қойып өртеп жіберді. Түнде қорғаннан сыртқа лап қойған бірнеше жүз сарбазды сыртта тұрған Хән қосындары садақпен қырып салды.

Хән қосындары келіп қалды дегенді алғаш естігенде, тәңірқұт қашып кетуге ыңғайлана бастаған еді, бірақ өзіне өшігіп жүрген Қаңлылықтардан Хән шерігімен ымыраласып алар деп күдіктенді. Оның үстіне, Үйсін және т. б. елдердің бәрі жорыққа шықты деген хабарды да естіп, барар жер, басар тауының қалмағандығына әбден көзі жетті. Сондықтан қорғаннан шығары шығып алса да, айнып қайта қайтты. «Қамалды сақтағаннан абзалы жоқ. Алыстан келген Хан қосындары табан тіреп, ұзақ тіресе алмайды» деп түйген ол сауытын киіп, қорған мұнарасына шықты. Тәңірқұт ондаған әтшесі (қатұны) де қорған сыртындағыларға садақты қарша боратты. Қорған сыртынан тартылған садақтың оғы тәңірқұттың мұрнына тиді. Әтшелердің бірсыпырасы оққа ұшты. Мұнарадан түсіп, атына міне сала қаша соғысқан тәңірқұт ішкі ордаға кіріп кетті. Түн ортасында ағаш қорған тесілді, оның ішіндегі адамдар соқпа қорғанға шегініп кірмек болып, мұнараға шығып айқай-шу көтерді. Осы кезде Қаңлының бір түменнен аса қолы он неше топқа

бөлініп, қорғанды жан-жағынан қаумалай қорғап, ғұндармен сәйкесе кетті. Қаңлы қолы түн ішінде Хән қосындарының шебіне бірнеше мәрте шабуылға шықса да, сәтті болмай қайта шегінді. Таң әбден ағарған кезде қорғанның төрт тарапынан өрт көтерілді, Хән қосындары қатты қуанып, жауды айқай-сүрен салып қуа жөнелді. Даңғара, барабан дауыстары жер-көкті жаңғыртты. Хән шеріктері өрт қойған соң Қаңлы қолы шегіне берді. Қолдарына қалқан ұстаған Хән шеріктері тұс-тұстан ентелеп, соқпа қорғанға лап қойды. Тәңірқұт ер-әйелі бар

Сауран Қалиұлы

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының
«Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы»
КММ-нің директоры

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы 13 қаңтардағы «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында, Жамбыл облысы әкімінің 2004 жылғы 26 ақпандағы № 40 қаулысымен құрылды.

Мекеменің негізгі міндеті – тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау, пайдалану және оларда ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, мекеме жаңа монументтік және мемориалдық құрылыстар орнату, тарихи нысандардың сақталуын бақылау, жергілікті маңызы бар ескерткіштердің күтіп ұсталуы мен пайдаланылуын мемлекеттік деңгейде қадағалау жұмыстарын жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда Жамбыл облысы аумағында **3479 тарихи және мәдениет ескерткіштері** тіркелген. Оның ішінде 5 ескерткіш ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізілген, 25 нысан республикалық маңызы бар мемлекеттік тізімге, 707 ескерткіш жергілікті маңызы бар мемлекеттік қорғауға алынған, ал 2742 нысан алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірдегі көптеген тарихи нысандарда қайта қалпына келтіру және ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Тараз қаласы мен аудандарында орналасқан **Айша Бибі, Бабаджа Хатун, Қарахан кесенелері, Қали Жүніс моншасы, Дәуітбек (Шамансұр) кесенесі, Абдолла Ишан мешіті, Шоқай**

Датқа кесенесі, Қарақожа мешіті және Ақкесене бекінісі қалпына келтіріліп, облыстың мәдени және рухани өмірінде маңызды орынға айналды.

2009–2014 жылдары облыс аумағында кешенді ғылыми-зерттеу және барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде Тараз қаласы мен аудандарындағы ескерткіштер туралы мәліметтер топтастырылған **«Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштері»** атты 10 томдық ғылыми жинақ жарық көрді. Бұл еңбек аймақтағы археологиялық және архитектуралық нысандарды зерттеу мен туризм саласын дамыту ісіне үлкен үлес қосты.

Қазіргі таңда өңірдегі **Қостөбе, Өрнек, Құлан, Ақтөбе** қалашықтары мен **Ақыртас** кешені ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, халықаралық деңгейде мойындалды. Сонымен қатар, 2019 жылы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының бастамасымен дайындалған **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»** атты энциклопедиялық еңбектің үшінші томына Жамбыл облысы бойынша **82 тарихи-мәдени нысан** енгізілді.

Мекеме өз қызметін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің **Ә. Х. Марғұлан** атындағы Археология институтымен өзара әріптестік негізінде жүзеге асырып келеді. Екіжақты меморандум аясында облыстың әртүрлі аймақтарында археологиялық және ғылыми зерттеу жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Атап айтқанда, Байзақ ауданы Ақжар ауылы маңындағы **Жайлаутөбе қалашығы** мен **Ақжар-1 қорымында** ғұн-сармат дәуіріне жататын археологиялық зерттеулер, Жамбыл ауданы Қаракемер ауылындағы **Қаракемер қалашығында**, сондай-ақ Талас ауданындағы **Тамды қалашығында** археологиялық қазба жұмыстары сәтті жүзеге асуда. Бұл жұмыстарға тәжірибелі археологтар мен жас мамандар белсене қатысуда.

Өңіріміздің тағы бір маңызды нысаны – **Қарасай шатқалындағы петроглифтер**. Мұнда ғылыми-зерттеу және абаттандыру жұмыстары толық аяқталып, аумақ ашық аспан астындағы музей ретінде бейімделді. Аланда ақпараттық тақталар, көрме стендтері орнатылып, **«Жартас жауһарлары»** атты кітап пен **«Қарасай петроглифтері»** брошюрасы жарық көрді.

2025 жылы Жамбыл ауданына қарасты **Бесағаш ауылынан** оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан, **VI–XII ғасырларға** тән көне **«Бесағаш»** елді мекенінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстардың мақсаты – тек көне жәдігерлерді табу ғана емес, сонымен қатар өңірдің ежелгі тарихын тереңінен зерттеп, **Ұлы Жібек жолы бойындағы өркениеттердің өзара ықпалдасуын** айқындау болып табылады. Зерттеу барысында ерекше маңызға ие тұжырым – **751 жылы өткен әйгілі Атлах шайқасының** дәл осы аумақта өрбігені жөніндегі тарихи жорамалдарды нақтылау мүмкіндігі. Бұл оқиға тек Жамбыл өңірінің ғана емес, күллі түркі және мұсылман әлемінің тағдырына шешуші әсер еткен тарихи сәт екені белгілі.

Сонымен қатар, **Сарысу ауданындағы «Ақтоғай» үңгірінде** тас дәуіріне жататын археологиялық зерттеулер жалғасуда. Бұл жұмыстарды академик, тарих ғылымдарының докторы **Жәкен Таймағанбетовтың** жетекшілігімен еліміздің және шетелдік (АҚШ, Франция, Канада) ғалымдар бірлесе жүргізіп келеді.

Мұнымен қатар, **Мойынқұм ауданында**, Қазақ хандығы алғаш құрылған тарихи өңірде де ғылыми зерттеулер қолға алынды. Зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты – **Керей мен Жәнібек хан тұсындағы алғашқы қыстақтар мен қалажұрттардың** (Қойшыман, Шар, Үлкен-Ақтөбе, Орта-Ақтөбе, Аяқ-Ақтөбе, Бала-Ақтөбе) әлеуметтік-мәдени құрылымын анықтап, **қазақ мемлекеттілігінің археологиялық дәлелдерін** ғылыми тұрғыда жүйелеу.

Атқарылып жатқан кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижесінде облыс аумағындағы маңызды тарихи нысандарда **ашық аспан астындағы музейлер ашу** жоспарлануда. Бұл бастама Жамбыл облысының тарихи және мәдени туризм әлеуетін арттырып, өңірдің бай рухани мұрасын халықаралық деңгейде танытуға зор мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мекеменің басты мақсаты – **ата-бабадан қалған тарихи мұраларды қорғап, сақтап, келешек ұрпаққа аман жеткізу**. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс облыстың мәдени әлеуетін арттырып, ұлттық тарих пен руханиятты жаңғырту ісіне елеулі үлес қосуда.

**Жамбыл облысында орналасқан
тарих және мәдениет ескерткіштері тізімінің сандық көрсеткіші –2025 жыл бойынша**

		БАЙЗАҚ	ЖАМБЫЛ	ЖУАЛЫ	ҚОРДАЙ	МЕРКІ	МОЙЫНҚҰ М	САРЫСУ	ТАЛАС	Т.РЫСҚҰЛ ОВ	ШУ	ТАРАЗ	БАРЛЫҒЫ	
1. Юнесконның 25.06.2014 жылғы шешімімен Бүкіл әлемдік халықаралық дәрежедегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне қабылданған ескерткіштерінің саны	Барлығы	1	1	-	-	-	-	-	-	2	1	-	5	5
2. Республикалық маңызы бар мемлекеттік тізімге енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны	Қала құрылысы және сәулет	-	2	-	-	-		1	2	-	-	9	14	25
	Монументтік өнер құрылысы						1						1	
	Археология	3	1	1	-	1	-	-	3	-	-	1	10	
	Барлығы	3	3	1	-	1	1	1	5	-	-	10	25	

3. Жергілікті маңызы бар мемлекеттік тізімге енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны	Қала құрылысы және сәулет	3	-	-	1	2	1	1	3	1	2	29	43	707
	Монументтік өнер құрылысы	4	3	2	4	4	4	2	2	5	4	23	57	
	Археология	59	77	57	105	68	18	37	54	75	51	6	607	
	Барлығы	66	80	59	110	74	23	40	59	81	57	59	707	
4. Алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізім саны	Қала құрылысы және сәулет	1		7	3	7	14	2	1	3	5	11	54	2742
	Монументтік өнер құрылысы	29	30	27	39	36	35	21	16	28	48	21	330	
	Археология	135	107	269	703	107	121	107	168	256	384	1	2358	
	Барлығы	165	137	303	745	150	170	130	185	287	437	33	2742	
БАРЛЫҒЫ		235	221	363	855	225	194	171	249	370	495	102	3479	3479

5 – Юнесконың 25.06.2014 жылғы шешімімен Бүкіл әлемдік халықаралық дәрежедегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне қабылданған ескерткіштер.

25 – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы.

707 – Жамбыл облысы әкімдігінің 01.07.2020 жылғы № 148 қаулысымен бекітілген *Жергілікті* дәрежедегі ескерткіштер.

2742 – Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 2024 жылғы «5» сәуірдегі № 13-н бұйрығымен бекітілген Тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын ала есепке алу тізімі

Искандербек Санжарович Торбеков
Дирекция по охране и восстановлению
историко-культурных памятников Управление
культуры и развитие языков акимата
Жамбылской области. Главный научный сотрудник

АРХИТЕКТУРА ДРЕВНЕГО ТАРАЗА В ЭПОХУ ДИНАСТИИ КАРАХАНИДОВ

В первой половине IX в. образовалось новое тюркское мусульманское государство. Тюркские племена, захватили Карлукский каганат и образовали Караханидское государство, в котором утвердилось династийная форма правления. Караханидское государство включало в себя области Кашгара и Семиречье. Города Таласской долины в том числе и город Тараз из-за постоянных междоусобиц часто переходил из рук одних владельцев в другие. Пока с 999 года окончательно не вошли в состав Караханидского государства.

Распространение мусульманства среди населения Таласской долины нашло отражение в монументальной культовой архитектуре (мавзолеях), сооружённых над захоронениями правителей региона. Так в городе Тараз и его округе были возведены мавзолеи Карахана XI–XII вв., Айша Биби XI–XII вв., Бабаджи Хатун X–XI вв.

В период правления династии Караханидов по всему Семиречью и Средней Азии в архитектуре происходят качественные изменения. В первой половине XI в. в строительстве при создании художественного облика сооружения широко применяется обожженный кирпич. Как снаружи, так и в интерьерах, он занимал главенствующее положение и был основным декоративным материалом. Фигурные кирпичи вводились в ограниченном и незначительном количестве. Главным образом в трёхчетвертных колоннах и обрамлениях.

В те времена мастера отдавали предпочтение разным комбинациям кладки, добиваясь этим выразительного художественного эффекта. В основном при строительстве применялась кладка из сдвоенных кирпичей со строгим соответствием вертикальных швов в рядах. Простая кладка в цепочку встречалась реже, её клали либо в основании стены, либо на второстепенных частях стены и сооружения, в куполах для щипцовых стен, ниш сводов тропов. Иногда в куполах использовали разные вариации, например, кладку в «ёлочку».

В то же время монохромная фактура кирпича вынуждала искать дополнительные варианты художественной выразительности, вводить на фасадах и интерьерах всевозможные членения, трёхчетвертные колонки. Употребление одного материала на фасадах и в интерьерах способствовало большей связи их архитектуры, одинаковым композиционным приемам. Во внешнем объёме основной художественный акцент перенесён на входной фасад,

Превращённый в портал, фланкированный трёхчетвертными колонками.

В XII вв. архитектура в государстве Караханидов достигла своего наивысшего расцвета. Внедрение обожженного кирпича в строительство обусловило дальнейшее движение прогресса в развитии средневекового зодчества у степных народов. Прочность обожженного кирпича крепившегося и укладываемого на ганчевый раствор, определила возможность усовершенствовать конструкции перекрытий и значительно увеличить пролёты перекрываемых помещений. Ганчевый раствор являвшийся связующим, хорошо облегчал кладку сводов и куполов без применения опалубки, так как большая часть территории Караханидов не имела лесов, поставлявших древесину.

В период раннего средневековья переход с квадратного в плане к круглому в основании куполу осуществляли тромпаны в форме ступенчатых арок.

В структуре зданий возникали восьмигранные, шестнадцатигранные барабаны на которых возводились такие же с гранями купола. Многогранные барабаны упрощали переход к куполам от кубовидного нижнего объёма здания. Обожжённый кирпич применялся в основных конструкциях, а также в облицовке фасада сырцовых сооружений.

На территории Семиречья и Шу-Талаской долины ещё сохранились несколько памятников эпохи Караханидов. По стилю самым ранним из них является мавзолей Карахана XI в. Существует ряд легенд, связанных с его строительством.

По одной из версий Аулие-Ата – Карахан был потомком Ходжи Ахмеда Ясави. По другой легенде говорится, якобы три святых пришли из Сирии в Среднюю Азию насаждать мусульманство. Один из святых Абд ор Рахим одновременно носил имя Аулие-Ата – Карахана. У него была дочь Айша Биби. Он похоронен на реке Талас в городе Таразе, а дочь его в двух парасангах 8 км. от захоронения отца.

По предположению некоторых историков, мавзолей был построен над могилой первого, принявшего ислам тюркского правителя из династии Караханидов, который во времена своего правления избрал своей ставкой город Тараз – но скорее всего он был третьим представителем династии и внуком основателя государства Караханидов Сатук Бограхана. Сведения о мавзолее Карахана дошли до современности по фотографиям сделанные известным русским фотографом И. Шварцем в конце XIX в. И внешних описаний его историками, этнографами, археологами (членами Туркестанского кружка любителей археологии) В. Бартольдом, В. А. Каллауром, В. П. Панковым и т. д.

Во время научных, архивных, исторических и библиографических исследованиях мавзолея, специалисты все больше убеждаются, что памятник является уникальным и выдающимся произведением среднеазитского зодчества. Не случайно и на сегодняшний день многие исследователи заостряют своё внимание на его архитектуре.

Мавзолей Карахана имел центрическую композицию и был портално-купольным сооружением. А вход в ранний мавзолей находился под пологом стрельчатой арки, которая была выделена клинчатой кладкой, оконтуренной кирпичом, положенным плашмя. Арка опиралась на трёхчетвертные колонки, выложенные спаренными кирпичами. Также была оформлена арка, охваченная П-образными, слегка выступающими рамами, выведенными кладками кирпичей. Мавзолей имел декоративный портал, который ещё не выделен в самостоятельный объём, что характерно для архитектуры Караханидов XI в. Невысокий парапет завершал порталную часть главного фасада.

По двум сторонам декоративного портала были расположены парные вертикальные покрытые орнаментом полосы, имеющие крупные ромбовидные узоры. Во время отделки сооружения использовали фигурный кирпич, различный по формату – было использовано 30 разновидностей. Очевидно, этим кирпичом, поверхность которого оформлена в виде восьмёрки, в виде рельефно выступающих клинчатых кирпичиков с крестообразным узором, было оформлено пространство портала между рамами. По сюжету они напоминали изразцы другого мавзолея этой же эпохи Айша-Биби. Другие три стены были выложены более просто, кладка выполнена спаренным кирпичом, слегка выходящая из тела стены ромбическую, расположенную по вертикали сетку.

Такая кладка была широко распространена при наличии трёхчетвертных колонок в порталах сооружений начала X–XI вв. таких, как мавзолей Исмаила Самани в Бухаре, Мир-Саид-Бохром в Кермине, султана Санжара в Туркмении, кумбеза Манаса в Киргизии. Орнаментальное убранство представляет собой кладку кирпичей, блокированных в клетку, квадраты, ромбики, елочку. Правило построения фигурной кладки очень простое. Такая кладка проста, как сама кладка. Она является образцом этого вида декорировки. Более ранних памятников с кладкой в виде елочки, треугольников, ромбиков на территории Средней Азии и Семиречья не встречается.

В то же время применение в порталном оформлении изразцов, по своей художественной композиции напоминавших изразцы Айша Биби и памятников Хорасана, позволяют отнести его к промежуточному звену между мавзолеями Бабаджи Хатун XI в. и Айша Биби XII в.

Таким образом, зодчий при строительстве мавзолея, включив декор в конструкцию стен и распределив его в соответствии с архитектурным замыслом, сумел осуществить синтез орнаментального декора с архитектурными формами.

В 1986 году группой архитекторов был разработан эскизный проект реставрации мавзолея Карахана, данный проект предусматривал графическую реконструкцию мавзолея по фотографии конца XIX в. и в результате изучения аналогов мавзолеев Караханидской эпохи.

Анализ пропорций ряда перечисленных выше памятников позволяет прийти к выводу, что зодчие X–XII вв. ориентировались рядом выработанных практикой правил построения тектонических структур и архитектурной формы.

Исходным параметром в определении соразмерностей сооружения служили квадратный план и его производные. Сначала определяли общие размеры членений высот сооружения, также соразмерные элементы плана. Проводя сравнительный анализ кладки перечисленных памятников, мы видим, что их объединяют не только решение орнаментов, но и одинаковые по конфигурации элементы, в частности квадратный с торца кирпич-вставка со сторонами 4,5x4,5 см. Из этого можно сделать вывод, что рассматриваемые памятники принадлежат к одному стилю и к одной эпохе. При проведении обмерочных работ современного мавзолея Карахана в 1979 году были найдены обломки кирпичей. Один из них представлял брусок длиной 11 см., размеры рельефного торца 4,5x4,5 см. При тщательном рассмотрении фотографии конца XIX в. видно, что этот брусок-вставка применяется, как на главном, так и на боковых фасадах.

Зодчий мавзолея Карахана, очевидно был незаурядным мастером своего времени. Зная сложившуюся к тому времени строительную практику этого решения, что позволило создать неповторимый архитектурный образ.

Во время изучения памятника визуально обнаружено, что ранний мавзолей XI в., возможно был расположен в другом месте. Как известно, мавзолей Карахана, заново построенный в 1905–1906 гг., расположен сейчас на территории бывшего староузбекского кладбище. В настоящее время это территория музея-заповедника «Ежелгі Тараз». Часть кирпичей из разрушенного раннего мавзолея была использована при перестройке, главным образом на купольное перекрытие нового мавзолея.

Эскизный проект 1986 года был разработан в институте Казпроектреставрация. Авторы проекта архитекторы М. Бейсембаев, Е. Пак, Н. Егоркина, С Агитаев.

Список литературы:

1. Статья члена Союза архитекторов СССР М. Бейсембаева. Мавзолей Карахана. Научно-популярный и информационный сборник Центрального совета Общества охраны памятников истории и культуры Казахской ССР. Памятники истории и культуры Казахстана. Изд. Алма-Ата «Казахстан», 1986.

2. Статья члена ТКЛА В. Каллаура. О Карахане и мазарах Аулиеата и Айша Биби. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Изд. Ташкент, 5 мая 1897.

3. Статья члена ТКЛА В. Панкова – Мазар Карахана. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Изд. Ташкент 5 мая 1897.

Қайырхан Орынбекұлы Шартаков
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі, Мәдениет комитеті
«Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени
қорығының кіші ғылыми қызметкері,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

ТАРАЗ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: ТАРИХИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Тараз қаласы – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан, Қазақстанның оңтүстігіндегі ең көне әрі тарихи-мәдени маңызы зор орталықтардың бірі. Оның тарихы көне түркі, соғдылық, парсылық және араб мәдениеттерінің тоғысында қалыптасты. Тараздың дамуы мен өркендеуі, ең алдымен, Ұлы Жібек жолының бойындағы геоэкономикалық жағдайымен тығыз байланысты болды. Тараздың іргетасы шамамен біздің дәуіріміздің I ғасырларында қаланды деп есептеледі. Қала Талас өзенінің бойында, теңіз деңгейінен шамамен 600 метр биіктікте, Қаратаудың батыс сілемдері мен Шу алқабының тоғысқан жерінде орналасқан. Мұндай географиялық орта Таразды ежелгі керуен жолдарының стратегиялық торабына айналдырды. Қытай шежірелерінде Талас бойындағы алғашқы шаһарды Хүн шәниюлерінің соңғыларының бірі Шөже біздің дәуірімізге дейінгі қырқыншы жылдардың шамасында салдырған деседі. Алайда қала салынған соңғы үш-төрт жыл аралықта бұл жерді қытайдың қалың қолы талқандап кетеді. Хүн бекінісі талқандалғанмен арадағы сауда жолының тармағы жойылмаған. Сөйтіп әйгілі Тараз шаһары VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда орталықтарының біріне айналады. VII ғасырдағы қытай деректерінде Тараз «Долосы» атауымен кездеседі. Бұл кезеңде қала батыс түрік және түргеш қағандарының билігі астында болып, халықаралық сауда мен дипломатиялық орталық қызметін атқарған. IX–XII ғасырларда қала Саманидтер мен Қарахан әулеті билігі кезінде ерекше гүлденіп, Ұлы Жібек жолының ірі сауда, мәдени және рухани орталығына айналды. Қаланың аумағында керуен-сарайлар, моншалар, базарлар, мешіттер мен медреселер бой көтерді. Тараз XIII ғасырдың аяғында моңғол империясының, одан кейін Темір империясының маңызды орталығы болып қала берді. Кейінірек XV–XVI ғасырда Жетісуда Қазақ хандығы құрамына енген кезде де қала өз жалғасын тауып кетті.

Ұлы Жібек жолындағы Тараз қаласының тарихи маңызы VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі мекенге айналды. Осы кезден бастап ол кеңінен мәлім болады. Ұлы Жібек жолы – Қытай мен Жерорта теңізі арасындағы сауда және мәдени байланыстар жүйесін біріктірген көне керуен жолдары торабы. Осы жүйенің маңызды тармақтарының бірі – Талас-Тараз-

Шаш (Ташкент)-Самарқан бағыты еді. Сонымен қатар Тараз қаласының Талас өзенінің бойында орналасуы халықаралық керуен жолдарының түйініне айналдырды. VIII–XII ғасырларда Тараз аймақтық экономикалық және қолөнер орталығы ретінде ерекше дамыды. Қаланың базарларында: Қытайдың жібегі мен фарфоры, Үндістанның дәмдеуіштері мен бағалы тастары, Ферғана мен Соғдының тоқыма бұйымдары. Жергілікті шеберлердің мыс, темір және қыш бұйымдары сатылды. Және де осы бағыт арқылы бұйымдар Орта Азия мен Дешті Қыпшақ даласына жеткізілді

Тараздағы қолөнер мен сауда жүйесі дамыған. Ұсталар, зергерлер, қышшылар және тері өңдеушілердің шеберханалары болған. Археологиялық қазбалардан табылған мыс және күміс теңгелер Тараздың ақша айналымы жүйесі болғанын дәлелдейді. Тараз сонымен қатар нумизматикалық орталық болған. Мұнда Түргеш, Қарлұқ, Қарахан әулеттерінің билеушілері өз теңгелерін соққан. Бұл қала экономикасының дербестігін және сауда қатынастарының дамығанын көрсетеді. Тараз осындай сауда ағындарының ортасында болып, түрлі халықтар мен мәдениеттердің тоғысқан жеріне айналды. IX–X ғасырларда Тараз одан әрі өсе түсті. Оның дәл сауда жолы бойында, егіншілікке қолайлы бай алқаптың ортасында, Талас Алатауындағы күміс кендеріне жақын жерде орналасуы экономикалық және мәдени өрге басуға жәрдемдесті. Ұлы Жібек жолының бойындағы Тараз тек сауда емес, мәдениет пен діндердің түйіскен нүктесі болды. Мұнда буддизм, христиандық (несториандық), манихейлік және ислам діндері тараған. VIII ғасырдың ортасында Тараз аймағына ислам діні ене бастаған, ал X ғасырда Қарахан мемлекеті кезінде ислам мемлекеттік дін мәртебесін алды. Осылайша, Тараз Орта Азиядағы ислам мәдениетінің алғашқы орталықтарының біріне айналды. Қаланың сәулет ескерткіштері – Айша Бибі, Бабаджа Хатун, Қарахан кесенелері сол дәуірдің мәдени өркендеуінің айғағы.

Тараздың сауда қатынастары Орта Азия мен Шығыс Түркістаннан бастап, Кавказ және Иран жерлеріне дейін тарады. Қаладан шығатын керуен жолдары арқылы Қазақстанның ішкі аймақтарымен де экономикалық байланыс орнады. Мысалы: Солтүстік бағыт – Орталық Қазақстан және Сарыарқа арқылы Еділ бойына дейін жетті. Батыс бағыт – Самарқан, Бұхара арқылы Иран мен Таяу Шығысқа өтті. Шығыс бағыт – Қашғар мен Қытайдың ішкі өңірлеріне бағытталды. Бұл бағыттардың барлығы Таразды аймақаралық сауда мен мәдени алмасудың торабына айналдырды.

Қорытындылай келе Тараз – Ұлы Жібек жолының маңызды экономикалық, саяси және мәдени орталығы болған. Оның тарихи миссиясы – Шығыс пен Батыс өркениеттерін байланыстырып, экономикалық серпіліс пен мәдени өзара ықпалдастықтың негізін қалауда. Бүгінгі таңда Тараздың тарихи мұралары мен Жібек жолы дәстүрі аймақтың туристік және мәдени әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарып отыр. Осы тұрғыдан алғанда,

Тараздың Жібек жолындағы тәжірибесі қазіргі заманғы Еуразиялық экономикалық байланыстарды дамытуда тарихи сабақ бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К. М. Ұлы Жібек жолы және Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992 ж.
2. Толебаев С. Ортағасырлық Тараз қаласы – Алматы: Ғылым, 2001 ж.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі Қазақстан мәдениеті. – Алматы: Санат, 1994 ж.
4. Gumilev L. N. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967 г.
5. Нұржанов А. Тараз тарихының археологиялық деректері – Тараз, 2010 ж.
6. Тараз қаласының қысқаша тарихы. <https://stud.kz/referat/show/19384>
7. Тараз тарихы. <https://share.google/AGQSVop4GJ8mYh4JE>
8. Тараз қаласының батысы мен оңтүстігі. <https://zharar.kz/id/8348>
9. Жібек жолының бойындағы қалалар. <https://ehistory.kz/kz/news/show/2381>

Jolanov E. E., Master of Science, Senior Lecturer
of the Department of «Tourism and Service» at M. Kh.
Dulaty Taraz State University.

TOURISM POTENTIAL OF THE ZHAMBYL REGION

Андапта

Мақала Жамбыл облысының мәдени-тарихи әлеуетін зерттеуге және туризмнің өңір мен жалпы Қазақстан экономикасындағы рөліне арналған. Мақалада өңірдің туристік әлеуетін қалыптастыратын негізгі тарихи-мәдени нысандар, табиғи-сауықтыру орындары және ерекше қорғалатын аумақтар ұсынылған. Сондай-ақ туризмді одан әрі дамытуға арналған негізгі бағыттар мен жобалар көрсетілген, оған мәдени-тарихи кластер құру, табиғи-рекреациялық аймақтарды дамыту және туристік өнімдерді тиімді ілгерілету жатады. Жамбыл облысында туризмді дамыту өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімі үшін стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: туризм, өңір, Жібек жолы, тарихи-мәдени нысандар, туристік нысандар, сауықтыру-санаторийлік мекемелер, табиғи аумақтар.

Аннотация

Статья посвящена исследованию культурно-исторического потенциала Жамбылской области и роли туризма в экономике региона и Казахстана в целом. В статье представлены основные историко-культурные объекты, природно-оздоровительные учреждения и особо охраняемые территории региона, которые формируют туристический потенциал области. Также выделены ключевые направления и проекты для дальнейшего развития туризма, включая создание культурно-исторического кластера, развитие природно-рекреационных зон и эффективное продвижение туристских продуктов. Развитие туризма в Жамбылской области рассматривается как стратегический ресурс для устойчивого социально-экономического роста региона.

Ключевые слова: туризм, регион, Шелковый путь, историко-культурные объекты, туристские объекты, оздоровительно-санаторные учреждения, природные территории.

Abstract

The article is dedicated to exploring the cultural and historical potential of the Zhambyl Region and the role of tourism in the economy of the region and Kazakhstan as a whole. It presents the main historical and cultural sites, natural health resorts, and specially protected areas that shape the region's tourism potential. The article also outlines key directions and projects for further tourism development, including the creation of a cultural and historical cluster, the development of natural and recreational zones, and the effective promotion of

tourism products. The development of tourism in the Zhambyl Region is regarded as a strategic resource for the region's sustainable socio-economic growth.

Keywords: tourism, region, Silk Road, historical and cultural sites, tourist attractions, health and sanatorium facilities, natural areas.

Tourism is one of the key sources of income in a nation's economy. The development of tourism contributes to the effective functioning of the state by impacting various sectors of the economy, such as the production of local goods, market trade, urban infrastructure development, transportation networks, hotels, restaurants, and other food service enterprises. Gradually, more and more industries become involved in the tourism sector, generating additional revenue for the state. As a result of tourism development, a significant number of jobs are created, which helps reduce the unemployment rate in the region.

The Zhambyl Region, like other regions of Kazakhstan, possesses unique opportunities and resources. Special attention is given to the historical monuments located in its territory, where traces of the Great Silk Road can be found. These sites are considered the foundation of tourism in the region.

A total of 3441 monuments are registered in the region, of which 25 are of national significance and 3416 are of local significance. In addition, 8 monuments are included in the list of sacred sites of Kazakhstan, and 27 monuments are on the microsacred map of Kazakhstan (out of a total of 500 monuments in Kazakhstan). Historical and cultural sites of the Zhambyl Region included in the list of sacred sites of Kazakhstan [1].

Table 1

Historical and cultural sites included in the list of sacred places of Kazakhstan

NAMES OF OBJECTS	LOCATION LOCATION
Tekturmas Mausoleum	The city of Taraz
Karakhan Mausoleum	The city of Taraz
«The ancient city of Taraz»	The city of Taraz
Mausoleum of Baizak batyr	Bayzak district
Aisha Bibi Mausoleum	Zhambyl district
Babaja Khatun Mausoleum	Zhambyl district
Akyrtas Palace Complex	Zhambyl district
«Merke-Zhaysan ritual complex»	Merkensky and Shuisky districts
<i>Note: Compiled by the author</i>	

Objects of historical and cultural heritage are immovable objects with related works of painting, sculpture, applied art, science, technology and other objects of material culture that have arisen as a result of historical processes and events of interest from the point of view of history, archeology, architecture, urban planning, art, science, technology, aesthetics, ethnology., anthropology, social culture [2].

The region is a leader in the presence of historical, cultural and natural heritage sites. The total number of monuments is 3,365, including all monuments of material culture, the history of archeology and ancient architecture, monumental art, architectural construction of the 30s, 40s, early 20th century up to the Soviet period. Of these, 3335 are objects of regional significance, 25 of national significance. Of the total 3,365. 5 sites of international importance that are included in the international Chan'an-Tien Shan corridor, listed as a UNESCO World Heritage Site, these are archaeological sites such as Balasagun, the capital of the Western Turkic Khaganate of the 6th century, Kulan, Ornek, Akyrtyas and Kostobe. In fact, Zhambyl region is the leader in Kazakhstan in terms of the number of UNESCO sites, that is, 5 Unesco sites, there are no such monuments in other regions of Kazakhstan.

The main tourist sites in the Zhambyl region are shown in Table 2.

Table 2
The main tourist sites of Zhambyl region

№	THE CITY OF	№	SARYSU DISTRICT
	TARAZ		
1.	Historical ethnocultural center «Kone Taraz»	1	Memorial «Ykylas Dukenuly»
2.	Kone Taraz Archaeological Park	2	The Shokai Datka Complex
3.	The ethnocultural complex «Tekturmas»	3	Saudakent settlement
4.	Karakhan Mausoleum	T. RYSKULOVSKY DISTRICT	
5.	The Mausoleum of Dauytbek	1	Kulan Settlement
6.	Early Islamic Mosque	2	Ornek Settlement
7.	Kali Yunus Sauna	Kordai district	
8.	Tortkul Caravanserai	1	Kenesary Khan Memorial
9.	Tekturmas Mausoleum	2	Utegen Batyr Mausoleum
10.	Memorial of the Kazakh Khanate	3	Tospala Petroglyphs
ZHAMBYL DISTRICT		TALAS DISTRICT	
1.	Aisha Bibi Mausoleum	1	The ancient settlement of Tamdy
2.	Babajā Khatun Mausoleum	2	Akkesene Guard Tower
3.	Aulie bastau spring	Shuisky district	
4.	Akyrtas Palace Complex	1	Zhaysan Complex
5.	The Bektobe Settlement	2	Balasagun settlement
6.	Karasai Petroglyphs	Bayzak district	
ZHUALIN DISTRICT		1	Kostobe settlement
1	Monument to Bauyrzhan Momyshuly	MERKEN DISTRICT	
2	Berkkar's Mound	1	Petroglyphs of "Merke 8"

3	Berkuab settlement (Bunooktyabrskoye-1)	2	Sypat Batyr Mausoleum
MOYINKUMKY DISTRICT		3	The Merke Settlement
1	Kirbas Mausoleum		
2	Mausoleum of Binazar Batyr		
<i>Note: Compiled by the author</i>			

The tourist attractiveness of 37 monuments, which are considered to make a significant contribution to the development of the region's tourism potential, depends on the degree of their preservation, concentration and restoration.

Zhambyl region is also rich in natural health and sanatorium facilities. These resources can be used for treatment at the sanatorium. Ryskulov, according to experts, in Kazakhstan and even in the CIS countries, is treated with mineral water of unequal composition (launched only in 2003), the Merke sanatorium with a source of mineral water rich in radon, the Aisha Bibi sanatorium with a black swamp, etc.

Table 3
Health and sanatorium facilities

NAME OF THE INSTITUTION	LOCATION
Aisha Bibi Sanatorium	Zhambyl district, Aisha Bibi village
Merke Sanatorium	Merken district, village of Merke
«Acne»	Merken district, Oital village
Koktal Sanatorium	Talas district
T.Ryskulov Sanatorium	The city of Taraz
Sanatorium «Samal»	The city of Taraz
Wellness center «Zhambylskaya GRES»	The city of Taraz
<i>Note: Compiled by the author</i>	

Specially protected areas are an important link in the development of ecotourism, as they contain unique natural complexes and historical and cultural heritage sites that attract tourists. These areas also have great potential for the development of ecological, educational, scientific, and recreational tourism.

Table 4
Specially protected natural areas (sanctuaries)

NAME OF SPECIALLY PROTECTED AREAS	LOCATION/ AREA	degree	information
Natural State (zoological) reserve «Ansadai»	Moyinkumsky	Of national importance	The area is 1,000,000 hectares.

Natural State (integrated) nature reserve «Berikkara»	Zhualin	Of national importance	The area is 17,500 hectares.
Natural state (botanical) reserve «Karakoniz»	Kordaisky	Of national importance	The area is 3070 hectares.
Zhusandala State Nature Reserve	Kordai, Shuisky, Moyinkumsky	Of national importance	-
Natural State (Zoological) Umbet Nature Reserve	T.Ryskulovsky, Bayzasky, Merkensky	Of local importance	The area is 289,400 hectares.
Natural State (zoological) nature Reserve «Merke»	The measure	Of local importance	The area is 68910 ha.
<i>Note: Compiled by the author</i>			

The regulated use of tourist and recreational resources in specially protected natural areas includes the organization of tourist routes, trails, recreation and entertainment areas, beaches, boat stations, water transport and beach facilities, taking into account established norms for recreational activity, excluding hunting. It is allowed to install equipment rental points.

In addition to cultural heritage, natural heritage tourism is developing well, there are 5 significant objects of specially protected natural territories on our territory - the Karakum Botanical Reserve, the Andasai Zoological Reserve, the Merken State Reserve, the Berikara Reserve, and part of the Aksu-Zhabagli Reserve. Unique objects such as Lake Kokkol, Karakistak Valley, as well as the Turkic sanctuary, Sandyktas ancestral valley at an altitude of 3–3.5 thousand meters above sea level, as in «Zhaysan», there are about 80 Turkic sculptures in its untouched natural landscape zone, a mirror image of the «Zhaysan» tract only high in the mountains[3].

One of the prerequisites for the development of tourism is the involvement of the population in the industry and government support for the implementation of tourism investment projects. It should be noted that 7% of global investments are in tourism.

The investment attractiveness of Zhambyl region is very high. Due to the wealth of natural resources, there are many places on the shores of Lake Balkhash that are suitable for the construction of tourist bases, ski resorts, and tourist bases that meet the requirements of international standards.

The tourist base, located in the Karalma tract of the Zhualynsky district, on the northern slope of the Western Tien Shan, Talas ridge at an altitude of 3,200 meters above sea level, is the first multidisciplinary (sports) recreation area in the region.

Zhambyl region has all the necessary resources and capabilities to provide services to travelers. The development of tourism potential reflects the multifaceted path of the state as an attractive and unique area for tourism activities.

The tourist attraction of Zhambyl region lies in its rich tourist potential, which includes a wide variety of attractions. Of particular interest are cultural and historical monuments, places of sacred significance, opportunities for recovery and treatment, unique local cuisine, traditional crafts, as well as various musical and cultural events [4].

All these elements create a unique offer for tourists and make Zhambyl region an attractive travel destination.

In order for tourism to become a key sector of the economy of the Zhambyl region, and in order to maximize its tourism potential, certain tasks and the implementation of a number of projects are required.:

- Creation of a regional cultural and historical tourism cluster based on the existing tourism potential. Creation of tourist routes, with the possibility of integrating them into the Great Silk Road project, including routes of cultural, historical, ethnic, gastronomic, artisanal and event tourism, as well as the organization of new transport routes.

- To create natural and recreational recreation areas based on accessible natural areas, for example, in the northeastern part of Lake Balkhash, it is necessary to equip the place with tourist infrastructure and ensure transport accessibility to this facility.

- Creation of a comprehensive system for promoting the territory of the Zhambyl region, through the promotion of tourism products at exhibitions and information tours. If you create a full-fledged product, launch advertising, inform the population about this route, invite colleagues to visit the area via an information tour, you can thereby increase the likelihood that people will learn more about this area, become interested and want to visit our area, then you will only need to improve the infrastructure, with the help of people like word of mouth, our area will be known more and more more.

All these events will undoubtedly help in the development of tourism in Zhambyl region, creating a special product and attracting more and more new tourists to our region, tourism will contribute to the formation of a new direction in economic development.

These initiatives will contribute to the development of tourism in Zhambyl region, creating unique products and attracting more and more new tourists to our region. Tourism will contribute to the formation of a new direction in the economic development of the region.

List of used literature

1. <https://ec-sport.kz/>
2. Sarancha M. A. The tourist potential of the territory: the problems of determining the essence and structure // BULLETIN OF the UDMURT UNIVERSITY 2015. Vol. 25, issue.
3. <https://www.livelib.ru/work/1001856326-osnovy-turizma-aleksej-kuskov>
4. Gulyaev V. G. Organization of tourist activity. Moscow: Nolidzh, 1996.

**Ташбаев Жумабек
Кусбаевич**

«Ордабасы» ұлттық тарихи – мәдени
қорық музейінің тарихи мәдени
мұраларда қорғау бөлім басшысы,
тарих ғылымдарының магистрі

Ордабасы тауындағы обалы қорымдардың зерттелуі

Қорым дегеніміз ежелгі жерлеу орындары шоғырланған зираттар. Қорым тастан, топырақтан немесе қиыршық тас аралас топырақтан үйіп жасалған бірнеше обалардан тұрады. Ал оба деп қабір үстіне тастан, топырақтан немесе осы екеуін араластыра үйінді тұрғызылған жерлеу орындарын айтады. Обалардың кейбіреулері айналдыра бір немесе бірнеше тас тізбектерімен қоршалады [1]. Мұндай жерлеу орындар әр кезеңде әрқалай орналасады. Мысалыға, ерте кезеңде шығыстан батысқа немесе солтүстіктен оңтүстікке қарай бағыттала тізбектеле орналасса, кейінгі кезеңдерде шашыраңқы орналасқан. Қазақстанда қола, темір дәуіріне жататын қорымдар көптеп зерттелген, ал ерте ортағасырға жататын обалар әліде болса зерттеуді қажет етеді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ежелгі обалардың диаметрі 100 метрден, биіктігі 20 метрден асатындығы анықталған. Оба үйіндісінің астынан бір немесе бірнеше жерлеу орындар кездеседі. Анықталған жерлеу орындар мен табылған заттай деректер, байырғы тұрғындардың әлеуметтік даму деңгейін, дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, діни наным-сенімдерін, жерлеу ғұрыптарын және қоғамдық қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді [2].

Адамзат тарихында мүрдені жерлеу салты орта палеолит кезеңінде пайда болса [3], қабір үстіне топырақ немесе тас үйіп оба тұрғызу әлдеқайда кейін, яғни энеолит дәуірінде қалыптасты. Бұл құрлыс Еуразия далалық өлкелерінде өмір сүрген халықтарға тән ескерткіш. Әдетте, ғалымдар обаға жерлеу ғұрпының шығуының өзін көшпелі тұрмысқа бейімделген далалық көшпелі тайпалар мәдениетімен байланыстырады. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ең алғашқы обалар Орал мен Днепр аралығында б. з. б. 3 мың жылдықта пайда болғандығы анықталған. Аталмыш обаларды энеолиттік көнешұңқыр мәдениетін қалыптастырған көшпелі тайпалар алғаш рет дүниеге әкелсе, осыдан кейін ол Еуразияның далаларына кеңінен таралып бір жолата тұрақтады. Қазіргі таңда археологиялық зерттеулердің нәтижесінде обаларды жүйелеу мен сипаттаудың қалыптасқан тәртібі орнатылды [4].

Ордабасы тауындағы орналасқан обалы қорымдарына келер болсақ, қорым–Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам стансасының оңтүстігінде биік қыраттың үстінде тізбектеле орналасқан (Сурет – 1). Қорымда топырақ үйінді 28 оба орналасқан. Обалардың диаметрі 17–20 метр. ал биікті 1,5–2 м. болып келуде. Қорымда жүргізілген археологиялық

зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, аталмыш обалардың б. д. д.VII–VI ғасырлар аралығына жататындығы анықталған.

Ордабасы обалы қорымының зерттелу тарихына келер болсақ, Ордабасы тауындағы обалы қорымдарды алғашқы болып Халықаралық Қазақ Түрік Университетінің профессоры, археолог Александр Николаевич Подушкиннің басшылығымен 1980 жылы зерттеу жұмыстары жүргізген. Нәтижесінде тау үстінде бірқатар жерлеу нысандары анықталып, классификация жасалып картаға түсірілген.

Анықталған ескерткіштер орналасуы жағынан үш үлкен топқа бөлген.

1. Орталық обалар тобы.
2. Солтүстік шығыс обалар тобы.
3. Оңтүстік шығыс обалар тобы.

Орталық обалар тобына «Патша обасы» оның солтүстігіндегі төрт оба және оңтүстігіндегі бір оба жатқызылған



Сурет – 1. Ордабасы обалы қорымының әуеден көрінісі.

Солтүстік шығыс обалар тобына орталық топтың солтүстігінен көлденең түскен тізбегін жатқызылған. Обалардың санын жалпылама оннан көп деп көрсетілген.

Оңтүстік шығыс обалар тобына орталық топтың оңтүстік шығысында 250-300 метір жердегі жота үстінде тізбектеле жатқан обаларды кіргізген. Жалпы саны жиырмадан көп деп көрсетілген.

Ордабасы тауының әр жерінде орналасқан 4–5 обадан тұратын ескерткіштерді нақты орны көрсетілмей аталып кеткен. Олардың жалпы саны жиырмаға жуық деп анықтаған.

Қазба жұмыстары бес обалы қорымда жүргізілген. Оңтүстік шығыс тобынан бір обаға. Солтүстік-шығыс тобынан бір обаға. Орталық топтан бір обаға. Қазылған обалардың екеуінде мәйіт болмай шыққан оларды кенотаф деп көрсетілген.

Орталық топтағы қазылған оба б.д.д. VII–IV ғасырларға тән ескерткіш деп көрсетілген. [5]. Кенотаф жерлеулер Кую-Мазар қорымынан анықталған. Сонымен қатар Тулейкен, Кенкөл және Янги-Юл қорымдарынан да белгілі

болған. Кенкөл қорымы №1 обадан тек қана көмірдің қалдығы табылған. Зерттеушілер кейбір кенотаф жерлеулерде тек о дүниелік заттар болады және тонауға байланысты ешқандай із болмайды деп келтірген. Мысалы, Солтүстік Кавказдағы Пашковск қорымы №3 обادا о дүниелік заттар мен құрбандыққа шалынған жануардың сүйектері табылған. Мұны К. Ф. Смирнов кенотаф жерлеу ретінде қарастырған. Кенотаф жерлеулер ежелгі Грецияда мәйіті табылмағандардың ең болмаса рухы тыныштық тапсын деген мақсатта жасалған [6].

Тау етегінде орналасқан Ақбұлақ ауылының маңындағы «Вревское» қорғандар тобына зерттеу жұмыстарын жүргізгенде бес обалы қорған ашылған. Бұл қорғандардың ерекшелігі – көлемі өте үлкен болған. Кейбіреуінің диаметрі 17–20 метр ал биіктігі 1,5–2 метр болған. Мәйіттер 3–3,5 метр тереңдікке көмілген. Алдын-ала зерттеулер жүргізгенде бұл қорғандардың салынған уақыты біздің заманымыздың III ғасыры шамасына келетіні анықталған. Обалы қорғандарды қазу барысында олардан адам қаңқалары мен мал сүйектері, керамикалық ыдыстардың қалдықтары, садақ оқтарының ұштары шыққан. Ал, орталық қорғандарды ашқанда онда мұқияттап жақсы сақталған адам қаңқасы табылған. Бұл мәйіттердің басқа обалы қорғандардағы мәйіттерге қарағанда айырмашылығы, өте ірі болған. Бойы 1 метір 93 сантиметр келетін мәйіттің басы оңтүстік-батысқа қарай қойылып, мұқият лай мен құм араластыра сыланған. Мәйіт сыртындағы сылақты аршығаннан кейін ішінде ертедегі жауынгерлерге тән бұйымдар қойылғаны белгілі болған. Атап айтқанда, беліне байланған қанжар қалдығы, тас қайрақ, темірден және сүйектен жасалған садақ ұштары және мал сүйектерінен жасалған әртүрлі әшекей бұйымдар табылған. Мұндай сүйектен жасалған әшекей заттар негізінен III ғасырлардағы ғұн тайпаларына тән екендігі айтылған. Олар мұндай заттармен атқа салынатын ер-тұрмандарды көркемдейтін болған. Мұнан басқа осы кезеңдерге тән керамикалық ыдыстар табылған.

Көкбұлақ ауылының маңында да жүргізілген қазба жұмыстарында дәл сондай обалы қорғандар табылған. Мұнда жер бетінен 2 метр тереңдікте бірнеше адамның мәйіті, керамикалық ыдыстар табылған. Олар қыштан жасалған майшам, екіқолды құмыралар табылған. Нәтижесінде Ордабасы тауы маңайында б. д. д II–III ғасыр және б. д. д VII–IV ғасыр аралығын қамтитын обалар тобынан тұратын қорым деген қорытындыға келген. [6].

2017 жылы бірінші президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің «Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Ордабасы» ұлттық тарихи мәдени қорығы аумағындағы есекерткіштерді есепке алу, құжаттау, мақсатында «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық музейінің қызметкері, археолг, «Archeo-service» ЖШС басшысы Ақылбек Серік Шаймерденұлының жетекшілігімен бірлесе ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. (Сурет – 2).

Қорық аумағындағы ескерткіштерге зерттеу жұмыстын жүргізудегі басты мақсат

- археологиялық ескерткіштерді жіктеу
- ескерткіштердің нақты орнын анықтау
- ескерткіштердің хронологиясын нақтылау,
- нысанды әуеден суретке түсіру;
- ескерткіштердің ғылыми паспортын жасау;
- есепке алу карточкаларын дайындау
- ескерткіштердің мәртебесін алу болып табылады.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 140 обадан тұратын 28 археологиялық ескерткіш ал қорық шекарасының сыртында қалған 40 обадан тұратын 12 археологиялық ескерткіш орналасқандығы анықталды.




2сурет. Ғылыми зерттеу жұмыстары сәтінен көрініс.

Қорық аумағында орналасқан ескерткіштердің ішінде 4 обалы қорым, 10 обалар тобы, 13 жекелеген обалар, 1 қарауылтөбе бар екендігі белгілі болды.

Ал қорық шекарасы сыртында орналасқан ескерткіштер; 10 обалар тобы, 2 жеке обалар анықталды.

Қорық аумағындағы анықталған ескерткіштердің хронологиясына келетін болсақ аталған обалардың ішінде б. д. д. II–III ғасырларға жататын 1 ескерткіш оба, б. д. д. VII–IV ғасырларға жататын – 4 ескерткіш оба, біздің дәуіріміздің IV–VI ғасырларға жататын 22 ескерткіш обалар және X–XII ғасырларға жататын 1 қарауылтөбе анықталды. Қорық шекарасының сыртында жатқан ескерткіштердің ішінде б. д. д. VII–IV ғғ. жататын 3 ескерткіш обалар, б. д. д. IV–VI ғғ. жататын 9 ескерткіш обалар табылды.



3 сурет. «Ордабасы қорық-музей аумағындағы обалы қорымдардың қорғау аймақтарының жалпы көрінісі.

«Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейінің аумағында орналасқан обалы қорымдарға жүргізілген зеттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығымен Республикалық маңызы бар ескерткіш мәртебесі берілді. Алдағы уақытарда обалы қорымдарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қозыбаев М. Қ. (бас редактор). Қазақстан тарихы. 1 том. – Алматы: Издательство «Атамұра». – С. 136–138.
2. Сыдықова А. М., Макишева А. Т. Ежелгі Қазақстан Тарихы. Павлодар: ПМПИ, 2013. – С.–46.
3. Алипова С. Б. Қазақстан палеолиті отандық және шетелдік археологтардың зерттеулерінде (1991-2011жж.). философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. Алматы. 2014. – С. 4.

4 А. Н. Подушкин. Арысская культура Южного Казахстана IV д. н. э–VI н. э Монаграфия. Издательства МКТУ имени Х. А. Ясави. Туркестан. 2000г. – С. 30–31

5. А. Н. Подушкин. Археологические работы на Ордабасы. Сборник статей, 75 летию Южного-Казахстанского областного историко-караеведческого музея. Атамұра. Шымкент 1995.– С. 73–74.

6. Обельченко О. В. Курганные погребенья первых веков н.э. и кенотафы Кую-Мазарского могильника // Труды Среднеазиатского государственного университета им. В.И.Ленина. Археология Средней Азии. IV. Ташкент: Изд-во САГУ, 109–132.

7. Қазақ бірлігінің бастауы - Ордабасы. Азият. Шымкент. 2013. – С. 178

Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
«Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы,
Гуманитарлық ғылымдар магистрі

Тараз – тарихтың терең қойнауынан сыр шертетін көне шаһар

Тараз – тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағындағы ең көне әрі ең қастерлі қалалардың бірі. Белгілі ғалым Лев Гумилевтің дерегіне сүйенсек, бұл ежелгі шаһар алғашында Талас деп аталған. Қытай деректерінде біздің заманымызға дейінгі I ғасырда ғұн билеушісі Чжан Чжин (Чжичжи) осы өңірде қала тұрғызып, оны То-ло-со деп атағаны айтылады. Уақыт өте келе, 630 жылдарға дейін То-ло-со аталып келген қала кейін Талас, ал 893 жылы Тараз деген атауға ие болды. Зерттеушілердің пікірінше, бұл көне қаланың негізін қалауда Парфиядан келген шеберлер, Рим легионерлері мен жергілікті тұрғындар бірігіп еңбек еткен болуы мүмкін. Бұл Тараздың мәдени және тарихи бастауларының сан қырлы, бай әрі терең екенінің айғағы. Тараз өңірінің тарихы ерте палеолит дәуірінен бастау алады. Әсіресе Қаратау таулары – ежелгі адамдар үшін қолайлы қоныс болған. Арыстанды өзені бойынан табылған тас құралдар мұндағы алғашқы адамдардың аңшылықпен, терімшілікпен айналысқанын дәлелдейді.

Ұлы ғұндар дәуірінде Тараздың негізі қаланып, шаһар ретінде қалыптаса бастады. Академик Әлкей Марғұлан көне жазбалар мен археологиялық деректерді терең зерттей келе, Таразды Жетісу ғана емес, бүкіл Қазақстан жеріндегі алғашқы қалалардың бірі деп бағалаған. Тараз туралы алғашқы нақты жазба деректер V ғасырда пайда болды. 568 жылы бұл қалада Византия императоры Юстинианның елшісі Земарх болып, шаһар туралы маңызды мәліметтер қалдырған. Ал 629 жылы Қытайдан шыққан әйгілі будда миссионері Сюань Цзян да Таразды көріп, оның сәулеті мен тіршілігін сипаттап жазып кеткен.

VIII–X ғасырларда Тараз сауда мен мәдениеттің ірі орталығына айналды. Шығыс авторлары бұл қаланы түрлі халықтардың басын қосқан, дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген тауарлармен сауда жасалатын, түрлі тілдер мен діндер үндескен өркениет ордасы ретінде сипаттайды. Базарларында түрік тілінен өзге, араб, парсы, үнді тілдері де еркін естілетін. Шын мәнінде, бұл кезеңде Тараз – «көпестер қаласы» атанған. Атақты араб саяхатшысы әл-Макдиси Таразды халқы көп, айналасы ормен қоршалған, төрт қақпасы бар алып шаһар ретінде сипаттайды. Ол мұнда бау-бақша жайқалып өсіп, қала маңында көптеген елді мекендердің шоғырланғанын жазады. Тараз – өткеннің үнін бүгінге жеткізген, тұтас бір дәуірлердің айғағы іспетті тарихи мұра. Ұлы Жібек жолының бойындағы бұл көне қала – қазақ жерінің ғана емес, бүкіл адамзат өркениетінің ортақ байлығы.

Тарихтың терең қойнауына көз жүгіртсек, Тараз қаласының іргетасы біздің заманымызға дейінгі III–II ғасырларда қаланған деген тұжырымға келеміз. Бұл көрнекті қазақ ғалымы, академик Әлкей Марғұланның

археологиялық деректерге сүйене отырып жасаған байламы. Ал әйгілі шығыстанушы, академик В. В. Бартольд өз зерттеулерінде ежелгі Тараздың орны қазіргі Орталық базар аумағында орналасқанын атап көрсеткен. Археологтардың ұзақ жылдарға созылған қазба жұмыстары бұл деректерді растады: Тараз қаласы I ғасырдың алғашқы кезеңінен бастап-ақ қалыптаса бастаған. Бірте-бірте Тараз қуатты бекіністері бар, халқы тығыз қоныстанған камалды қалаға айналды. Бұл кезеңде Талас өзенінің бойын қаңлы тайпалары мекендей бастады. Ал VI ғасырдан бастап осы өңірге түркі тілді ру-тайпалар орныға түсті. Олар өзара туыстас, мәдениеті мен дәстүрі ортақ іргелі халық ретінде қалыптаса бастады. Тарихшылардың пайымдауынша, бұл кезеңде Тараз ғана емес, бүкіл Орта Азия қалаларының негізгі тұрғындары – түркілер болды. Алайда бұл қалаларда сонымен қатар соғдылар, арабтар, парсылар мен сириялықтар да көптеп қоныстанды.

Тараздың саяси және мәдени өркендеуінде Батыс Түрік қағанатының ықпалы ерекше болды. Бұл дәуірде түркілер мен соғдылар арасындағы байланыс артып, соғды мәдениеті мен өнерінің элементтері Тараз мәдениетіне сіңе бастады. Сауда-саттық, қолөнер мен сәулет өнері гүлденіп, қала Орта Азиядағы ірі орталықтардың біріне айналды. Алайда VIII ғасырдан бастап Батыс Түрік қағанаты құрамындағы ру-тайпалар арасында билік үшін күрес басталып, ішкі алауыздық туындады. Бұл саяси тұрақсыздық салдарынан кейбір тайпалар Іле өзенінің бойынан ығысуға мәжбүр болды. Осы тарихи аласапыран кезеңде де Тараз өзінің экономикалық және мәдени маңыздылығын жоғалтпай, байлығы мен қуаты жағынан ерекше мәртебеге ие қала болып қала берді. Тараз – ежелгі өркениеттің ізі қалған, түркі әлемінің тұғыры болған, талай тарихты бастан өткерген киелі мекен. Ол – түркі халықтарының тағдыры түйіскен, сан түрлі мәдениеттер тоғысқан, ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен шежірелі шаһар.

X ғасырдан бастап Тараз қаласының атауы кең көлемде танымал бола бастады. Осы кезеңде тәжіктер Талас қаласын «Тараз» деп атай бастады. 955 жылы өңірде Қарахан әулетінің билігі орнады. Ал арада бес жыл өткен соң, 960 жылы Қарахан мемлекеті ислам дінін ресми, мемлекеттік дін ретінде жариялады. Осыдан бастап ислам өркениеті мен мәдениеті Тараз жерінде терең тамыр жайып, жаңа рухани дәуір басталды.

Бұған дейін таралған зороастризм, христиандық, буддизм сынды өзге діндер біртіндеп шеттетіліп, аймақтың басты рухани бағыты ретінде ислам орнықты. Дегенмен көрші Жетісу аймағында мекендеген түркілер ежелгі наным-сенімдеріне, атап айтқанда, Тәңірлік дүниетанымға адал болып қала берді. Бұл дәуір – түркілер мен мұсылмандық дүниенің бір-бірімен терең үндесіп, біртіндеп жаңа өркениеттік тұтастыққа ұласқан кезеңі болды.

Зерттеушілердің пайымдауынша, Оңтүстік Қазақстанның ірі қалаларында, оның ішінде Таразда түркі тайпалары басымдыққа ие болды. Соғдылар бұл өңірде, әсіресе 580–731 жылдар аралығында тығыз қоныстанғанымен, Тараз X–XII ғасырларда түркі билеушілерінің – «Түрік патшаларының ордасы» ретінде өз мәртебесін сақтап қалды. Бұл пікірді

ортағасырлық араб тарихшысы Таари да қуаттап, Таразды түрік мемлекетінің жүрегі ретінде сипаттаған.

Осы тарихи негіздердің барлығы кейін XV ғасырда жеке хандық ретінде қалыптасқан қазақ халқының түп-тамыры әлдеқайда тереңде жатқанын көрсетеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше, қазақ халқының этникалық негізі мен біртұтас саяси бірлігі XI–XII ғасырларда-ақ қалыптаса бастаған. Ал Тараз сол қалыптасу үдерісінің маңызды рухани, саяси және мәдени орталығы болды.

VIII ғасырдың алғашқы жылдары Тараз даласы күрделі тарихи кезеңдерді бастан өткерді. 705 жылы араб әскерлері Орта Азияның теріскей шебін нысанаға алып, Пайкендке жорық жасады. Алайда бұл шабуыл соғдылар мен түргештердің бірлескен қарсылығына тап болып, арабтар кейін шегінуге мәжбүр болды. Түргеш қағанаты әлсірегеннен кейін, арабтар тағы да қайта соққы жасауға тырысқанымен, түбегейлі үстемдік орната алмады. Олар тек Оңтүстік Қазақстанның кейбір өңірлерін ғана өз иеліктеріне қоса алды.

Сол тарихи кезеңдерде Тараз бірте-бірте Жетісу мен Орта Азиядағы жетекші қолөнер мен сауда орталықтарының біріне айналды. Сауда керуендері тоғысқан бұл шаһар жаңа тыныс алып, мәдени әрі экономикалық өрлеу кезеңіне қадам басты. Осы дәуірде тұрғызылған әйгілі **Тараз моншасы** – сол уақыттың өркениеттік жетістіктерін айғақтайтын сәулет ескерткіші.

Ислам дінінің үстемдік құруымен бірге, XI ғасырда Таразда ерекше рухани серпіліс орын алды. Дәл осы кезеңде бүгінге дейін жеткен **Айша бибі, Қарахан, Бабажы-хатун** кесенелері салынды. Бұл сәулет өнерінің жауһарлары исламдық және түркілік рухтың тоғысуынан туған мәдени сымбаттың үлгісі еді.

XI ғасырдың бірінші жартысында Тараз бен Испиджаб қалаларында күміс және мыс теңгелер соғылып, аймақтың экономикалық тәуелсіздігі нығая түсті. Алайда бұл өрлеу ұзаққа созылмады. XII ғасырдың соңында Қарахан мемлекеті әлсіреп, оның иелігіне **Қарақытайлар** қол салды. Бірақ 1210 жылы оларды **Хорезмшах Мұхаммед** тас-талқан етіп жеңді.

Осыдан кейін Тараз түрлі билеушілердің қолына өтіп, тағдыр тауқыметін тартты. 1220 жылы ұлы жорықтың екпінімен келген **Шыңғыс ханның әскерлері** Таразды бағындырып, оны **Шағатай ұлысының** құрамына қосты. Қаланы қайта қалпына келтіру мақсатында жаңа шаһар – **Яны** бой көтеріп, 1334 жылға дейін бұл қалада ақша соғу ісі жалғасты. Бұл Тараздың қайта түлеп, сауда мен қолөнер орталығы ретінде жандана бастаған кезеңі еді.

Осы тұста тағы бір сәулет ескерткіштері – **Дәуітбек пен Тектұрмас** мазарлары бой көтерді. Бұл кесенелер ислам өркениетінің өңірдегі орнығып, мәдени өмірге тереңдей енгенін паш ететін нышандар болды. Алайда 1307 жылы Шағатай әулетінің арасындағы тақ таласы кезінде қала тағы да ойранға ұшырады.

Сөйтіп, қала мыңжылдық тарихында бірнеше рет күйреп, қайта жанданған, от пен оқтың ортасынан аман шыққан, әр дәуірдің ұлы өркениетін бойына сіңірген шежірелі мекен. Ол тек өткеннің куәгері ғана емес, бүгінгі ұрпаққа мұра боп жеткен рухани қазына.

Қазақ жері тек табиғи кен байлықтарының ғана емес, сонымен қатар табиғаттың көз тартар көркі мен адамзат өркениетінің алтын арнасына айналған құнды қазыналарының мекені. Бұл кең байтақ дала ежелден-ақ адамзаттың тіршілік етуіне, қоғам құрып, мәдениет өркендетуіне қолайлы өмір кеңістігі болған.

Қазақ халқы – түркі тілдес ру-тайпалардың, көне ұлыстардың ортақ аумақта ғасырлар бойы тіршілік етіп, тарихи даму сатыларынан өте отырып біртіндеп бірігуі нәтижесінде қалыптасқан халық. Ежелгі дәуірлерден жеткен жоңғар шежірелері мен шетелдік жылнамашылардың жазбаларында қазақ құрамына енген ру-тайпалардың аттары сақталған. Бұл атаулар қазіргі этникалық негізбен тығыз сабақтасып жатқан тарихи шындықтың айғағы. Сондықтан да бұл дереккөздер қазақ халқының қалыптасу тарихын зерттеуде аса құнды әрі нанымды негіз болып табылады. Халықтың біртұтас этнос ретінде танылуы тек қоныс пен рулас болудың ғана емес, ғасырлар бойғы саяси, экономикалық және рухани ортақтықтың жемісі.

Қазақ даласы адамзаттың алғашқы ошақтарының бірі. Ғылыми деректерге сүйенсек, жер бетіндегі алғашқы адамдар пайда болған үш орталықтың бірі – дәл осы Ұлы дала. Қалған екеуі Шығыс Африка мен Үндіқытай түбегін, Суматра мен Ява аралдарын қамтитын оңтүстік-шығыс Азия аймағы. Бұл Қазақстан тарихының тереңдігін, адамзат дамуының ажырамас бөлігі екенін көрсететін биік мәртебе.

Қалалардың пайда болуы да кездейсоқ үрдіс емес. Белгілі археолог В. М. Массон атап өткендей, қала – қоғамдағы күрделі экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастардың табиғи нәтижесі. Қала құрылуы айырбас пен сауданың дамуы, кәсіпкерліктің өркендеуі, байлық теңсіздігі секілді факторлардың негізінде пайда болған қажеттілік. Мұндай жағдайда қоғамға ірі шаруашылық, сауда және мәдени орталықтар ауадай қажет болды.

Осындай тарихи үдерістің жарқын көрінісі Тараз қаласы. Бұл көне шаһар еліміздің тарих сахнасында ең алғаш бой көтерген қалалардың бірі ретінде саналады. Археологиялық деректер мен материалдық жәдігерлер Тараздың кемінде екі мың жылдан астам тарихы бар екенін дәлелдейді. Қазақ археологтарының табанды зерттеулері нәтижесінде Тараздың Орта Азия өркениеттерінің дамуында алатын орны нақты айқындалды. Тараз тек бір қаланың ғана емес, бүтіндей бір халықтың, тіпті тұтас өңірдің саяси, мәдени, рухани өмірінің алтын күретамыры. Ол өткен мен бүгінді, көне мен жаңаны жалғаған тарихи тамыр.

Еуразияны бойлай созылған Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Тараз қаласы көне өркениеттің ұлы куәсі, талай тарихтың алтын парағы. Бұл шаһардың гүлденуі мен өркендеуіне сауданың дамуы, ақша айналымының

қалыптасуы, егіншілік пен қолөнердің өркендеуі тікелей ықпал етті. Қалада өндіріс құралдарын жасау, архитектура мен қолөнер кәсіптері соғды шеберлерінің елеулі ықпалымен өріс алғаны тарихи шындық.

Тараздың көне сауда жолының күре тамырларының біріне айналуы оның географиялық орналасуымен тығыз байланысты. Шығыстан Батысқа, терістіктен күнге бағыт алған керуендер үшін Тараздан аттап өту мүмкін емес еді. Теріскейдегі қарлы таулардан кейінгі жазиралы даланың шеті осы өңірден басталып, Таразды табиғи өткел, өркениеттерді байланыстыратын тоғыз нүктесіне айналдырды.

Археологиялық деректерге сүйенсек, Тараз қаласының алғашқы нышандары б.з. I ғасырында пайда болған. Ал V–VII ғасырларда қала Цитадель мен Шахристаннан тұратын бекініске айналып, мәдени және экономикалық орталық ретінде таныла бастады.

VIII ғасырда Батыс Түрік қағандығы құлап, оның мұрагері ретінде тарих сахнасына шыққан Түргеш қағанаты Таразды астана етті. Қағандықтың негізін қалаған әйгілі Түргеш – ел аузындағы Сарыүйсін атымен белгілі, Бәйдібектің ұрпағы. Оның кезінде Талас бойындағы түркілер отырықшы өмір салтына біржола бет бұрды. Қытай шежірелері мен Батыс деректері кейде бұл өзгерістерді сыртқы ықпал ретінде көрсеткенімен, шын мәнінде олар сол дәуірдің ірі тұлғаларының бастамаларымен жүзеге асты.

XI–XII ғасырлар Тараздың гүлдену кезеңі. Бұл кезеңде қала дербес саяси күшке айналып, Қашғар мен Самарқанд секілді ірі қалаларға билік жүргізді. Сауда мен қолөнер шарықтап дамыды. Шахристан қаланың экономикалық және мәдени өмірінің шоғырланған орталығына айналды.

Алайда бұл даңқты дәуір ұзаққа созылмады. XII ғасырдың соңында Таразды қарақытайлар жаулап алды. 1210 жылы Хорезмшах Мұхаммед оларды талқандағанымен, бұл уақытша жеңіс еді. 1220 жылы қала Шыңғыс ханның әскерлерінің шапқыншылығына ұшырап, Тараздың қуаты әлсіреді. Осыдан бастап қала «Жаңа Талас» атымен белгілі болды.

XIII ғасырда тарихшы Якут: *«1320 жылы жер мен көк жаралғалы бері болмаған бақытсыздық орын алды. Қалалар мен қамалдар бұзылып, адамдар олардан қашты. Қаңыраған бақтар көзге жас үйіріп, жүрек тебіренмеді...»* – деп жазған еді. Бұл сөздер – сол кезеңдегі Тараздың күйзелісін сипаттайтын жанды шежіре.

1307 жылы Шағатай ұрпақтары арасындағы ішкі талас-тартыстар қалаға тағы да ауыр соққы болды. Алайда Тараз тарих сахнасынан біржола кеткен жоқ. XIV ғасырда ол «Мауереннахр мен Алмалық арасындағы сауда жолындағы қала» ретінде аталды. Бұл шағын елді мекендерден қайта қалыптасқан тіршілік белгісі болатын.

Ұлы Жібек жолы маңызынан айырыла бастаған XV–XVI ғасырлар Тараздың біртіндеп ұмыт бола бастаған уақыты. Еуропа мен Үндістан арасындағы теңіз жолының ашылуы, Орта Азиядағы саяси тұрақсыздық, үздіксіз соғыстар мен көшпелі тайпалардың ықпалы қала өмірін әлсіретті.

Әйткенмен, Тараз атауы соңғы рет 1513 жылы қазақ ханы Қасымның жорығында айтылады. Бұл қаланың Қазақ хандығы құрамына енген шағы.

XVIII ғасырдың соңында Ұлы Абылай хан Тараз қаласын қайтадан жандандыруға күш салып, үйіндіге айналған ежелгі шаһарды құрылыс орталығына айналдырды. Қала біртіндеп тіршілігін қалпына келтіріп, тарихи сабақтастығын сақтады.

Иә, әр қаланың өзіндік тағдыры бар. Ғасырлар сынынан өткен Тараз тарихтың үнсіз куәгері, жадыда жаңғырып тұратын шежіре. Ғасырлар шаңы көне шаһардың үстін көмкеріп жатса да, археологтар мен ғалымдардың жанқиярлық еңбегімен оның бай тарихы бүгінгі ұрпаққа қайта оралды.

Л. Н. Гумилевтің айтуынша, Тараздың алғашқы атауы – Талас. Ол Батыс Түрік қағанатының құрамында болып, VI ғасырдан бастап Қытай, Парсы, Византия және Үндістан сынды алпауыт елдермен сауда-саяси қарым-қатынас орнатқан ірі аймаққа айналды.

Қала арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының маңызды тармақтарына бақылау орнату мақсатында түрлі мемлекеттер Түрік қағанатымен одақ құруға тырысты. Сауда мен мәдениет осы одақтардың алтын көпірі болды. Жібек, алтын, асыл тастармен қатар идеялар, сенімдер, өнер мен ғылым да бір елден екінші елге ауысып жатты. Осы орайда Тараз сауданың ғана емес, мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан нүктесі болды.

Бүгінде көне Тараздың ізі қайта жаңғырып келеді. Айша бибі мен Қарахан кесенелері, бабалар салған тас жолдар мен мешіттердің іздері өткеннің үнсіз ескерткіштері.

Мадина Мананбайқызы Ибадильдаева
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығының
ғылыми қызметкері, ғылым магистрі

ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тараз қаласының орталық бөлігінде орналасқан Тараз қалашығы – ежелден-ақ тарихы бай, жері құнарлы, табиғаты әсем, руханият ошағы және ірі сауда орталығы болған Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі.

Белгілі тарихшы Л. Н. Гумилевтің айтуынша, Тараздың алғашқы аты Талас болған. Қытай деректерінде қаланың негізін б. з. д I ғасырда ғұн билеушісі Чжан Чжин (Чжи чжи) қалап, атын То-ло-со деп атаған. Қала 630 жылға дейін То-ло-со, одан кейін Талас, 893 жылы Тараз деп аталған. Кейбір зерттеулерге қарағанда қаланы алғаш салушылар Парфия шеберлері, Рим легионерлері және жергілікті халық болған.

Тараз қаласының атауы хақында көптеген парсы тілінде жазылған деректерде «Тараз», «Талас» не «Банки», яки «Йанги» немесе «Йанки» болып

айтылады. Оның мән-жайын анықтау үшін ең әуелі Махмұд Қашқаридың түрік сөздігіне жүгінсек: «Талас», «Тараз» дей келе, Талас екеу болған. Бірі — «Ұлуғ Талас» (Ұлы Талас), екіншісі — мұсылмандар шекарасында орналасқан «Кәми Талас» деп аталады.

Ал, Тараз өңірінің ежелгі тарихы ерте палеолит дәуірінен басталады. Мұнда ежелгі адамдардың қоныстануына анағұрлым қолайлы орындар — Қаратау таулары болды. Бұл жердегі Арыстанды өзені бойынан табылған тас еңбек құралдары ежелгі адамдардың аң аулауына және терімшілікпен айналысқанын көрсетеді. Келесі дәуірде тарих сахынасына келген ұлы ғұндар тұсында Тараз қаласының іргесі қаланды.

Белгілі қазақ ғалымы, академик Ә. Марғұлан археологиялық қазба деректеріне сүйене отырып Тараз б. з. б. III–II ғасырларда іргесі қаланған деген қорытынды жасайды. Ал, академик В. В. Бартольд ұзақ зерттеулер нәтижесінде ескі қаланың орны қазіргі орталық базар орналасқан алаң деп көрсетті. Археологтар зерттеулер жүргізіп, Тараз қаласы I ғасырдың бас кезінен бастап салына бастаған деген қорытындыға келген. Б. з. б. I ғасырдан бастап Талас өзені бойын қаңлы тайпалары мекендей бастады. VI ғасырдан бастап осы өңірді түркі тілдес ұлттар қалыптаса бастады. Зерттеушілердің айтуынша, Тараз сонымен қатар, Орта Азияның басқа қалаларындағы негізгі тұрғындары түркілер болды. Түркілермен қатар соғдылар, арабтар, парсылар, сириялықтарда көп болды. VIII ғасырдан бастап Батыс Түрік қағанаты құрамындағы тайпалар арасында өзара соғыс басталды. Нәтижесінде, Іле өзеніне ығысқан. Бұл кезде Тараз аса ірі әрі бай қала болатын. Осы кезден бастап тәжіктер Талас қаласын Тараз деп атай бастады.

Ежелгі Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі әкімшілік орталығы болып табылған. Оның өсуі мен өркендеуі әйгілі сауда жолының тарихымен тығыз байланысты. Ежелгі Тараз Еуразия тарихында ең маңызды халықаралық сауда, қолөнер, ғылым және мәдениет орталықтарының бірі ретінде баға жетпес рөл атқарды. Қала туралы алғашқы ақпарат қытай дерек көздері бойынша біздің заманға дейінгі I ғасырды қамтиды және Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің бірі болып есептеледі. Қаңлы бірлестігінің саяси тарихымен байланысты. Тараз туралы ортағасырлық көптеген географтар, тарихшылар мен саяхатшылар жазды. Қала түргештердің, қарлұқтардың және қарахандардың кезінде ірі әкімшілік орталығы және олардың астанасы болған. Ұлы Жібек жолы бойында орталықтардың бірі болып, оның өсуі мен өркендеуі, бай сауда және мәдени дәстүрлері әйгілі сауда жолымен тығыз байланысты. Тараз өзіне тек саудагерлерді тартып қоймай, мұнда әртүрлі ұлттар мен өркениеттердің рухани мәдениеті де қарқынды дамыды.

Жібек жолы бойындағы тауар-ақша айналымы белді демеуші болды. Ел мен жердің бел ортасында көшпенділік пен жаугершілік, сауда-саттық пен егіншілік, қол өнері мен құрылыс-сәулет өнері, байланыс пен басқару, діни рәсім мен көршілерді сыйлау салттары қалтқысыз сақталды. Қолайлы осы өңір мен дәуірде түрлі өркениет негізі зор нәр алды, құрал-саймандар

жасалды, адамдардың іс-әрекет өлшемі мен аумағы шаруашылықта, мәдениетте, саясатта астасып жатты. Ел мен ел, құрлық пен құрлық жақындасар жаһаннамалық кезеңде Тараз қамал мен қорғаныс, дiңгек пен демеулік қызметті тең ұстаған ордаға, ортаға айналды. Осы уақыттан бастап оның атағы кең жайыла бастайды.

X ғасырда өмір сүрген географ әл-Макдиси былай деп жазған: «Тараз бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабады бар үлкен бекітілген қала. Медина қақпасының түбінде үлкен өзен аққан, оның арғы жағында қаланың бір бөлігі жатыр, үстінде өткелі бар».

Қазіргі кезде Тараз қалдықтарының үстіне басқа үйлер салынып, оның бұрынғы көрінісін тек XIX ғ. 30-жылдарының басындағы мағлұматтар бойынша елестетуге болады.

XX ғасырдың бас кезінде ұзын дуалдар төңірегінде отыздан астам төмпешіктер-қорғандар, қоныстар, некропольдер қалдығы бар еді. Қазіргі кезде олардың бәрі тегістеліп, үйлер салынған. 1867 ж. қалашықты П. И. Лерх зерттеді. 1893–1894 жылдары Талас даласындағы ескерткіштермен бірге Әулиеата аумағындағы қалалар ескі орнын В. В. Бартольд қарап шықты. Алғаш рет қазба жұмысы 1927 ж. (М. Е. Массон) жүргізілді. 1938 ж. қалашық шахристанымен қамалына КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі экспедициялары (А. Н. Бернштам) алты жерден қазу жүргізді. 1940 ж. қазуды Жамбыл археологиялық пункті (Г. И. Пацевич), 1958 ж. Қазақ КСР-нің АЭҒЗИ-нің Тараз археологиялық экспедициясы (Т. Н. Сенигова) жүргізді. 1960–1965 жж. Қазақ КСР ғылым академиясының АЭҒЗИ (Е. И. Агеева, Т. Н. Сенигова, М. С. Мерциев) орта азиялық экспедициясы қайта қазу жұмыстарын жүргізді, 1983–1985 жж. Қазақ КСР ғылым академиясының Тараз археологиялық экспедициясы, одан кейін Қазақ КСР-нің тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы археологиялық экспедициясы жалғастырды. Ескерткіштердің түгелдей жойылғанына қарамастан көп жылғы археологиялық жұмыстардың, сондай-ақ қазіргі қала аумағына құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде табылған заттар нәтижесінде көне және орта ғасырдағы Тараз өмірінің әртүрлі кезеңдерін сипаттайтын елеулі материалдар жинақталды. Қазба жұмыстары орта ғасырдағы Тараздың қамалдан, шахристаннан, рабаттан (қорған) және аумақтардан тұрғанын айғақтайды.

Шахристанның шығыс бұрышы жағынан қазылған 200 шаршы м. алаңнан монша қалдықтары табылды. Жобасында ғимарат шаршы формалы, сыртқы қабырғасының қалыңдығы 1 м. Барлығы 7 (жеті) бөлмеден тұрады. 1-бөлменің қабырғаларында қызғылт бетке салынған таңбалар және қатарластыра қара түспен сыза жүргізілген сегіз бұрышты сары жұлдыздар сақталыпты. Еден сары, қызыл түсті, тегіс тастармен төселген. Биіктігі 0,4 м., ені 0,28 м. орындық бөліктері сақталған. 2-бөлмеде кірпіш ванналар мен кір жуғыш болған. Ванна батыс қабырғаға жақын еденде тұрған. Оның іші мен сырты цемент сылақпен қапталған. Бөлменің оңтүстік қабырғасы қызғылт түспен сырланған. Қабырғаның жоғарғы жағы екі бөлікке бөлінген. Шығыс

жақ қабырғасы шахмат тәртібімен орналастырылған сары түсті жұлдыздармен әшекейленген. Көрші 4-бөлменің қабырғаларында өрнектер жоқ. 5-бөлме нашар сақталған. 6-бөлменің қабырғалары жақсы сақталған. Қабырға бойына орындықтар қойылған. Батыс қабырғасы сегіз қырлы өрнектермен жабылған, қара түспен контур жүргізілген, алты қырлы өрнектер сары және қызыл түспен боялған, ал оңтүстігіне жапырақшалы өрнектер жүргізілген. Ең үлкені 7-бөлме. Сары және қызыл түсті тегіс плиталы еден жақсы сақталған. Қабырғаларына қуыстар жасалған. Монша бөлмесі құлаған төбесіне қарағанда күмбезбен жабылған сияқты. Моншаға су арнайы орыннан қазылған құдықтан келеді. Бөлмелер монша едені астынан салынған ыстық өткізгіш каналдар көмегімен жылытылған Тараз моншасының салыну техникасы, қабырғаларының өрнектері мен безендірілуі сондай-ақ XI ғ. мерзімімен белгіленген бұхар темір ақшаларының табылуы моншаның XI–XII ғғ. қаланың экономикалық гүлденуі кезеңінде болғанын дәлелдейді.

Қазба жұмыстары барысында үй-жайлар және қорғаныс қабырғасы ішінен бір-біріне жапсыра салу принципіне негізделген құрылыс-салымдар ашылған. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасының ортасында биіктігі 0,4 м. пеш салынған. Жағатын ауызы солтүстік жағында орналасқан. Іші толы ақшыл-қызғылт күл. Ошақтың алдында өлшемдері 1x0,9 тікбұрыш формалы, еденнен 8 см. тереңделген жазықтық орналасқан. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасында, ошақтан оңға қарай, еден деңгейінен 2 (екі) қуыс жасалып шығарылған. Олардың биіктігі 20 см., ені 15 см., тереңдігі 15 см. Бөлменің едені тегіс емес, еденнің бетін күйіп кеткен қамыс пен ағаштың қалыңдығы 3 см. қабат басып қалған.

Ошақтың оңтүстік-батыс маңайындағы еденде қыш құмыра табылған. Құмыра кең ауызды, тұтқалары бар, өсімдік тәріздес өрнекпен әшекейленген. Қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған материалдардың көпшілігі – қыш. Қолдану қажетіне қарай оны ас ішетін, ас пісіретін және зат салатын деп бөлуге болады. Қазан – көп кездесетін ыдыстың түрі. Бұл топқа үнемі отқа қойылатын ыдыстар біріктірілген. Олардың формасы үлгі бойынша, шар тәріздес, тұлғасы жалпайтылған, дөңгеленген, кей-кезде түбі қатты жуандалған. Ернеулері тіп-тік немесе сыртқа қарай қайырылған, тұтқалары құйылып жасалған немесе ілгек тәріздес.

Құмыралар күзеші дөңгелегінде соғып жасалған. Корпус өлшемдері, мойындарының формасы, өрнектер бойынша олардың екі түрі ерекшеленеді. Бірінші түрі – бір тұтқалы, жіңішке мойынды, созыңқы науа тәріздес шүмекті және жұмыртқа тәріздес тұлғалы. Ыдыстың мойындары мен иықтары көбінесе өсімдік тәріздес безендірілген.

Кейбір ыдыстардың суреттемесіне тоқталайық. Үлкен соғып жасалған құмған, биіктігі 48 см. жақын, мойнының ұзындығы 18 см. түп диаметрі 14 см. Қою балшықтан жасалған, түсі қызыл-қоңыр. Тұтқаларында жапсырма түйіншіктері бар, мойнында бірнеше сызықтар, екіден біріккен жеке

сызықтар және үшеуден біріккен нүктелерден құрастырылып жасалған сопақ фигуралардың жинағы орналасқан.

Екінші түріне жұмыртқа тәріздес тұлғалы, жіңішке мойынды, бірақ құйылатын шүмегі жоқ ыдыстар жатады. Олардың көлемі ықшамды, биіктігі 30 см. Олар жақсы иілген қызғылт сазқамырдан жасалған.

Темірден және мыстан жасалған жәдігерлер: темір тоғалар, шегелер, тұтқалар, садақ ұштары.

Жауһар жәдігерлердің нәтижесінде көне қаламыз Тараздың осыдан екі мың жыл бұрынғы мәдениетіміздің ірі ошақтарының бірі болғаны дәлелденді. 1940 жылдарға дейінгі зерттеулердің нәтижесі бойынша қала VI–VII ғғ. жатады деп есептелсе, соғыстан кейінгі және соңғы зерттеулердің қорытындысы негізінде біздің заманымыздың I ғасырларына жататыны анықталды. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бұрын да Ұлы Даланың көшпенді мәдениетін ғана дамытып қоймай, қала мәдениетін де әлемдік өркениеттің қатарынан қалдырмай, солармен қатар дамытқан өркениетінің жемісі екені шындық. Осылайша, көненің көзі болып, көкірегі ояу ұрпағына жеткен Тараздың асты сырлы тарихқа тұнып тұр. Әлі де қазба жұмыстарын жүргізетін қаншама жерлер бар. Тарихымыздың терең қойнауына үңілетін болсақ, қасиетті Тараз өңірі тағы да өзінің қатпар-қатпар қойнауынан бізге белгісіз талай тарихтың сырын ашары ақиқат.

МАЗМҰНЫ

<i>АЛҒЫ СӨЗ</i>	3
<i>ГУНДОГДУ А. ТАРАЗДАН АНАДОЛЫҒА ТАСЫЛҒАН ӨРКЕНИЕТ ІЗДЕРІ</i>	4
<i>СМАЙЛОВ Ж. Е РАЗМЫШЛЕНИЯ ОБ ИСТОРИИ ТАЛАССКОЙ ДОЛИНЫ</i>	9
<i>АБДУАЛЫ А. Б. X–XX ҒАСЫРДАҒЫ ТАРАЗ ОЙШЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ</i>	24
<i>СЕЙТКУЛОВА Ж. М. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗДЫҢ ҚОЛӨНЕР ТАРИХЫ</i>	29
<i>ХУШВАКОВ Н. О. АНТИЧНЫЕ ТЕАТРАЛЬНЫЕ МАСКИ ИЗ НАХШАБА</i>	34
<i>ҚАРТАЕВА Т. Е., ОРЫНБАСАР Б. ӘУЛИЕАТА ҚАЗАҚТАРЫ АЛҒАШҚЫ ФОТОДЕРЕКТЕРДЕ</i>	37
<i>ТОҚБОЛАТ С. Т. ӘУЛИЕАТА ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЭКСПАНСИЯСЫ: ЧЕРНЯЕВ ЖОРЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ СТРАТЕГИЯСЫ</i>	47
<i>АҚЫЛБЕК С. Ш. ИССЛЕДОВАНИЯ В ГОРОДИЩЕ КУЛАН</i>	58
<i>ТАЛЕЕВ Д. Ә. ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕ</i>	64
<i>ҚАЛИЕВ С. Қ. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</i>	68
<i>ТОРБЕКОВ И. С. АРХИТЕКТУРА ДРЕВНЕГО ТАРАЗА В ЭПОХУ ДИНАСТИИ КАРАХАНИДОВ</i>	73
<i>ШАРТАҚОВ Қ. О. ТАРАЗ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ: ТАРИХИ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР</i>	77
<i>ЖОЛАНОВ Е. Е. TOURISM POTENTIAL OF THE ZHAMBYL REGION</i>	80

ТАШБАЕВ Ж. К. ОРДАБАСЫ ТАУЫНДАҒЫ ОБАЛЫ ҚОРЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	86
ШАИЗХАН Ұ. Ш. ТАРАЗ – ТАРИХТЫҢ ТЕРЕҢ ҚОЙНАУЫНАН СЫР ШЕРТЕТІН КӨНЕ ШАҒАР.....	92
ИБАДИЛЬДАЕВА М. М. ЕЖЕЛГІ ТАРАЗ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	97